

## **ТАРИФТЕР ЖӘНЕ САУДА ЖӨНІНДЕГІ БАС КЕЛІСІМ (ГАТТ 1947)**

Келісім.

**ЗҚАИ ескертпесі!**

Келісім Қазақстан Республикасы 12.10.2015 ж. № 356 "1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Заңының қабылдануына байланысты орналастырылды.

Осы Қосымша күшіне енгеннен кейін қолданылатын барлық өзгерістермен Бас келісімнің толық мәтінін қамтиды. Оқырманның қолайлылығы үшін Келісімге I қосымшадағы ескертулермен және қосымша ережелермен бірге оқылуы тиіс мәтіннің бір бөлігі жұлдызшалармен белгіленген.

## **ТАРИФТЕР ЖӘНЕ САУДА ЖӨНІНДЕГІ БАС КЕЛІСІМ**

Австралия Федерациясы, Бельгия Корольдігі, Бразилия, Бирма, Канада, Цейлон Құрама Штаттары, Чили Республикасы, Қытай Республикасы, Куба Республикасы, Чехословакия Республикасы, Француз Республикасы, Үндістан, Ливан, Люксембург Ұлы Герцогтығы, Нидерланды Корольдігі, Жаңа Зеландия, Норвегия Корольдігі, Пәкістан, Оңтүстік Родезия, Сирия, Оңтүстік Африка Одағы, Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі және Америка Құрама Штаттарының үкіметтері:

Сауда және экономикалық қызмет саласындағы олардың өзара қарым-қатынастары өмірлік деңгейді арттыру, толық жұмыспен қамтуды және нақты кіріс пен тиімді сұраныстың елеулі әрі үздіксіз ұлғаюын қамтамасыз ету, әлемдік ресурстардың толық пайдаланылуын қамтамасыз ету және тауарлар өндіру мен алмастыруды кеңейту мақсатында жүзеге асырылуға тиіс екендігін мойындай отырып,

Осы мақсаттарға саудадағы тарифтер мен басқа да тосқауылдардың айтарлықтай төмендеуіне және халықаралық саудадағы кемсітушілік режимді жоюға бағытталған өзара және бір-біріне тиімді уағдаластықтарды жасау жолымен жәрдемдесуге тілек білдіре отырып,

Төмендегілер туралы өздерінің өкілдері арқылы уағдаласты:

### **I БӨЛІМ**

#### **I-БАП**

**Барынша қолайлылық жасалатын ұлттың жалпы режимі**

1. Әкелуге және әкетуге немесе оларға байланысты салынатын немесе импорт не экспорт үшін төлемдердің халықаралық аударымдарына салынатын кеден бажы мен әр түрлі алымдарға қатысты және осындай кеден баждары мен алымдарды алу әдісіне қатысты және әкелу мен әкетуге байланысты барлық қағидалар мен нысандылыққа қатысты және III\* баптың 2 және 4-тармақтарында көрсетілген барлық мәселелерге қатысты сол елден шығатын, немесе кез келген басқа елге жіберілетін кез келген тауарға берілетін кез келген басымдық, қолайлылық, артықшылық немесе иммунитет сол елден шығатын, немесе барлық басқа да уағдаласушы тараптардың аумағына арналған ұқсас тауарға дереу және міндетті түрде берілуі тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері осы баптың 4-тармағында көзделген және мынадай сипаттамаға сай келетін деңгейлерден аспайтын импорттық баждар немесе алымдарға қатысты қандай да бір артықшылықтарды жоюды талап етпейді:

(a) онда баяндалған талаптарды сақтай отырып, А қосымшасында санамаланған екі немесе одан да көп аумақтар арасында ғана күшінде тұрған артықшылықтар;

(b) ол 1939 жылғы 1 шілдеде жалпы егемендік немесе протекторат немесе сюзеренитет қатынастарымен байланысты болды және оларда баяндалған талаптарды сақтай отырып, В, С және D қосымшаларында берілген екі немесе одан да көп аумақтар арасында ғана күшінде тұрған артықшылықтарды;

(c) Америка Құрама Штаттары және Куба Республикасының арасында ғана күшінде тұрған артықшылықтар;

(d) Е және F қосымшаларында берілген көршілес елдер арасында ғана күшінде тұрған артықшылықтар.

3. 1-тармақтың ережелері мұндай артықшылықтар XXV бабының 5<sup>1</sup>-тармағында мақұлданған жағдайда 1923 жылғы 24 шілдеде одан бөлінген және Оттоман империясының құрамына бұрын кірген елдердің арасында қолданылған артықшылықтарға қолданылмайды, ол осыған қатысты XXIX бабының 1-тармағы аясында қолданылады.

4. кез келген тауарға преференциялық айырмашылық\*, осы Келісімге қоса берілген тиісті Тізбедегі ең жоғарғы преференциалық айырмашылық ретінде айрықша бөлінбеген осы баптың 2-тармағының күшімен рұқсат етілген артықшылыққа қатысты мыналардан аспауы тиіс:

(a) осындай Тізбеге енгізілген кез келген тауарға арналған баждар немесе алымдарға, осындай Тізбеде көрсетілген барынша қолайлы ставка және преференциалық ставка арасындағы айырмашылыққа қатысты; ешқандай преференциялық ставка көзделмеген жағдайда, осы тармақтың мақсаттары үшін 1947 жылғы 10 сәуірде болған преференциялық ставка қолданылады және ең көп

қолайлылық ставкасы көзделмеген жағдайда, онда айырмашылық 1947 жылы 10 сәуірде қолданылған ең көп қолайлылық ставкасы мен преференциялық ставка арасындағы айырмашылықтан аспауы тиіс;

(b) тиісті Тізбеде аталмаған кез келген тауарға арналған баждар немесе алымдарға қатысты, 1947 жылы 10 сәуірде қолданылған ең көп қолайлылық ставкасы мен преференциялық ставка арасындағы айырмашылық.

G қосымшасында көрсетілген уағдаласушы тараптарға келетін болсақ, онда осы тармақтың (a) мен (b) тармақшаларында аталған 1947 жылғы 10 сәуір күні осы Қосымшада көрсетілген тиісті күндермен ауыстырылуы тиіс.

<sup>1</sup>Түпнұсқалық мәтінде “5(a) тармағы” туралы қате айтылады.

## **II-БАП Жол берулер тізбесі**

1a) Әрбір уағдаласушы тарап басқа уағдаласушы тараптың саудасына осы Келісімге қоса берілген тиісті Тізбенің тиісті бөлігінде қарастырылғаннан кем емес қолайлы режимді ұсынады.

(b) Тізбеге жатқызылатын аумаққа әкелген кезде және осы Тізбеде көрсетілген талаптарды немесе ескертулерді сақтаған жағдайда басқа уағдаласушы тараптар аумақтарының тауарлары болып табылатын кез келген уағдаласушы тарапқа жатқызылатын Тізбенің I бөлімінде көрсетілген тауарлар онда белгіленген және көзделген баждардан асып түсетін жай кеден баждарынан босатылады. Мұндай тауарлар да әкелуге белгіленген немесе осы Келісімнің күнінде белгіленгендерден немесе кейіннен импорттаушы аумақта осы күнге қолданылатын заңнаманың күшімен тікелей және міндетті тәртіппен салынатындардан асып кетуімен әкетуге байланысты кез келген түрдегі барлық басқа баждардан немесе алымдардан босатылады.

(c) кез келген уағдаласушы тарапқа жатқызылатын Тізбенің II бөлімінде көрсетілген және I бапқа сәйкес аумақтар тауарлары болып табылатын тауарлардың Тізбеге жатқызылған аумаққа әкелген кезде артықшылық режимін пайдалануға құқығы бар, осындай аумаққа әкелген сәтте және осы Тізбеде санамаланған талаптар мен ескертулерді сақтаған жағдайда осы Тізбенің II бөлімінде көрсетілген және көзделген баждардан асып түсетін жай кеден баждарынан босатылады. Мұндай тауарлар осы Келісімнің күніне немесе импорттаушы аумақта заңнаманың кейіннен осы күні күші қолданылатын тікелей немесе міндетті тәртіппен салынатындарға белгіленген сол баждарды немесе алымдарды арттыруға белгіленген немесе байланысты әртүрлі түрдегі барлық басқа баждардан немесе алымдардан да босатылады. Осы бапта ешбірі кез келген уағдаласушы тараптың қандай тауарлар баждардың артықшылықты ставкалары бойынша әкелінетіндігіне қатысты осы Келісім күнінде қолданылатын өз талаптарын сақтауға кедергі келтірмейді.

2. Осы бапта ештеңе де кез келген уағдаласушы тарапқа кез келген тауарды әкелуге кез келген уақытта салуға кедергі келтірмейді:

(а) ұқсас отандық тауарға немесе импортталатын тауар толығымен немесе ішінара дайындалған немесе шығарылған тауарға III\* бабы 2-тармағының ережелеріне сәйкес салынатын ішкі балама салықтың алымдары;

(б) VI\* баптың ережелеріне сәйкес қолданылатын кез келген демпингке қарсы немесе өтемақылық баж;

(с) көрсетілген қызметтердің құнына мөлшерлес алымдар.

3. Уағдаласушы тараптың бірде-бірі осы Келісімге қоса берілген тиісті Тізбеде көзделген кез келген жол беру құндылығын төмендететіндей етіп бажды салу немесе валюталарды айырбастау мақсатында құнды белгілеудің өз әдісін өзгертпейді.

4. Егер кез келген уағдаласушы тарап осы Келісімге қоса берілген тиісті Тізбеде көрсетілген кез келген тауарды әкелуге нысанды немесе іс жүзінде монополияны белгілесе, сақтаса немесе рұқсат етсе, осы Тізбеде көзделген немесе жол берулер бойынша бастапқы келіссөздерді жүргізген тараптар арасында басқаша келісілген жағдайларды қоспағанда, мұндай монополия осы Тізбеде көзделген қорғаудың орташа жоғарылаған көлемін қорғауды көрсететіндей етіп қолданылмайды. Осы тармақтың ережелері уағдаласушы тараптардың осы Келісімнің\* басқа ережелерінде рұқсат етілетін отандық өндірушілерге кез келген көмек түрлерін пайдалануды шектемейді.

5. Егер қандай да бір уағдаласушы тарап басқа уағдаласушы тараптан тауардың бірінші уағдаласушы тараптың пікірі бойынша осы Келісімге қоса берілген тиісті Тізбеде көзделген жол берумен айқындалған режимін алмайды деп санаса, ол бұған басқа уағдаласушы тараптың тікелей назарын аударады. Егер соңғысы белгіленген режимнің бірінші уағдаласушы тарап талап ететінге сәйкес келетіндігімен келіссе, алайда осындай режим соттың немесе басқа тиісті биліктің қаулысын жасағандықтан ұсынылмауы мүмкін, бұл тауар осы уағдаласушы тараптың тарифтік заңнамасы бойынша жіктелмеуі мүмкін, осылайша, оған осы Келісімде айқындалған режимді қолдану үшін, онда уағдаласушы тараптың екеуі де, кез келген басқа елеулі мүдделі уағдаласушы тараптармен бірлесіп өтемдік түзетулерді әзірлеу мақсатында одан әрі келіссөздерге тез түседі.

6. (а) Халықаралық валюталық қордың мүшелері болып табылатын уағдаласушы тараптарға жатқызылатын Тізбеге енгізілген өзіндік баждар мен алымдар және осындай уағдаласушы тараптармен сақталатын өзіндік баждар мен алымдардағы артықшылықты айырмашылықтар тиісті валютада және Келісім күнінде Қор қабылдаған немесе алдын ала таныған басымдық болған кезде көрсетіледі. Тиісінше, егер қабылданған басымдық Халықаралық валюталық қор туралы келісімнің баптарына сәйкес 20%-ға артық төмендетілген жағдайда, осындай өзіндік баждар мен алымдар және артықшылықты айырмашылықтар төмендетуді ескеру үшін өзгертілуі мүмкін; УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР (яғни XXV бапта көзделгендей, бірігіп қолданылатын уағдаласушы

тараптар) мына жағдайда өзгертудің осындай түрі тиісті Тізбеде немесе Келісімнің қандай да болмасын басқа бір бөлігінде көзделген жол беру құндылығын қысқартпайтындығымен келіседі, сөйтіп, осындай өзгерістердің қажеттілігіне немесе мерзімділігіне әсер етуі мүмкін барлық факторларға тиісті көңіл бөлінеді.

(b) Ұқсас ережелер осындай уағдаласушы тарап Қордың мүшесі болып табылатын немесе XV бапқа сәйкес арнайы валюталық келісім жасасқан күннен бастап Қордың мүшесі болып табылмайтын кез келген уағдаласушы тарапқа қолданылады.

7. Осы Келісімге қоса берілген тізбелер осы Келісімнің I бөлімінің ажырамас бөлігін құрайды.

## **II БӨЛІМ**

### **III\* -БАП Ішкі салық салу мен реттеудің ұлттық режимі**

1. Уағдаласушы тараптар ішкі салықтар мен басқа да ішкі алымдар, ішкі сатуды қозғайтын заңдар, қағидалар және талаптар, тауарларды сату, сатып алу, тасымалдау, бөлу немесе пайдалану туралы ұсыныс, белгілі бір мөлшерде немесе үлестерде тауарлардың араласуын, қайта өңдеу немесе пайдаланылуын талап ететін сандық реттеудің ішкі қағидалары отандық өндіріс\* үшін қорғаныс құратындай етіп импортталған немесе отандық тауарларға қолданбайды деп таниды.

2. Кез келген уағдаласушы тараптың аумағынан басқа уағдаласушы тараптың аумағына әкелінетін тауарлар ұқсас отандық тауарларға қолданылатын тікелей немесе жанама салықтар мен алымдардан асып түсетін кез келген түрдегі тікелей немесе жанама ішкі салықтармен немесе өзге ішкі алымдармен салынбайды. Оның үстіне, уағдаласушы тараптардың бірде-бірі бұл 1\* тармақта айтылған қағидаттарға қайшы келетіндей етіп импортталған немесе отандық тауарларға өзгеше түрде ішкі салықтар немесе басқа да ішкі алымдарды қолданбайды.

3. 2-тармақтың ережелерімен сәйкес келмейтін қолданыстағы кез келген ішкі салыққа қатысты, бірақ 1947 жылғы 10 сәуірде күшінде тұрған сауда келісімімен арнайы рұқсат етілген, тауарға салынатын импорттық баж жоғарылатуға қарсы байланысты, осындай салықты белгілейтін уағдаласушы тарап салықтың қорғау бөлігін жойғанына өтемақы үшін қажетті деңгейге дейін осындай бажды арттыруға рұқсат алу мақсатында осындай сауда келісімі бойынша міндеттемелерден босату мүмкін болғанда, сол сәтке дейін осындай салыққа қатысты 2-тармақтың ережелерін қолдануды кейінге қалдыруы мүмкін.

4. Кез келген уағдаласушы тараптың аумағынан басқа уағдаласушы тараптың аумағына әкелінетін тауарларға олардың ішкі сатуын қозғайтын барлық заңдар, қағидалар мен талаптарға, сату, сатып алу, тасымалдау, бөлу немесе пайдалану ұсынысына қатысты отандық шыққан жері ұқсас тауарға берілетінге қарағанда, қолайлылығы аз режим беріледі. Осы тармақтың ережелері тауардың ұлттық шыққан

жеріне емес, көлік құралдарының экономикалық көрсеткіштеріне айрықша негізделген тасымалдау үшін сараланған ішкі алымдарды қолдануға кедергі келтірмейді.

5. Уағдаласушы тараптардың бірде-бірі отандық көздерден жеткізілуге тиіс реттеудің мәні болып табылатын кез келген тауардың кез келген мөлшері мен үлесі үшін тікелей немесе жанама түрде талап етілетін тауарлардың белгіленген мөлшерде немесе пропорцияда араласуға, қайта өңдеуге немесе пайдалануға қатысты қандай да бір сандық реттеуін белгілемейді және сақтамайды. Оның үстіне, уағдаласушы тараптардың бірде-бірі бұл 1\* тармақта айтылған қағидаттарға қайшы болып шығатындай етіп қандай да болмасын өзгеше түрде ішкі сандық реттеуді қолданбайды.

6. 5-тармақтың ережелері осы уағдаласушы тараптың таңдауы бойынша 1939 жылғы 1 шілдеде, 1947 жылғы 10 сәуірде немесе 1948 жылғы 24 наурызда кез келген уағдаласушы тараптың аумағында күшінде тұрған кез келген ішкі сандық реттеуге қолданылмайды; *бұл жағдайда*, 5-тармақтың ережелеріне қайшы келетін кез келген осындай реттеу импорт үшін зиянға өзгертілмейді және келіссөздер мақсаттары үшін кедендік баж ретінде қарастырылады.

7. Тауарларды белгілі бір мөлшерлерде немесе үлестерде араластыру, қайта өңдеу немесе пайдалануға қатысты ешқандай ішкі сандық реттеу кез келген осындай сан немесе үлес жеткізудің сыртқы көздері арасында бөлінетіндей етіп қолданылмайды.

8. (a) Осы баптың ережелері коммерциялық қайта сату үшін немесе тауарларды коммерциялық сату мақсатында өндірісте пайдалану үшін емес, үкіметтік мақсаттар үшін сатып алынатын тауарларды үкіметтік мекемелердің сатып алуын реттейтін заңдарға, қағидаларға немесе талаптарға қолданылмайды.

(b) Осы баптың ережелері тек отандық өндірушілерге субсидиялар, оның ішінде осы баптың ережелеріне сәйкес қолданылатын ішкі салықтардан немесе алымдардан түсетін түсімдер есебінен отандық өндірушілерге субсидияларды және отандық тауарлардың үкіметтік сатып алу нысанындағы субсидияларды төлеуге кедергі келтірмейді.

9. Уағдаласушы тараптар, ең болмағанда осы баптың басқа ережелеріне сәйкес тұрған ең жоғарғы бағаларды бақылау жөніндегі ішкі іс-шаралар өзінің нәтижесінде импортталатын тауарларды жеткізетін уағдаласушы тараптардың мүдделеріне қысым жасайтын әсерде болуы мүмкін деп таниды. Тиісінше, осындай шараларды қолданатын уағдаласушы тараптар мүдделерге осылай қысым жасаудың неғұрлым толық, іс жүзінде расталған дәрежесін болдырмау үшін экспорттаушы уағдаласушы тараптардың мүдделерін назарға алады.

10. Осы баптың ережелері кез келген уағдаласушы тарапқа экспонатталған кинофильмдерге қатысты және IV баптың талаптарына жауап беретін ішкі сандық реттеуді белгілеуге немесе сақтауға кедергі келтірмейді.

#### **IV-БАП**

## *Кинофильмдерге жатқызылатын айрықша ережелер*

Егер кез келген уағдаласушы тарап ішкі экспонирленген кинофильмдерге жатқызылған ішкі сандық реттеуді белгілесе немесе сақтаса, мұндай реттеудің мынадай талаптарға сәйкес келетін экрандық квоталар сипаттамасы болады:

(а) экрандық квоталар кез келген шығарылған жері бар барлық фильмдерді коммерциялық көрсету үшін кемінде бір жылға белгіленген мерзім ішінде экрандық уақыттың барлық іс жүзінде пайдаланылатын көлемі белгіленген ең төменгі үлестің ішінде отандық шығарылған жері бар кинофильмдерді көрсетуді талап етуі мүмкін және бір жылдағы кинотеатрға экрандық уақыт негізінде немесе басқа баламалы түрде есептелуі тиіс;

(b) экрандық квотаға сәйкес отандық шығарылған жерлері бар фильмдер үшін резервтелетін экрандық уақытты қоспағанда, отандық шығарылған жері бар фильмдер үшін резервтелген экрандық уақыттан әкімшілік өкіммен босатылған уақытты қоса алғанда, экрандық уақыт жеткізілім көздері арасында нысанды немесе іс жүзіндегі түрінде бөлінбейді;

(с) осы баптың (b) тармақшасының ережесіне қарамастан, кез келген уағдаласушы тарап осы баптың (а) тармағының талаптарына сәйкес келетін экрандық квоталарды сақтай алады, ол осындай экрандық квоталарды белгілейтін уағдаласушы тараптың фильмдерінен басқа белгілі бір жерде шығарылған фильмдер үшін экрандық уақыттың ең төменгі үлесіне резерв жасайды; *мына жағдайда*, экрандық уақыттың осындай ең төменгі үлесі 1947 жылы 10 сәуірде қолданылған деңгейден аспауы тиіс;

(d) демонстрациялық квоталар оларды шектеу, ырықтандыру немесе күшін жою бойынша келіссөздердің мәні болып табылады.

## **V-БАП**

### *Транзит бостандығы*

1. Тауарлар (багажды қоса алғанда), сондай-ақ кемелер мен басқа да көлік құралдары жүктің қозғалысы жасалатын аумақ арқылы уағдаласушы тараптың шекарасынан тыс басталатын және аяқталатын толық бағдардың бір бөлігі ғана болып табылатын көлік түрінің жүк тиеу, қоймалау, партияларды бөлшектеу немесе ауыстырулары болған немесе болмаған кезде осындай аумақ арқылы тасығанда уағдаласушы тараптың аумағы арқылы транзитте тұрған деп есептеледі. Осындай сипаттағы қозғалыс осы бапта "транзиттік тасымалдау" ретінде айқындалады.

2. Басқа уағдаласушы тараптардың аумақтарына немесе аумақтарынан транзиттік тасымалдау үшін халықаралық транзитке барынша қолайлы бағыттар бойынша әр уағдаласушы тараптың аумағы арқылы транзит бостандығы белгіленеді. Кемелер жалауында, шығарылған жерінде, жөнелту, кіру, шығу немесе тағайындау немесе тауарлар, кемелер немесе басқа көлік құралдарының меншігіне жатқызылған қандай да болмасын мән-жайларға негізделген ешқандай айырмашылықтар жасалмайды.

3. Кез келген уағдаласушы тарап оның аумағы арқылы транзиттік тасымалдау кеден заңдары мен қағидаларында қолданылатын сәйкессіздік жағдайларын қоспағанда, тиісті кіру кедені арқылы жасалуын талап етуі мүмкін, басқа уағдаласушы тараптардың аумағынан жүретін немесе олардың аумағына келетін осындай тасымалдаулар қандай да болмасын артық кідіртулерге немесе шектеулерге ұшырамайды және тасымалдағаны үшін алымдарды және транзит немесе көрсетілетін қызметтер құнымен шақырылатын әкімшілік шығыстарға тең алымдарды қоспағанда, транзитке қатысты белгіленген кедендік баждардан және барлық транзиттік немесе өзге алымдардан босатылады.

4. Басқа уағдаласушы тараптардың аумақтарына немесе аумақтарынан транзиттік тасымалдау үшін уағдаласушы тараптар белгілеген барлық алымдар мен қағидалар тасымалдау шарттарын ескере отырып, ақылға қонымды болуға тиіс.

5. Транзитке байланысты барлық алымдар, қағидалар мен нысандылықтарға қатысты әрбір уағдаласушы тарап кез келген басқа уағдаласушы тараптың аумағына немесе аумағынан жүретін транзиттік тасымалдауға кез келген үшінші елге немесе одан\* транзиттік тасымалдауға ұсынылған режимнен кем емес қолайлы режим ұсынады.

6. Әрбір уағдаласушы тарап егер олар осындай басқа уағдаласушы тараптың аумағы арқылы өтпей, шығарылған жерінен мақсатты жеріне тасымалданса, осындай тауарларға ұсынылатын режимге қарағанда, қолайлыдан кем емес режим кез келген басқа уағдаласушы тараптың аумағы арқылы транзитте тұрған тауарларға ұсынады. Алайда, кез келген уағдаласушы тарап баждардың преференциялық ставкалары бойынша тауарларды әкелуге құқық алудың міндетті шарты болып табылатын немесе баждарды өндіріп алу мақсаты үшін уағдаласушы тарап белгілеген бағалау әдісіне қатысы бар осындай тікелей жүк түсіру үшін кез келген тауарларға қатысты осы Келісімнің күніне қолданылатын тікелей жүк түсіру туралы өз талаптарын күшінде сақтай алады.

7. Осы баптың ережелері ұшақтардың транзитті қозғалысына қолданылмайды, алайда тауарлардың (багажды қоса алғанда) әуе транзитіне қолданылады.

## **VI-БАП**

### *Демпингке қарсы және өтемақылық баждар*

1. Уағдаласушы тараптар бір елдің тауарлары екінші елдің нарығына тауарлардың қалыпты құнынан төмен баға бойынша түскен кезде, демпингті егер ол уағдаласушы тараптың аумағында құрылған өнеркәсіпке материалдық зиян келтірсе немесе зиян келтіру қаупін тудырса, немесе отандық өнеркәсіпті құруды материалдық тежесе, талқылауға жатқызылуы тиіс деп таниды. Осы баптың мақсаттары үшін тауар егер бір елден басқа елге экспортталатын тауардың бағасы оның қалыпты құнынан төмен баға арқылы импорттаушы елдің нарығына түсті деп саналады:

(a) ол экспорттаушы елде тұтынуға арналғанда, ұқсас тауарға кәдімгі сауда барысындағы салыстырмалы бағадан төмен, немесе

(b) мыналардан төмен, осындай ішкі баға болмаған кезде:

(i) кәдімгі сауда барысында кез келген үшінші елге экспорттауға арналған ұқсас тауарға ең жоғары салыстырмалы баға, не

(ii) сату бойынша шығыстар мен пайдалардың ақылға қонымды мөлшерін қоса отырып, шығарған елдегі тауарды шығару құны.

Әрбір жағдайда салық салудағы айырмашылықтарды және бағаларды\* салыстыруға ықпал ететін басқа айырмашылықтарға, сату жағдайларындағы айырмашылықтарға қажетті түзету жасайды.

2. Демпингті жою немесе алдын алу мақсатында уағдаласушы тарап осы тауар үшін демпингтік маржадан аспайтын мөлшерде демпинг мәні болып табылатын тауардан демпингке қарсы бажды өндіріп алуы мүмкін. Осы баптың мақсаттары үшін демпингтік маржа деп 1\* тармағының ережелеріне сәйкес айқындалатын бағалардағы айырмашылық түсіндіріледі.

3. Кез келген уағдаласушы тараптың аумағынан басқа уағдаласушы тараптың аумағына әкелінетін кез келген тауарға белгілі бір тауарды тасымалдауға арналған кез келген арнайы субсидияны қоса алғанда, осындай тауарды шығаратын немесе әкететін еліне дайындауға, өндіруге немесе экспорттауға тікелей немесе жанама түрде беріледі деп белгіленетін жоғары бағаланатын дотация немесе субсидия мөлшерінде ешқандай өтемдік баж салынбайды. "Өтемдік баж" ұғымы деп кез келген тауарды\* дайындауға, өндіруге немесе экспорттауғаа тікелей немесе жанама түрде берілген кез келген дотация немесе субсидиялардың қолданылуын жою мақсатында өндіріп алынатын арнайы баж түсіндіріледі.

4. Кез келген уағдаласушы тараптың аумағынан кез келген басқа уағдаласушы тараптың аумағына әкелінген ешбір тауарға оны шығарған немесе экспорттау елінде тұтыну үшін арналған ұқсас тауарға салынатын баждардан немесе салықтардан осындай тауарды босату себебі бойынша немесе осындай баждарды немесе алымдарды қайтару себебі бойынша демпингке қарсы немесе өтемдік баж салынбайды.

5. Кез келген уағдаласушы тараптың аумағынан кез келген басқа уағдаласушы тараптың аумағына әкелінетін ешбір тауар демпингтің немесе экспортты субсидиялаудың бірдей жағдайын өтеуі үшін бірден демпингке қарсы және өтемдік баждар салынбайды.

6. (a) Уағдаласушы тараптардың ешқайсысы егер ол демпинг немесе субсидиялау нәтижесі деп белгілемесе, қолданыстағы отандық өнеркәсіпке осылайша материалдық зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупін тудыратын немесе осылайша отандық өнеркәсіпті құруды материалдық кешіктіруі мүмкін жағдайларға байланысты басқа уағдаласушы тараптың аумағынан кез келген тауарды әкелумен кез келген демпингке қарсы немесе өтемдік бажды өндіріп алмайды.

(b) УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР импорттаушы уағдаласушы тараптың аумағына осындай тауарды экспорттайтын басқа уағдаласушы тараптың аумағында өнеркәсіпке материалдық зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупін тудыратын демпинг немесе субсидиялау өтемақысы мақсатында кез келген тауарды әкелуге демпингке қарсы немесе өтемдік бажды өндіріп алуды уағдаласушы тараптың шешуі үшін осы тармақтың (a) тармақшасының талабынан босатуды белгілеуі мүмкін. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР олар субсидия импорттаушы уағдаласушы тараптың аумағына тиісті тауарды экспорттайтын басқа уағдаласушы тараптың аумағында өнеркәсіпке материалдық зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупін тудыратынды белгілеген жағдайларда, өтемдік бажды өндіріп алуды шешу үшін осы тармақтың (a) тармақшасының талаптарынан босатылады\*.

(c) Алайда, уағдаласушы тарап, кідірту түзетуі қиын болатын зиян келтіруі мүмкін айрықша жағдайларда, УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ алдын ала мақұлдауын алмай, осы тармақтың (b) тармақшасында көзделген мақсаттар үшін өтемдік бажды өндіріп алуы мүмкін; *мына жағдайларда*, егер УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР оны мақұлдаса, өтемдік баж тез кері шақырылуы тиіс деп УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ осындай шарасы туралы дереу хабарлайтын болады.

7. Экспорттық бағалар қозғалысына қарамастан, шикізат тауарының отандық өндірушілерінің ішкі бағаларын немесе кірістерін тұрақтандыру жүйесі, нәтижесінде кейде ішкі нарықта ұқсас тауардың сатып алушылары үшін белгіленетін салыстырмалы бағадан төмен баға бойынша экспортқа тауарды сату болып тұрады, егер уағдаласушы тараптар арасындағы консультация нәтижесінде осындай тауарға айтарлықтай қызығушылық болса, 6-тармақтың мағынасында материалдық зиян келтірмейтін ретінде мойындалады, бұл:

(a) жүйе ішкі нарықта ұқсас тауардың сатып алушылары үшін белгіленетін салыстырмалы бағадан жоғары баға бойынша тауарды экспортқа сатудың өз нәтижесіне де ие болды, және

(b) жүйе осылайша, не өндірісті тиімді реттеу салдарынан, немесе басқа себептер бойынша жұмыс істейді, ол экспортқа тиісті емес түрде ынталандырмайды немесе қалай болғанда басқа уағдаласушы тараптардың мүдделеріне шын қысым жасайды.

## **VII-БАП**

### *Кедендік мақсаттар үшін тауарды бағалау*

1. Уағдаласушы тараптар осы баптың төмендегі тармақтарында айтылған бағалаудың жалпы қағидаттарының пәрмендігін таниды және баждарды немесе басқа алымдарды\* салуға түсетін немесе құнына негізделген немесе құнына байланысты қандай да болмасын нысанда реттелетін әкелу мен әкетуді шектейтін барлық тауарларға қатысты осы қағидаттарды қолдануға міндеттенеді. Оның үстіне, басқа уағдаласушы тараптың өтініші бойынша, олар кедендік мақсаттар үшін құнға

жатқызылатын кез келген өзінің заңдары немесе қағидаларын қолданудың осы қағидаттары аясында қарастырады. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР осы баптың ережелерін орындау үшін олар қабылдайтын шаралар туралы есепті уағдаласушы тараптардан талап етуі мүмкін.

2. (а) кедендік мақсаттар үшін әкелінген тауарды бағалау оған қатысты баж қолданылатын әкелінген тауардың неме ұқсас тауардың нақты құнына негізделуі тиіс және отандық шығарылған тауардың құнына немесе еркін немесе жалған құнға\* негізделмеуі тиіс.

(b) "Нақты құн" деп елдің заңнамасында айқындалған әкелу уақыты мен орны бойынша баға түсіндірілуі тиіс, осындай немесе ұқсас тауар толық бәсекелестік жағдайында кәдімгі сауда барысында сатылады немесе сату үшін ұсынылады. Жекелеген мәміле бойынша осындай немесе ұқсас тауардың саны бағаға әсерін тигізеді, карауға жататын баға әкелу мен әкету\* елдері арасындағы сауда кезінде сатылатын тауардың үлкен көлеміне қарағанда, бірдей не (i) салыстырмалы сандармен, не (ii) импорттаушы үшін барынша қолайлы емес сандармен салыстырылуы тиіс.

(c) Нақты құн осы тармақтың (b) тармақшасына сәйкес айқындалмағанда, кедендік мақсаттарға арналған құн осындай құнның\* жақын арада белгіленген баламасына негізделуі тиіс.

3. Кез келген әкелінген тауардың кедендік мақсаттарға арналған құны шығарған елі немесе экспорттауда қолданылатын кез келген ішкі салық сомасын қамтымауы тиіс, әкелген тауарды төлеуден өтеу жолымен босатылған немесе босатылатын болады.

4. (а) Егер осы тармақта өзгеше көзделмеген жағдайда, уағдаласушы тарап осы баптың 2-тармағының мақсаттары үшін оны басқа елдің валютасында көрсетілген бағаны өз валютасына айырбастауы қажет, қолдануға тиіс айырбастаудың валюталық бағасы Халықаралық валюта қоры туралы келісімнің баптарында көзделген немесе Қор таныған валюталық бағамда не осы Келісімнің XV бабына сәйкес жасалған арнайы валюталық келісімге сәйкес белгіленген тепе-тең бағамда тәртіппен белгіленген валюталардың тепе-тең бағамында әр валюта үшін тиісінше негізделуі тиіс.

(b) Валюталардың осылай белгіленген тепе-тең бағамы немесе валюталардың осылай танылған бағамы қолданылмаған жағдайларда айырбастау бағамы осындай валюталардың ағымдағы құнын коммерциялық мәмілелерде тиімді көрсетуі тиіс.

(c) УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР Халықаралық валюта қорының келісуімен уағдаласушы тараптардың кез келген шетелдік валютасын айырбастауды реттейтін қағидаларды қалыптастырады, осыған қатысты Халықаралық валюта қоры туралы келісімнің баптарына сәйкес көптеген валюталық бағамдар белгіленген. Кез келген уағдаласушы тарап тепе-тең бағамдарды қолданудың баламалары ретінде осы баптың 2-тармағының мақсаттары үшін осындай шетелдік валюталарға қатысты осындай қағидаларды қолдана алады. Осындай қағидаларды УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР қабылдағанға дейін кез келген уағдаласушы тарап айырбастау қағидасының кез келген

осындай шетелдік валютаға қатынасы бойынша осы баптың 2-тармағының мақсаты үшін қолдануы мүмкін, ол коммерциялық мәмілелерде осындай шетелдік валюта құнының нақты көрсетілуіне жіберіледі.

(d) Осы тармақтың ешқайсысы кез келген уағдаласушы тарапқа егер осындай өзгеріс төлеуге жатқызылатын баждар мөлшерінің жалпы ұлғаюының нәтижесі болса, осы Келісімнің күнінде оның аумағында қолданылатын кедендік мақсаттар үшін валюталарды айырбастау әдісін өзгерту талабы ретінде түсіндірілуі тиіс.

5. Кеден баждарын немесе басқа алымдарды салуға түсетін тауарлар құнын немесе құнға негізделген немесе қандай да болмасын шамада құнға байланысты реттелетін шектеулерді айқындау негіздері мен әдістері тұрақты болуы тиіс және коммерсанттарға кеден мақсаттары үшін тауарлар құнының дәлдік дәрежесін ақылға қонымды түрде анықтау мүмкіндігін беру үшін жеткілікті жариялылықпен берілуі тиіс.

## **VIII-БАП**

### *Әкелуге және әкетуге байланысты алымдар мен формальдылықтар\**

1. (a) Уағдаласушы тараптар әкелуге немесе әкетуге белгілейтін немесе әкелуге немесе әкетуге байланысты кез келген сипаттағы барлық алымдар мен төлемдер (III баптың мағынасындағы импорттық пен экспорттық баждар мен салықтардан басқа) өз шамасына қарай көрсетілген қызметтер құнына жуықтап шектеледі және отандық тауарлар үшін жанама қорғаныс немесе фискальді мақсаттарда импорт пен экспортты салу құралы болып табылмайды.

(b) Уағдаласушы тараптар (a) тармақшада айтылғандар туралы алымдар мен төлемдердің саны мен әртүрлілігін азайту қажеттілігін таниды.

(c) Сондай-ақ уағдаласушы тараптар импорттық және экспорттық формальдылықтардың ең аз көлемдері мен күрделілігіне дейін қысқарту және импорттық және экспорттық құжаттамаға\* қойылатын талаптарды қысқарту мен оңайлату қажеттілігін таниды.

2. Басқа уағдаласушы тараптың немесе УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ сұрауы бойынша уағдаласушы тарап осы баптың ережелері аясында оның заңдары мен қағидаларының қолданысын қарастырады.

3. Уағдаласушы тараптардың ешқайсысы кедендік қағидалар немесе рәсімдік талаптардың едәуір бұзылғаны үшін біршама айыппұл салады. Атап айтқанда, тез түзетілетін кедендік құжаттамадағы қандай да бір рұқсаттар немесе қателер үшін айыппұл алдау мақсатында анық жасалмаған болуы тиіс және қатты құнтсыздық болып табылмайды, ең бастысы, ескерту ретінде қызмет ету үшін қажетті мөлшерден аспауы тиіс.

4. Осы баптың ережелері мыналарға қатыстыны қоса алғанда, әкелуге және әкетуге байланысты үкіметтік органдар белгілейтін алымдарға, төлемдерге, нысандылыққа және талаптарға қолданылады:

- (a) консульдік инвойстар мен сертификаттарды беру сияқты консульдік операцияларға;
- (b) сандық шектеулерге;
- (c) лицензиялауға;
- (d) валюталық бақылауға;
- (e) статистика бойынша қызметтерге;
- (f) құжаттарға, құжаттамаларға және сертификаттауға;
- (g) талдауға және инспекцияға; және
- (h) карантинге, санитариялық қызметке және фумигацияға.

## **IX-БАП**

### *Шыққан жері туралы белгілер*

1. Уағдаласушы тараптың әрқайсысы басқа уағдаласушы тараптардың аумақтарынан келетін тауарларға кез келген үшінші елдің ұқсас тауарларына ұсынылатын режимге қарағанда, қолайлыдан кем емес таңбалауға қойылатын талаптарға қатысты режимді ұсынады.

2. Уағдаласушы тараптар шығарылған жері туралы белгілерге жатқызылған заңдар мен қағидаларды қабылдау және қолдану кезінде тұтынушыларды жалған нұсқаулардан немесе жаңылысқа алып келетін нұсқаулардан қорғау қажеттілігіне тиісінше назар аударғанда, экспорттаушы елдердің саудасы мен өнеркәсібіне келтірілуі мүмкін ең аз қиындықтар мен қолайсыздықтардан хабардар болуы тиіс деп таниды.

3. Бұлар әкімшілік қатынаста іс жүзінде мүмкін болғанда, уағдаласушы тараптар әкелген сәтте шығарылған жері туралы талап етілетін белгілерді салуға рұқсат беруі тиіс.

4. Импортталатын тауарларды таңбалауға қатысты уағдаласушы тараптардың заңдары мен қағидалары оларды орындау тауарлардың шын бүлінуіне немесе олардың құнын материалдық азайтуға немесе олардың құнын ақылға қонымды емес түрде ұлғайтуға алып келмейтіндей болуы тиіс.

5. Әдетте, ешқандай арнайы баждар немесе айыппұлдар кез келген уағдаласушы тарапқа егер таңбалауды түзету расталмаған түрінде кідірілген болса немесе егер жалған таңбалау жасалмаған болса, немесе талап етілетін таңбалауға әдейі жол берілген болса, әкелгенге дейін таңбалау қағидаларын сақтамағаны үшін салынбауы тиіс.

6. Уағдаласушы тараптар оның заңнамасымен қорғалатын уағдаласушы тараптың аумағынан ерекше өңірлік немесе географиялық атауларға зиян келтіруде тауардың шынайы шыққан жері туралы жалған ұсыныс бермеуі үшін осылайша, сауда атауларын қолданудың алдын алу мақсатында бір-бірімен ынтымақтасады. Уағдаласушы тараптың әрқайсысы оған басқа уағдаласушы тарап хабарлаған тауарлардың атауларына қатысты алдыңғы ұсыныста көрсетілген міндеттемелерді орындауға

қатысты кез келген басқа уағдаласушы тараппен жасалуы мүмкін ұқсас өтініштер немесе ұсыныстарды мұқият тілектесіп қарастырады.

## **X-БАП**

### *Сауда қағидаларын жариялау және қолдану*

1. Кедендік мақсаттар үшін тауарларды немесе баждардың салықтар мен басқа да алымдардың ставкаларын немесе импорт немесе экспорт талаптарын, шектеулері немесе тыйым салуларын сыныптау немесе бағалауға немесе олар үшін төлемдерді ауыстыруға қатысты немесе оларды сатуға, бөлуге, тасымалдауға, сақтандыруға, қоймаларда сақтауға, тексеруге, байқап қарап қоюға, өңдеуге, араластыруға немесе басқа пайдалануға әсерін тигізетін кез келген уағдаласушы тарап қолданатын жалпы қолданудағы заңдар, қағидалар, сот шешімдері мен әкімшілік өкімдер үкіметтер мен коммерсанттарға олармен танысуға мүмкіндік беретіндей етіп тез жарияланады. Үкімет немесе кез келген уағдаласушы тараптың үкіметтік мекемесі немесе үкімет немесе халықаралық сауда саясатын қозғайтын кез келген уағдаласушы тараптың үкіметтік мекемесі арасында күшінде тұрған келісімдер де жарияланады. Осы тармақтың ережелері кез келген уағдаласушы тараптан құпия ақпаратты ашуды талап етпеуі тиіс, ол заңды қолдануды қиындатқан немесе өзгеше түрде қоғамдық мүдделерге қайшы келген немесе жекелеген кәсіпорындардың, мемлекеттік немесе жеке кәсіпорындардың заңды коммерциялық мүдделеріне зиян келтірген болар еді.

2. Уағдаласушы тарап қолданатын және қалыптасқан және бірдей практика шеңберінде баждар немесе басқа импорттық алымдар ставкаларын арттыруға алып келетін, немесе жаңа талаптарды немесе барынша ауыртпалық талаптарын, шектеулерін немесе импортқа, немесе ол үшін төлемдерді ауыстыруға тыйым салуды белгілейтін жалпы қолданудағы ешқандай шара осы шара ресми жарияланбайынша, қолданылмайды.

3. (а) Әрбір уағдаласушы тарап осы баптың 1-тармағында жазылған сипаттағы өзінің барлық заңдарын, қағидаларын, шешімдері мен өкімдерін біркелкі, әділ әрі ақылға қонымды тәсілмен қолданады.

(b) Уағдаласушы тараптың әрқайсысының мақсаттар үшін, атап айтқанда, кедендік мәселелерге қатысты әкімшілік іс-қимылдарды тез қайта қарау мен түзету үшін қаншалықты жылдам, қаншалықты мағыналы түрде болатын сот, төрелік немесе әкімшілік трибуналдары немесе рәсімдері болады немесе оларды құрады. Мұндай трибуналдар немесе рәсімдер әкімшілік құқы нормаларын қолдану жүктелген органдарға тәуелсіз болып табылады және олардың шешімдерін осындай органдар орындайды және соңғылары егер апелляциялық шағым сотқа не импорттаушылардың шағымдарын беру үшін белгіленген кезең ішінде жоғары тұрған инстанциядағы трибуналға түспегенде ғана, өз практикасында осы шешімдерге басшылық жасайды; *мына жағдайларда*, осындай органның орталық басшылығы егер

осы шешім заңның белгіленген қағидаттарымен немесе нақты фактілермен сәйкес келмейді деп санаудың жеткілікті себептері бар болса, басқа іс жүргізу тәртібімен осы мәселені қайта қарау үшін алдын ала шаралар қабылдауы мүмкін.

(с) Осы тармақтың (b) тармақшасының ережелері осы Келісім күнінде уағдаласушы тараптың аумағында күшінде тұрған рәсімдерді болдырмауды немесе ауыстыруды талап етпейді, тіпті егер мұндай рәсімдер әкімшілік құқық нормаларын қолдану жүктелген органдарға толық немесе нысанды түрде тәуелсіз болып табылса, ол іс жүзінде әкімшілік іс-қимылды объективті және әділ қайта қарауды қамтамасыз етеді. Осындай рәсім түрін қолданылатын кез келген уағдаласушы тарап өтінішті алғаннан кейін УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРҒА олар мұндай рәсімдердің осы тармақтың талаптарына сәйкес келетіндігін анықтау үшін бұл жөнінде толық ақпаратты ұсынады.

## **XI\* бап**

### *Сандық шектеулердің жалпы күшін жою*

1. Уағдаласушы тараптардың бірде-біреуі басқа уағдаласушы тараптың аумағынан кез келген тауарды әкелуге немесе басқа уағдаласушы тараптың аумағына арналған кез келген тауарды экспорттау үшін әкетуге немесе сатуға тіпті квоталар, импорттық немесе экспорттық лицензиялар немесе баждар, салықтар немесе басқа алымдардан басқа, өзге шаралар нысанында болсын, ешқандай тыйым салулар немесе шектеулерді белгілемейді немесе сақтамайды.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері мыналарға қолданылмайды:

(а) экспорттаушы уағдаласушы тарап үшін елеулі мәнге ие азық-түліктік және басқа тауарлардың сыншыл жетіспеушілігін болдырмау немесе әлсірету үшін уақытша қолданылатын экспортқа тыйым салу немесе шектеу;

(b) халықаралық саудада шикізат тауарларын сыныптау, сұрыптау және өткізу стандарттарын немесе қағидаларын қолдануға байланысты қажетті импорт пен экспортқа тыйым салу немесе шектеу;

(с) өз мақсатында үкіметтік шараларды жүзеге асыру үшін қажетті кез келген ауыл шаруашылығы тауарын немесе кез келген түрде әкелінетін балық шаруашылығы өнімдерін импорттауды шектеу;

(i) өткізу немесе өндіру үшін рұқсат берілетін ұқсас отандық тауардың, немесе егер ұқсас тауарды айтарлықтай шығару болмаған болса, импорттық тауармен тікелей алмастырылуы мүмкін осындай отандық тауардың санын шектеу; немесе

(ii) нарықтан ұқсас отандық тауардың уақытша артылуы немесе егер ұқсас тауардың едәуір отандық шығару болмаса, онда импорттық тауармен тікелей алмастырылуы мүмкін осындай артық тауары бар отандық тұтынушылардың кейбір топтарына тегін немесе ағымдағы нарықтық бағасынан төмен бағамен беру жолымен жою; немесе

(iii) егер осы тауарды отандық өндіру сәл ғана аз болса, өндірілуі тікелей, толықтай немесе негізгі бөлігі импортталатын тауарға байланысты болатын мал өнімінен алынатын кез келген өнімнің өндіруге рұқсат берілетін санын шектеу.

Осы тармақтың (с) тармақшасының күшімен кез келген тауарды импорттауға арналған шектеуді қолданатын кез келген уағдаласушы тарап жалпыға ортақ хабарлау үшін болашақта белгілі бір кезең ішінде импортқа рұқсат етілген тауардың жалпы санын немесе құнын және осындай санның немесе құнның кез келген өзгерісін жариялайды. Бұдан басқа, жоғарыда көрсетілген (i) тармақшасына сәйкес импорттың жалпы көлемі отандық өндірістің жалпы көлеміне қатынасы бойынша импорттың жалпы көлемін қысқартпайды, сол арақатынаспен салыстырғанда, ол шектеулер болмағанда олардың арасында қолданылатынды күту ақылға қонымды болар ма еді. Осы арақатынасты айқындаған кезде уағдаласушы тарап алдыңғы репрезентативті кезеңде иеленетін арақатынасқа, сондай-ақ тиісті тауардың саудасына ықпал ету мүмкін немесе ықпал ететін кез келген ерекше факторларға\* лайықты түрде назар аударады.

## **XII\* бап**

### *Төлемдік теңгерімді қамтамасыз ету мақсатында шектеулер*

1. XI баптың 1-тармағының ережесіне қарамастан, кез келген уағдаласушы тарап өзінің сыртқы қаржылық жағдайын және өзінің төлемдік теңгерімін қамтамасыз ету мақсатында осы баптың келесі тармақтарының ережелерін сақтаған жағдайда, импорттауға рұқсат етілетін тауардың санын немесе құнын шектеуі мүмкін.

2. (a) Осы бапқа сәйкес уағдаласушы тарап белгілейтін, сақтайтын немесе күшейтетін импорттың шектеулері мыналар үшін:

(i) оның валюталық резервтерін нақты қысқартудың немесе осындай қысқартуды тоқтату сөзсіз қауіптерді болдырмау, немесе

(ii) уағдаласушы тарап оның резервтерінің ақылға қонымды түрде өсуіне қол жеткізуі үшін өте төмен валюталық резервтері болған жағдайда, талап етілгеннен гөрі барынша маңызды болмауы тиіс.

Екі жағдайда осындай уағдаласушы тарап резервінің жағдайына немесе олардағы оның қажеттілігіне ықпал етуі мүмкін кез келген ерекше факторларға тиісті назар аударғаны дұрыс, мына жағдайларды қоса алғанда, оның арнайы сыртқы кредиттерді немесе басқа да ресурстарды пайдалану мүмкіндігіне, осындай кредиттер немесе ресурстарды тиісінше пайдалануды қамтамасыз ету қажеттілігіне ие.

(b) Осы тармақтың (a) тармақшасына сәйкес шектеулерді қолданатын уағдаласушы тараптар оларды осы тармақшада санамаланған сол шамада талаптарды сақтай отырып, оларды ережені жақсарту шарасы бойынша біртіндеп нашарлатады, мұның бәрі олардың қолданылуын растайды. Олар талаптары осы тармақшаға сәйкес олардың енгізілуін немесе сақталуын барынша растамағанда, шектеулердің күші жойылады.

3. (a) Уағдаласушы тараптар өзінің ішкі саясатын жүргізген кезде салауатты және берік негізде және өндірістік ресурстарды экономикалықтан тыс пайдалануды болдырмау қажеттілігінде олардың төлемдік теңгеріміндегі теңдікті сақтау немесе қалпына келтіру қажеттілігіне лайықты назар аударуға міндеттенеді. Олар мүмкіндігінше осы мақсаттарға қаншалықты қол жеткізу үшін халықаралық сауданы қысқартпай керісінше кеңейтетін шаралар қабылдауы қажеттілігін таниды.

(b) Осы бапқа сәйкес шектеулерді қолданатын уағдаласушы тараптар барынша елеулі болып табылатын тауарларды әкелу үшін басымдықты көрсететіндей етіп, әртүрлі тауарлар немесе тауарлар тобын импорттауға қатысты шектеулер тиімділігін белгілеуі мүмкін.

(c) Осы бапқа сәйкес шектеулерді қолданатын уағдаласушы тараптар:

(i) кез келген басқа уағдаласушы тараптың\* коммерциялық немесе экономикалық мүдделеріне керек емес залалды болдырмауға;

(ii) ерекшелігі сауданың жай арналарын бұзатын ең төменгі коммерциялық мөлшерде кез келген тауарды әкелу ақылға қонымсыз негіздемелерсіз кедергі келтіру үшін шектеулерді қолданбауға; және

(iii) коммерциялық үлгілерді әкелуге кедергі келтіретін немесе патенттер, тауарлық белгілер, авторлық құқық немесе ұқсас рәсімдер туралы ережелерді сақтауға кедергі келтіретін шектеулерді қолданбауға міндеттенеді.

(d) Уағдаласушы тараптар толық әрі өнімді жұмыспен қамтуға қол жеткізуге және қолдауға, немесе экономикалық ресурстарды дамытуға бағытталған ішкі саясат нәтижесінде уағдаласушы тараптың осы баптың 2(a) тармағында айтылған осындай сипаттағы оның валюталық резервтері үшін қауіп-қатерді қамтитын импортқа жоғары сұранысты сынауы мүмкін екендігін таниды. Тиісінше, өзге қатынастарда осы баптың ережелерін сақтайтын уағдаласушы тараптан осы саясаттың өзгерісі осы бапқа сәйкес қолданылатын артық шектеулерді жасайды деген негізде шектеулердің күшін жою немесе өзгерту талап етілмейді.

4. (a) Жаңа шектеулерді қолданатын немесе осы бапқа сәйкес қолданылатын шараларды елеулі түрде күшейту жолымен қолданыстағы шектеулердің жалпы деңгейін жоғарылататын кез келген уағдаласушы тарап осындай шектеулерді белгілегеннен немесе күшейткеннен кейін дереу (немесе алдын ала консультациялар іс жүзінде – осыған дейін мақсатқа сай болып табылған жағдайларда) УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРМЕН оның төлемдік теңгерімімен, ықтимал балама түзеуші шараларымен қиындықтардың табиғатына қатысты, сондай-ақ басқа уағдаласушы тараптардың экономикасына шектеулердің ықтимал әсеріне қатысты кеңес беруі тиіс.

(b) УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР олар белгілеген күнде\* осы бапқа сәйкес осы күнде әлі де болса қолданылатын барлық шектеулерді қайта қарайды. Осы күннен

кейін бір жылдан соң осы бапқа сәйкес импорттың шектелуін қолданатын уағдаласушы тараптар жыл сайын УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРМЕН осы тармақтың (а) тармақшасында көзделген сипатта консультациялар жасайды.

(с) (i) Егер (а) немесе (b) жоғары тармақшаларға сәйкес уағдаласушы тараппен консультация барысында УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР шектеулердің осы баптың немесе XIII баптың (XIV баптың ережелерін сақтаған жағдайда) ережелеріне сәйкес келмейтінін белгілейді, олар сәйкессіздік табиғатын көрсетеді және шектеулердің ыңғайлы түрде өзгеруі үшін ұсынуы мүмкін.

(ii) Алайда, егер консультация нәтижесінде УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР шектеулердің осылай қолданылуын, бұл осы баптың немесе XIII баптың ережелеріне нақты сәйкессіздігіне алып келетінін (XIV баптың ережелерін сақтаған кезде) және осының нәтижесінде кез келген уағдаласушы тараптың саудасына зиян келетінін немесе залал қаупі туатынын, олар шектеуді қолданатын уағдаласушы тарапқа бұл жөнінде хабардар ететінін және белгілі бір уақыт ішінде осындай ережелермен сәйкестігін қамтамасыз ету үшін тиісті ұсынымдар жасалатынын анықтайды. Егер осындай уағдаласушы тарап белгіленген мерзім ішінде осы ұсыныстарды орындамаса, УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР саудасы шектеулерді теріс қозғайтын кез келген уағдаласушы тарапты олар қайсысы осы жағдайларға сай келеді деп танитын шектеулерді қолданатын уағдаласушы тарапқа қатысты осы Келісім бойынша осындай міндеттемелерден босатуы мүмкін.

(d) УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР осы бапқа сәйкес шектеуді қолданатын кез келген уағдаласушы тарапты олармен *prima facie* дәлелдемелерін ұсына алатын кез келген уағдаласушы тараптың өтініші бойынша кеңесуге шақырады, бұл шектеулер осы баптың ережелерімен немесе XIII баптың ережелерімен (XIV баптың ережелерін сақтаған жағдайда) сәйкес келмейтіндігі болып табылады және олар оның саудасында теріс көрсетіледі. Алайда, шақырудың мұндай түрін УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР мүдделі уағдаласушы тараптардың арасындағы тікелей талқылау ойдағыдай емес болғандығын растамайынша, жібермейді. Егер консультация нәтижесінде УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРМЕН келісімге қол жеткізбесе, олар шектеулердің жоғарыда көрсетілген ережелерді бұзуда қолданылатынын және залал келтіретінін немесе рәсімді қозғайтын уағдаласушы тараптың саудасына залал келтіру қаупін тудыратынын айқындайды, олар шектеулердің күшін жоюды немесе өзгертуді ұсынады. Егер шектеулер УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР белгілеуі мүмкін мерзім ішінде күші жойылмаса немесе өзгертілмесе, олар рәсімді қозғаған уағдаласушы тарапты олар қайсысы осы жағдайларға сай келеді деп танитын шектеулерді қолданатын уағдаласушы тарапқа қатысты осы Келісім бойынша осындай міндеттемелерден босатуы мүмкін.

(e) Осы тармаққа сәйкес рәсімдер барысында, УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР шектеулер\* қолданылатын уағдаласушы тараптың экспорттық саудасында теріс көрсетілетін кез келген ерекше сыртқы факторларға тиісті назар аударылуда.

(f) Осы тармаққа сәйкес шешімдер тез және мүмкіндігінше, консультация басталған сәттен бастап алпыс күн ішінде қабылдануға тиіс.

5. Егер халықаралық сауданы шектейтін тепе-теңдік жалпы бұзушылығының қолданылатыны туралы куәландыратын осы бапқа сәйкес импорттың жүйелі әрі кең тараған шектеулерінің қолданылуы орын алған болса, УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР басқа шаралардың не сол уағдаласушы тараптармен қиын жағдайда тұрған төлемдік теңгерімдердің, не төлемдік теңгерімдері ерекше қолайлы дамып жатқан немесе кез келген тиісті үкіметаралық ұйым теңдікті бұзу себептерінің негізін қалаушыларды жою үшін қолданылу мүмкін екендігі туралы мәселені талқылауды бастайды. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ шақыруы бойынша уағдаласушы тараптар осындай талқылауларға қатысады.

### **XIII\*-БАП**

#### *Сандық шектеулерді кемсітушіліксіз қолдану*

1. Уағдаласушы тараптардың бірде-бірі егер барлық үшінші елден осыған ұқсас тауарды әкелгенде немесе барлық үшінші ел үшін осыған ұқсас тауарды әкеткенде ғана осыған ұқсас түрде тыйым салынбаса немесе шектелмесе, кез келген басқа уағдаласушы тараптың аумағынан кез келген тауарды әкелуді немесе кез келген басқа уағдаласушы тараптың аумағына арналған кез келген тауарды әкетуге ешқандай тыйым салулар немесе шектеулерді қолданбайды.

2. Кез келген тауарға импорттың шектеулерін қолдану кезінде уағдаласушы тараптар осындай шектеулер болған кезде оны күтетіндей етіп әртүрлі уағдаласушы тараптардың саудасындағы қатысу үлесін дәлірек көрсету мүмкін болу үшін осындай тауарды саудада осылай бөлуге ұмтылады және осы мақсат үшін мынадай ережелерді сақтайды:

(a) онда бұлар іс жүзінде расталған рұқсат етілген импорттың жалпы санын білдіретін квоталар (олар өнім беруші елдердің арасында бөлінгеніне немесе бөлінбегеніне қарамастан) осы баптың 3 (b) тармағына сәйкес олардың мөлшері туралы хабарлама тіркеледі және жіберіледі;

(b) Квоталар іс жүзінде ақталмаған жағдайларда шектеулер импорттық лицензиялар арқылы немесе квотасыз рұқсаттамаларсыз қолданылуы мүмкін;

(c) Уағдаласушы талаптар осы тармақтың (d) тармақшасына сәйкес бөлінген квоталарды басқару мақсатынан басқа, импорттық лицензиялар немесе рұқсаттамалар осы тауарды қандай да бір белгілі елден немесе көзден енгізу үшін пайдалану үшін талап етілмейді;

(d) Квота елдер-жеткізушілер арасында бөлінген жағдайларда шектеулерді қолданатын уағдаласушы тараптар үлестерді квотамен бөлуге қатысты осы тауарды жеткізуге айтарлықтай мүдделі барлық басқа да уағдаласушы тараптармен келісуге ұмтылуы мүмкін. Бұл әдіс айтарлықтай ақталмайтын болып табылмаған жағдайларда тиісті уағдаласушы тарап осындай уағдаласушы тараптармен осы тауарды жеткізу қатысында негізделген осы тауардың импорт құнынан немесе барлық санынан үлесі бар тауарды жеткізуге айтарлықтай мүдделі уағдаласушы тараптарға алдағы келісілген кезең ішінде бөледі, бұл ретте осы тауармен бұдан әрі саудаға әсер етуі мүмкін кез келген ерекше деректер назарға қабылданады. Кез келген уағдаласушы тарапқа оған бөлінген жеткізудің кез келген осындай жалпы санын немесе құнын толығымен пайдалануға кедергі келтіретін бірде-бір талаптар немесе ресми іс-әрекеттер, квотаға\* тиесілі нұсқаулықтағы уақыт кезеңінде әкелінген жағдайда белгіленбейді.

3. (a) Импорттық шектеулерге байланысты импорттық лицензиялар берілген жағдайларда шектеулерді қолданатын уағдаласушы тарап көрсетілген тауар саудасына мүдделі кез келген уағдаласушы тараптың талабы бойынша шектеулерді, алдағы кезеңге берілген импорттық лицензияларды басқаруға және осындай лицензияларды жеткізуші елдер арасында бөлуге қатысты, импорттық немесе жеткізетін кәсіпорындардың тауарларына қатысты ақпаратты ұсыну міндеттері болған жағдайда барлық тиісті ақпаратты ұсынады.

(b) квоталарды бекітуді қоса алғанда импортты шектеген жағдайда шектеулерді қолданатын уағдаласушы тарап болашақта белгілі бір уақыт ішінде әкетуге рұқсат берілген тауардың немесе тауарлардың жалпы саны, осындай санының немесе құнының кез келген өзгеруі туралы бұқаралық жариялайды. Бұқаралық жариялау сәтінде жолда болған осы тауарды кез келген жеткізу; егер бұл іс жүзінде ақталған болса, олар осы уақыт кезеңінде әкетуге рұқсат етілген санына қоса есептелуі мүмкін, сондай-ақ келесі кезеңге немесе кезеңдерге әкетуге рұқсат берілген санына қоса есептеу қажет болған жағдайда әкетуге шектелмейді; бұдан әрі егер кез келген уағдаласушы тарап тұтыну үшін енгізілген немесе осындай бұқаралық жариялаған күннен бастап отыз күн ішінде тұтыну үшін кедендік қоймалардан алынған тауарларды осындай шектеулерден босатқан жағдайда, онда осындай тәжірибе осындай тармаққа толығымен сәйкес қарастырылады.

(c) Жеткізуші елдер арасында квота бөлінген жағдайда шектеулерді қолданатын уағдаласушы тарап осы тауарды жеткізуге мүдделі барлық басқа да уағдаласушы тараптарды осы сәтте әртүрлі жеткізуші елдер арасында бөлінген квотаның үлестері, сандық немесе құндық көлемінде, сондай-ақ осы туралы бұқаралық жариялау туралы жедел ақпараттандырады.

4. Осы баптың 2 (d) тармағына немесе XI баптың 2 (c) тармағына сәйкес қолданылатын шектеулер қатысында кез келген тауар үшін белгіленген кезеңде осы тауарды сатуға әсер ететін кез келген ерекше факторларды бағалау және кез келген

тауар үшін таңдауды бастапқыда шектеулерді қолданатын уағдаласушы тарап жүргізіледі; осындай тауарды жеткізуге айтарлықтай мүдделі кез келген басқа уағдаласушы тараптың өтініші бойынша немесе УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ өтініші бойынша басқа уағдаласушы тарап немесе УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР белгілеген өлшемдер белгіленген немесе таңдалған базалық кезеңді өзгерту қажеттілігіне немесе тартылған ерекше факторларды қайта бағалау немесе баламалы квоталарды бөлу немесе оларды шексіз пайдалану қатысында бір жақты тараппен белгіленген талаптардың, ресми ақпараттың немесе кез келген басқа ережелердің күшін жоюға қатысты жылдам кеңес береді.

5. Осы баптың ережелері кез келген уағдаласушы тарап белгілеген немесе сақтаған кез келген тарифтік квотаға қолданылады және ол қаншалықты қолданылады, осы баптың қағидаттары экспорттың шектеулеріне таратылады.

## **XIV\*-БАП**

### *Кемсітпеу ережесінен шығару*

1. XII бапқа немесе XVIII баптың В тарауына сәйкес шектеулерді қолданатын уағдаласушы тарап осындай шектеулерді қолданған кезде осы уақытқа Халықаралық валюталық қор туралы келісімнің VIII немесе XIV баптарына немесе XV\* баптың 6-тармағына сәйкес жасалған арнайы валюталық келісімнің ұқсас ережелеріне сәйкес қолдануы мүмкін ағымдағы халықаралық операциялар бойынша төлемдер мен аударымдарға шектеулерге эквиваленттік тиімділік болуы мүмкін тәсілмен XIII бабының ережелерінен бас тарта алады.

2. XII бапқа немесе XVIII баптың В тарауына сәйкес шектеулерді қолданатын уағдаласушы тарап УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ келісімі бойынша XIII баптың уағдаласатын тараптардың немесе тиісті уағдаласушы тараптардың пайдасы басқа уағдаласушы тараптардың\* саудасына айтарлықтай залал келтіруден артық болған жағдайда оның сыртқы саудасының айтарлықтай бөлігіне қатысты ережелерінен уақытша ауытқи алады.

3. XIII баптың ережелері халықаралық валюталық қорда жалпы квотасы бар аумақ тобына басқа елдерден импорт қатысында, бірақ бір-біріне емес, XII баптың ережелеріне немесе XVIII баптың В тарауына сәйкес шектеулерді осындай шектеулер басқа барлық қатынастарда XIII баптың ережелеріне сәйкес келген жағдайда кедергі келтірмейді.

4. Осы Келісімнің XI - XV баптары немесе XVIII баптың В тарауы XII бапқа немесе XVIII баптың В тармағына сәйкес импорт шектеулерін қолданатын уағдаласушы тарапқа оның экспортын XIII баптың ережелерінен ауытқымай пайдаланылуы мүмкін оның валюталық түсімдерін арттыру үшін реттеуге шаралар қолдануға кедергі келтірмейді.

5. Осы Келісімнің XI - XV баптарын қоса алғанда немесе XVIII баптың B тарауы уағдаласушы тараптарға төмендегі сандық шектеулерді қолдануға:

(а) Халықаралық валюталық қор туралы келісімнің VII бабының 3(b) тарауына сәйкес рұқсат етілген валюталық шектеулерге эквиваленттік тиімділігі бар, не болмаса

(b) осы келісімге А Қосымшада қарастырылған ерекше келісімдерге сәйкес, онда көзделген келіссөздер нәтижелерін күтуде кедергі келтірмейді.

## **XV-БАП**

### *Валютаға қатысты уағдаластықтар*

1. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР мен ҚОР Қордың құқықтық өкілеттігі шеңберінде валюталық мәселелер қатысында және УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ құқықтық өкілеттігі шеңберінде басқа сауда шаралары мен сандық шектеулері мәселелерінде үйлестірілген саясат жүргізе алуы үшін УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР Халықаралық валюталық қормен ынтымақтастық жасауға ұмтылатын болады.

2. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР шетелдік валютаға қатысты уағдаластықтарға немесе валюталық резервтерге, төлем теңгерімдеріне қатысты проблемаларды қарастыруға немесе жұмыс істеуге тартылған УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР толық көлемде Халықаралық валюталық қормен кеңеседі. Мұндай кеңес берулерде УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР барлық статистика деректерін және Қордың шетелдік валюта, валюталық резервтер және төлем теңгерімдері қатысында ұсынған басқа да деректерін қабылдайды және Қордың уағдаласушы тараптардың Халықаралық валюталық қор туралы келісім баптарының валюталық мәселелері бойынша іс-қимылына сәйкес келуіне немесе осы уағдаласушы тарап пен УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР арасында жасалған арнайы валюталық келісім жағдайында анықтама қабылдайды. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР XII баптың 2 (а) тармағында немесе XVIII баптың 9-тармағында көзделген өлшемдерді қоса алғандағы жағдайларда нақты шешім қабылдаған кезде валюталық резервтің айтарлықтай азаюы, валюталық резервтердің ең төменгі деңгейі немесе уағдаласушы тараптардың валюталық резервтерінің қарқынды өсуімен, сондай-ақ осындай жағдайларда кеңес берулер жүргізілетін басқа да мәселелердің қаржылық аспектілері қатысындағы Қордың анықтамалары болып табылады.

3. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР Қорда осы баптың 2-тармағында көзделген кеңес беру рәсімдері қатысында келісім жасауға ұмтылады.

4. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР валюталық іс-шаралар жолымен осы Келісім ережелерінің мақсатын және сауда іс-шаралары жолымен – Халықаралық валюталық қор туралы келісім баптары ережелерінің мақсатын бұзуы\* тиіс емес.

5. Егер УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР кез келген уақытта импортқа байланысты төлемдерге және аударымдарға валюталық шектеулерді уағдаласушы тараптар осы

Келісімде көзделген сандық шектеулер қатысындағы шектеулермен сәйкес келмейтін тәртіпте қолданған жағдайда олар бұл туралы Қорға хабарлайды.

6. Қордың мүшесі болып табылмайтын кез келген уағдаласушы тарап анықтауына жататын мерзім ішінде Қормен, Қор мүшесімен кеңес жүргізгеннен кейін УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР болып табылады, немесе ол бұл мәселені шеше алмаса УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРМЕН арнайы валюталық келісім жасайды. Қор мүшесі болып табылмайтын уағдаласушы тарап УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРМЕН дереу арнайы валюталық келісім жасайды. Осы тармақ күшімен уағдаласушы тараппен жасалған кез келген арнайы валюталық келісім осыдан кейін осы Келісім бойынша оның міндеттемелерінің бір бөлігі болып табылады.

7. (a) уағдаласушы тарап пен УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР арасындағы арнайы валюталық келісім осы баптың 6-тармағына сәйкес осы Келісімнің мақсаты осы уағдаласушы тарап жүргізген валюталық қорда іс-қимыл нәтижесінде жоққа шықпауы үшін УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ қанағаттануын қамтамасыз етеді.

(b) Кез келген тараптың талаптары уағдаласушы тарапқа толығымен алғанда Қор мүшелеріне Халықаралық валюталық қор туралы келісім баптарымен қойылатын міндеттемелерге қарағанда айтарлық шектеулі болуы мүмкін валюталық мәселелерде міндеттемелер жүктемейді.

8. Қор мүшесі болып табылмайтын уағдаласушы тарап УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР осы Келісім бойынша өз қызметтерін орындау мақсатында талап етуі мүмкін Халықаралық валюталық қор туралы келісімнің VIII бабының 5-тармағының жалпы шегінде осындай ақпарат ұсынады.

9. Осы Келісімде төмендегілерге ештеңе кедергі келтірмейді:

(a) Халықаралық валюталық қор туралы келісім баптарына немесе осы уағдаласушы тараптың УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРМЕН арнайы валюталық келісіміне сәйкес уағдаласушы тараптың валюталық бақылауды немесе валюталық шектеулерді қолдануға; немесе

(b) уағдаласушы тараптардың негізгі нәтижесі XI, XII, XIII және XIV баптармен рұқсат етілген нәтижелерге қосымша осындай валюталық бақылаудың немесе валюталық шектеулердің тиімділігі болып табылатын импортқа немесе экспортқа шектеулер немесе бақылау қолдануға.

## **XVI\*-БАП**

### *Субсидиялар*

#### **А тарауы – субсидиялар туралы жалпы ережелер**

1. Егер кез келген уағдаласушы тарап оның аумағында кез келген тауарға импортты қысқартуға немесе оның аумағынан кез келген тауардың экспортын арттыруға тікелей немесе жанама әрекет ететін табысты немесе бағаны қолдаудың кез келген нысанын қоса алғанда кез келген субсидияны ұсынған немесе сақтаған жағдайда ол

УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРҒА субсидияның көлемі мен сипаты, субсидиялаудың тауардың санына немесе оның аумағына импортталатын немесе оның аумағынан экспортталатын тауарлар саны, субсидияны қажет ететін жағдаяттар туралы жазбаша нысанда хабарлайды. Кез келген субсидия кез келген басқа тараптың мүддесіне айтарлықтай қауіп тудырғандығы белгілі болса, онда субсидия беретін уағдаласушы тарап өтініш түскен жағдайда басқа мүдделі уағдаласушы тараппен немесе тараптармен немесе УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРМЕН субсидияны шектеу мүмкіндігін талқылайды.

### **В тарауы – экспорттық субсидиялар туралы қосымша ережелер \***

2. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР уағдаласушы тарап кез келген тауардың экспортына субсидия беру басқа да мүдделі уағдаласушы тарап үшін импортерлер және экспортерлер үшін де зиянды әсер етеді, олардың қалыпты коммерциялық мүддесін қажетсіз бұзуы және осы Келісімнің мақсатына жетуге қиындық туғызуы мүмкін екендігін мойындайды.

3. Тиісінше, УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР шикізат тауарлар экспортына субсидия пайдалануға жол бермеуге тырысады. Егер, бірақ уағдаласушы тарап оның аумағынан кез келген шикізат тауарының экспортын арттыруға әкелетін тікелей немесе жанама кез келген нысанда субсидия берсе, онда мұндай субсидия нәтижесінде уағдаласушы тарап алдағы көзделген уақытта осындай тауар саудасына уағдаласушы тараптардың үлесін, сондай-ақ осы тауардың\* саудасына әсер етуі мүмкін кез келген ерекше деректерді назарға ала отырып, қолданылмайды.

4. Сонымен қатар, 1958 жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе өте ерте уақыттан бастап және кейіннен УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР ішкі нарықта сатып алушылар үшін осындай тауарға белгіленетін бағамен салыстырғанда өте төмен баға бойынша осындай субсидия нәтижесінде экспортқа осындай тауарды сату жүзеге асырылған жағдайда шикізат тауарға қарағанда басқа кез келген тауардың экспорты үшін кез келген нысанда тікелей немесе жанама субсидия беру тоқтатылады. 1957 жылдың 31 желтоқсанына дейін бірде бір уағдаласушы тарап жаңа немесе қолданыстағы субсидиялар\* енгізу жолымен 1955 жылдың 1 қаңтарындағы көлеммен салыстырғанда кез келген осындай субсидия көлемін кеңейтпейді.

5. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР уақыт өте келе оның тиімділігін тексеру мақсатында осы бап ережелерінің іс-қимылын нақты тәжірибемен, осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізу ісінде және уағдаласушы тараптар саудасына немесе мүддесіне айтарлықтай залал келтіретін субсидияға жол бермеу мақсатында қарастырады.

## **XVII-БАП**

*Мемлекеттік сауда кәсіпорындары*

1\*. (а) Әрбір уағдаласушы тарап егер міндеттеме Мемлекеттік мекеме қай жерде орналасса да іс-қимылға құрылтайшылық білдірсе немесе қолдаса, кез келген кәсіпорынға айрықша немесе арнайы артықшылықтарды\* ресми немесе нақты ұсынса, онда мұндай кәсіпорын импортты не болмаса экспортты қоса алғанда сатып алу немесе сату бойынша өзінің операцияларында жергілікті саудагерлер жүзеге асыратын импортты немесе экспортты қозғайтын үкімет шаралары үшін осы Келісімде ұсынылған кемсітусіз режимінің барлық қағидаттарына сай келетін тұрғыда әрекет етеді.

(b) Осы тармақтың (а) тармақшасының ережесі осындай кәсіпорындар осы Келісімнің басқа ережелерін назарға ала отырып, тауардың құнын, сапасын, қолжетімділігін, оның сатылуын, көшіру талаптарын және сатудың немесе сатып алудың барлық талаптарын қоса алғанда айрықша коммерциялық түсініктерді басшылыққа ала отырып, кез келген осындай сатып алулар мен сатуларды жасауы және қарапайым іскерлік тәжірибеге сәйкес осындай сатып алуларда немесе сатуларда қатысуға бәсекелестік тудыру, және басқа уағдаласушы тараптар кәсіпорындарына баламалы мүмкіндік ұсынуы үшін талап ретінде түсіндіріледі.

(с) Уағдаласушы тараптардың бірде біреуінің құқықтық өкілеттігіне бағынатын кез келген кәсіпорынға (осы тармақтың (а) тармақшасында жазылған кәсіпорын болып табылуына тәуелсіз) осы тармақтың (а) және (b) тармақтарының қағидаттарына сәйкес әрекет етеді.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері үкіметтік қажеттілік үшін дереу немесе айрықша тұтыну үшін тауарларды импорттауға, ал сатуға арналған тауарларды\* өндіру үшін қайта сату немесе пайдалану үшін қолданылмайды. Осындай импорт қатысында әрбір уағдаласушы тарап сауда-саттыққа әділ және тең құқылы тәртіптегі басқа да уағдаласушы тараптарды ұсынады.

3. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР осы баптың 1 (а) тармағында көрсетілген осындай үлгідегі кәсіпорын саудаға ауқымды кедергі келтіретіндей басқарады деп мойындайды, сондықтан осындай кедергілерді\* шектеуге немесе қысқартуға бағытталған өзара түсіністік және өзара пайдалы негізінде келіссөздер бойынша халықаралық сауданы дамыту үшін маңызды болып табылады.

4. (а) УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫ осы баптың 1(а) тармағында көрсетілген осындай типтегі кәсіпорындардың олардың аумағына импорттайтын немесе олардың аумағынан экспорттайтын тауарлары туралы ақпараттандырады.

(b) II бапқа сәйкес арзандату мәні болып табылмайтын тауарға импорттық монополияны белгілейтін, қолдайтын немесе рұқсат беретін уағдаласушы тарап осы тауармен ауқымды сауда жүргізетін басқа уағдаласушы тараптың өтініші бойынша

УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫ кейінгі белгіленген кезеңге осы тауарға импорттық үстеме бағалау\* туралы, егер мұндай жағдай мүмкін болмаса осы тауарды қайта сатуға белгіленген баға туралы хабарлайды.

(с) УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР мүддесі осы Келісім 1(а) тармақта көрсетілген осындай типтегі кәсіпорынның операциялармен жағымсыз іске асырылатындығын болжайды деген негізі бар уағдаласушы тараптың өтініші бойынша осындай кәсіпорынды белгілейтін, қолдайтын немесе рұқсат беретін уағдаласушы тараптан осы Келісімнің ережелерін қолдануға жататын оның операциялары туралы ақпаратты сұрата алады.

(d) Осы тармақтың ережелері уағдаласушы тарап заңды қолдануға кедергі келтіретін құпия ақпаратты ашуы немесе осылайша қоғамдық мүддеге қайшы келтіруі немесе жекелеген кәсіпорындардың заңды коммерциялық мүддеге залал келтіруі үшін талап етілмейді.

## **XVIII\*-БАП**

### *Экономикалық дамуға үкіметтік көмек*

1. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізу олардың экономикасын жемісті дамыту нәтижесінде жеңілдетілуі мүмкін, атап айтқанда экономикасы өмір сүрудің\* төменгі деңгейін қолдауы және дамудың бастапқы сатыларындағы\* уағдаласушы тараптар үшін деп мойындайды.

2. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР осындай уағдаласушы тараптар үшін олардың халқының жалпы деңгейін көтеруге бағытталған бағдарламаларды және экономикалық даму саясатын жүзеге асыру мақсатында қажетті, импортты қозғайтын қорғаныш немесе басқа да шараларды қабылдайды, және мұндай шаралар осы Келісімнің мақсаттарына жету жолдарын жеңілдетеді деп мойындайды. Сондықтан олар осындай УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР өнеркәсіптің жеке саласын құру үшін талап етілетін кедендік қорғауды ұсынуы үшін (а) олардың тарифінің құрылымының жеткілікті икемділігін сақтауға және (b) олардың экономикалық дамуын құруы мүмкін деген ықтималдылығы бар импортқа сұраныстың жалғасын табатын жоғарғы деңгейін толығымен ескеретін төлем теңгерімінің мақсаты үшін сандық шектеулерді қолдануы үшін мүмкіндік тудыратын қосымша мүмкіндіктерді пайдалануы үшін келісімін береді.

3. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР осы баптың А және В тарауларында, осы Келісімнің ережелерінде көзделген қосымша мүмкіндіктермен қатар тәртіп бойынша уағдаласушы тараптарға олардың экономикалық даму қажеттілігін қамтамасыз ету мүмкіндігін беруі үшін жеткілікті екенін мойындайды. Олар осы ережелерге жауап беретін бірде бір шара экономикалық даму үдерісіндегі уағдаласушы тарапқа оның халқының өмір сүруінің жалпы деңгейін арттыру мүддесіндегі өнеркәсіптің\* жекелеген

салаларын құруға ықпал ету мақсатында талап етілетін үкіметтік көмек беруге қолданылуы мүмкін емес екендігімен келіседі. Осы баптың С және D тарауларында төмендегі жағдайларда іс-қимылдың арнайы рәсімдері мазмұндалады.

4. (a) Осының салдарынан экономикасы өмір сүрудің\* төменгі деңгейін қолдауы мүмкін және дамудың\* бастапқы сатыларындағы уағдаласушы тарап осы баптың А,В, және С тарауларында көзделгендей осы Келісімнің басқа баптарының ережелерінен уақытша ауытқуы мүмкін.

(b) Экономикасы даму үдерісіндегі, бірақ жоғарыда көрсетілген (a) тармақшасының ережелері жатпайтын уағдаласушы тарап өз үндеуін УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРҒА осы баптың D тарауына сәйкес бере алады.

5. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР экономикасы 4 (a) және (b) тармағында жазылған типтерге жататын және шикізат тауарларының ауқымды санын экспорттауға тәуелді уағдаласушы тараптардың экспорттық табыстары осындай тауарларды сатуды қысқарту нәтижесінде айтарлықтай қысқаруы мүмкін. Тиісінше шикізат тауарларын осындай уағдаласушы тараптардан экспорттау басқа уағдаласушы тараптың шараларымен жүзеге асырылатын жағдайларда ол осы Келісімнің XXII баптарында көзделген кеңес берулер туралы ережелерге жүгінуі мүмкін деп таниды.

6. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР жыл сайын осы баптың С және D тармақтарына сәйкес қолданылатын барлық шараларды жыл сайын қарастырады.

А тарау

7. (a) Осы баптың 4 (a) тармағының іс-қимылына жататын уағдаласушы тарап оның халқының өмір сүруінің жалпы деңгейін арттыру мүддесінде өнеркәсіптің\* жекелеген саласын құруға ықпал ету, осы Келісімге қосымшаның Тізбесіне енгізілген тиісті құнын өзгерту немесе күшін жою мақсатында ол туралы УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРҒА хабарлайды және УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ белгілеуі бойынша айтарлық мүдделі кез келген басқа уағдаласушы тараппен, сондай-ақ осындай бағасын кемітуге бастапқыда келіскен кез келген уағдаласушы тараппен келіссөздер жүргізуді жөн көреді. Егер осындай мүдделі уағдаласушы тараптардың арасында келісімге қол жеткізілсе, олар орны толтырылатын өзгерістерге байланысты осындай келісімді іске асыру үшін осы Келісімге қоса берілген тиісті Тізбелерге көзделген құнын кемітуді өзгертуі немесе қайтып алу мүмкін.

(b) Егер жоғарыда көрсетілген (a) тармақшасында көзделген хабарламадан кейін алпыс күн ішінде келісімге қол жеткізілмеген болса, онда құнын кемітуді өзгертуді немесе қайтып алуды ұсынатын уағдаласушы тарап УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРҒА кедергісіз қарауы тиіс мәселе беруі мүмкін. Егер олар құнын кемітуді өзгертуді немесе қайтарып алуды ұсынатын уағдаласушы тарап келісімге қол жеткізуі үшін бар күш-жігерін салуы тиіс және ұсынылған өзгерістер жеткілікті деп таныса, онда мұндай уағдаласушы тарап бір уақытта орнын толтыратын өзгерістерді қолданса, құнын кемітуді өзгертуі немесе қайтарып алуы мүмкін. Егер УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР

құнын кемітуді өзгертуі немесе қайтарып алуы ұсынылатын уағдаласушы тарап ұсынатын өтемақы баламалы болып табылса, баламалы өтемақы ұсынуы үшін барлық есті күш-жігерін қолданса, онда мұндай уағдаласушы тарап құнын кемітуді өзгертуі немесе қайтарып алуы мүмкін. Егер бұл жүзеге асырылса, онда жоғарыда көрсетілген ( а) тармақшасында айтылған кез келген басқа уағдаласушы тарап осындай іс-қимылды\* қабылдайтын уағдаласушы тараппен бастапқыда келісілген мәні бойынша эквиваленттік құнын кемітуді өзгертуі немесе қайтарып алуы мүмкін.

В тарау

8. Уағдаласушы тараптар осы баптың 4 (а) тармағының іс-қимылына жататын УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР егер жылдам даму үдерісінде болса, ішкі нарықты кеңейту, сондай-ақ сауда жағдайында тұрақсыздық салдарынан туындайтын төлем теңгерімінен қиындықтарды сезінетін болса икемді деп танылады.

9. Осы баптың 4 (а) тармағының анықтамасына жататын уағдаласушы тарап өзінің ішкі қаржылық жағдайының тұрақтылығын және оның экономикалық даму бағдарламаларын жүзеге асыру үшін баламалы валюталық қор деңгейін қамтамасыз ететін болса, онда 10-12-тармақтар ережелерін сақтай отырып, импортқа рұқсат етілген тауарлар санын немесе құнын шектеу жолымен оның импортының жалпы деңгейін реттей алады; импорттың енгізілетін, белгіленетін немесе күшейтілетін шектеулері қажет болуына қарағанда қатаң болмауы тиіс:

(а) қауіптің алдын алу немесе оның ақшалай резервін тоқтату үшін, не болмаса

(b) уағдаласушы тараптардың жетіспеген ақшалай резервтеріне қатысты ісі болған жағдайда оның қорының есті қарқынына қол жеткізу үшін.

Сол немесе осы жағдайда уағдаласушы тараптардың валюталық қорының жағдайына немесе осындай қорларға қажеттіліктерге, оның ішінде арнайы сыртқы несиелерді немесе басқа көздерді пайдалану мүмкіндігіне, осындай несиелерді немесе көздерді тиісті пайдалану қажеттілігіне әсер етуі мүмкін кез келген ерекше деректерге аса назар аударылады.

10. Осындай шектеулерді қолдану кезінде уағдаласушы тарап оларды әртүрлі тауарларды немесе тауарлар топтарын олар оның экономикалық даму саясатына айтарлықтай әсер етуі үшін тауарларды енгізуге аса назар аударылады, кез келген басқа уағдаласушы тараптың экономикалық немесе коммерциялық мүддесіне қажетсіз залал келтіруден бас тарту үшін және импорттауға тартылуы мүмкін, және кез келген тауарды төменгі коммерциялық сандарда тауарлардың кез келген түрін енгізуге есті негізсіз кедергі келтірусіз, олардың күшін жою сауданың қарапайым арналарына әсер етпеуі тиіс.

11. Тиісті уағдаласушы тарап өзінің ішкі саясатын жүргізу кезінде салауатты және жалғасын табатын негізде оның төлем теңгерімінің тепе-теңдігін қалпына келтіру қажеттілігіне және өндірістік ресурстарды экономикалық пайдалануды қамтамасыз ету ниетіне аса назар аударады. Жағдайлар жақсара бастауына қарай, ол осы баптың 9-

тармағының қосымшасына сәйкес қажетті шектеулерді сақтай отырып және егер жағдай одан әрі қолдаудың орнын толтырмаса күшін жою отырып, осы тарауға сәйкес қолданылатын кез келген шектеулерді әлсіретеді; егер бірде бір уағдаласушы тараптан оның саясатта дамуын өзгерту осы тарауға\* сәйкес қолданылатын шектеулерді артық ететін негізде шектеулерді қайтарып алуы немесе өзгертуі үшін талап етілмейтін жағдайда.

12. (a) Осы тарауға сәйкес қолданылатын шараларды айтарлықтай күшейту жолымен жаңа шектеулер қолданатын немесе қолданыстағы шектеулердің жалпы деңгейін арттыратын кез келген уағдаласушы тарап осындай шектеулерді енгізгеннен немесе күшейткеннен кейін дереу (немесе осыған дейін, егер міндеттемелер алдын ала кеңес берулерді өткізу іс жүзінде мақсатқа сай етсе) төлем теңгерімімен, оның иелігіндегі жағдайды түзету жөніндегі баламалы шаралармен сыналатын қиындықтар табиғатына қатысты және басқа да уағдаласушы тараптардың экономикасына шектеулерді мүмкін болар тиімділігіне қатысты УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРМЕН кеңеседі.

(b) УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР олар белгілеген күнге\* осы күнге осы тарауға сәйкес әлі де қолданылатын барлық шектеулерді қайта қарастырады. Осы күннен кейін екі жыл өткен соң осы тарауға сәйкес шектеулерді қолданатын УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРМЕН осындай үлгідегі кеңестерді бастайды, ол жоғарыда көрсетілген (a) тармақшасында қарастырылған, шамамен екі жыл өткен соң, бірақ одан төмен емес, бағдарламаға сәйкес УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРМЕН жыл сайын әзірленуі тиіс; осы тармақтың қандай да бір басқа ережесіне сәйкес жүргізілетін жалпы сипаттағы кеңестерді аяқтағаннан кейін екі жыл ішінде осы тармаққа сәйкес бірде бір басқа кеңестер жүргізілуі тиіс емес.

(c) (i) Осы тармақтың (a) және (b) тармақшаларына сәйкес уағдаласушы тараппен кеңес жүргізу барысында УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР шектеулер осы тараудың ережелеріне немесе XIII бабының ережелеріне сәйкес келмейді (XIV бабының ережелерін сақтай отырып) олар осындай сәйкес келмеу табиғатына нұсқайды және шектеулер өзгертілуі үшін ұсынуы мүмкін деп табады.

(ii) Егер, бірақ, кеңес беру нәтижесінде УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР шектеулер осы тараудың ережелеріне немесе XIII бабының ережелеріне сәйкес келмейтіндігін (XIV бабының ережелерін сақтай отырып) ескеріп, қолданылса және олар залал келтірсе немесе басқа уағдаласушы тараптың саудасына залал келтіретін қауіп жасалса, олар ол туралы шектеулерді қолданатын уағдаласушы тарапқа хабарлайды және белгілі бір кезең ішінде осы ережелерге сәйкес қамтамасыз ету мақсатында тиісті ұсынымдар жасайды. Егер мұндай уағдаласушы тарап осы ұсынымдарды көрсетілген кезең ішінде орындамаса, УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР қалыптасқан жағдайда сай келеді деп

санайтын шектеулерді қолданатын уағдаласушы тараптар қатысында осы келісім бойынша осындай міндеттемелерден саудада шектеулерді теріс сипаттайтын кез келген уағдаласушы тарапты босатуы мүмкін.

(d) УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР осы тарауға сәйкес шектеулерді қолданатын кез келген уағдаласушы тарапты шақырады және олармен кез келген уағдаласушы тараптың өтініші бойынша кеңес жүргізеді, ол *prima facie*-мен шектеулер осы тараудың ережелерімен және XIII бабының ережелерімен (XIV бабының ережелерін сақтаумен) сәйкес келмейді деп танылады және шектеулер оның саудасында теріс сипат алады. Бірақ, егер УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР мүдделі уағдаласушы тараптар арасында сәтсіз болып танылса, шақыру қағазы жіберілмейді. Егер УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРМЕН келіссөзге қол жеткізілмесе, олар шектеулерді қолдану көрсетілген ережелермен сай келмейді деп белгілейді, және олар залал келтіріп, үдерісті қоздырған уағдаласушы тараптың саудасына залал келтіреді, УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР осындай шектеулердің күшін жояды немесе өзгертуді ұсынады. Егер УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР белгілейтін мерзім ішінде шектеулер қайтарып алынбаса немесе күшін жоймаса олар үдерісті қоздырған уағдаласушы тарапты осы Келісім бойынша қалыптасқан жағдайда сәйкес келеді деп танитын шектеулерді қолданатын уағдаласушы тараптар қатысында осындай міндеттерден босатуы мүмкін.

(e) Егер оған қарсы осы тармақтың (c) тармақшасын (ii) немесе (d) тармақшасын соңғы ұсынуға сәйкес шаралар қолданылатын уағдаласушы тарап УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРМЕН рұқсат етілген міндеттемелерден босату оның бағдарламасына және экономикалық даму саясатына теріс әсер етеді деп табылады, ол осындай шараны қабылдағаннан кейін кемінде алпыс күннен кешіктірмей, УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТЫҢ атқарушы хатшысын<sup>2</sup> осы Келісімнен шығу туралы өзінің ұйғарымын хабарлайды, бұл ретте мұндай шығу хабарлама алғаннан кейінгі күннен кейін алпысыншы күні болады.

(f) Осы тармаққа сәйкес әрекет ете отырып, УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР осы баптың 2-тармағында көрсетілген факторларды назарға алып қабылдайды. Осы тармаққа сәйкес шешімдер жылдам және мүмкіндігінше кеңес беру басталғаннан кейін алпыс күн ішінде қабылданады.

---

<sup>2</sup>УАҒДАЛАСҚАН ТАРАПТАР 1965 жылғы 23 наурыздағы шешіммен ГАТТ хатшылығы басшысы лауазымының атауын "Атқарушы Хатшыдан" "Бас директорға" өзгертті.

#### С тарау

13. Егер осы баптың 4 (a) тармағының іс-қимылына түсетін уағдаласушы тараптар оның халқының өмір сүруінің жалпы деңгейін арттыру мүддесіндегі өнеркәсіптің\* қандай да бір саласын құруға ықпал ету үшін үкіметтік көмек талап етіледі деп табады,

бірақ, осы Келісімнің басқа ережелерімен сәйкес бірде бір шара осы мақсатқа жету үшін іс жүзінде мақсатқа сай емес деп табылмайды, ол осы тарауда\* жазылған ережелер мен рәсімдерге жүгінуі мүмкін.

14. Мүдделі уағдаласушы тарап УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫ осы баптың 13-тармағында белгіленген мақсатқа қол жеткізуде кездесетін нақты қиындықтар туралы хабарлайды және осы қиындықтарды жою үшін енгізуді ұсынатын импортты қозғайтын нақты шараны көрсетеді. Ол жағдайға байланысты 15 немесе 17-тармақтарда белгіленген мерзім өткеннен кейін осындай шараны іске қоспайды немесе мұндай шара 18-тармақтың ережелеріне сәйкес УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ келісімін алғанша осы Келісімге қоса берілген тиісті Тізбеге енгізілген құнын төмендету мәні болып табылатын тауар импортын шараға да байланысты болады; көмек алған өнеркәсіп саласы өндірісін бастаған жағдайда уағдаласушы тарап УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ ақпаратынан кейін осы кезең ішінде тауардың немесе тауарлар импортының қалыпты деңгейінен\* артық айтарлықтай артуына жол бермеу үшін қажетті болуы мүмкін шаралар қабылдайды.

15. Егер шара туралы хабарлама алғаннан кейін отыз күн ішінде УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР осындай уағдаласушы тараптан олармен кеңес жүргізуді бастауды талап етпесе, онда бұл уағдаласушы тарап осы Келісімнің басқа баптарының тиісті ережелерін ұсынылған шараларды қолдану үшін қандай да бір дәрежеде орындаудан бас тарта алады.

16. Егер бұны УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР талап етсе, тиісті УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАП олармен ұсынылған шаралар мақсатына қатысты, оларға осы Келісімге сәйкес, сондай-ақ басқа уағдаласушы тараптың коммерциялық және экономикалық мүддесіне мүмкін болар әсеріне қатысты кеңес алады. Егер осындай кеңес беру нәтижесінде УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР осы баптың 13-тармағында белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін іс жүзінде мақсатқа сай осы келісімнің басқа да ережелерімен сай келетін шара жоқ деп танылса және ұсынылған шарамен келіссе\*, тиісті уағдаласушы тарап осы Келісімнің осы шараларды қолдану үшін қажетті басқа баптарының тиісті ережелері бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатылады.

17. Осы баптың 14-тармағына сәйкес ұсынылған шара туралы хабарлама алған күннен кейін тоқсан күн ішінде УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР осы шараға келісім бермейді, тиісті уағдаласушы тарап УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫ ақпараттандырғаннан кейін ұсынылған шараны енгізуі мүмкін.

18. Егер ұсынылған шара осы Келісімге қоса берілген тиісті Тізбеге енгізілген құнын төмендету мәні болып табылатын тауарға тиесілі болса, тиісті уағдаласушы тарап бастапқыда құнын төмендету бойынша келісілген кез келген басқа уағдаласушы тараппен және УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ белгілеуі бойынша бұған айтарлықтай мүддесі бар кез келген уағдаласушы тараппен кеңес беруді бастайды. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР егер олар осы баптың 13-тармақта жазылған мақсатқа

қол жеткізу үшін келіскен болса, осы шараны жүзеге асыруға келісімін\* береді. Осы Келісімнің басқа ережелеріне сай келетін іс жүзінде мақсатқа сай шара жоқ және олар төмендегілер туралы сенімді болса:

(а) жоғарыда айтылғандар туралы кеңес беру нәтижесінде басқа уағдаласушы тараптармен келісімге қол жеткізілді, немесе

(б) егер келісім УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР 14-тармақта көрсетілгендей, осы тараудың ережелеріне жүгінген уағдаласушы тарап келісімге қол жеткізу үшін барлық күш-жігерін қабылдаса және басқа уағдаласушы тараптардың мүддесі жеткілікті деңгейде қорғалғандығы туралы хабарлама алғаннан кейін алпыс күн ішінде қол жеткізілмесе.

Осы тараудың ережелеріне жүгінген уағдаласушы тарап осы Келісімнің басқа баптарының тиісті ережелері бойынша өз міндеттемелерінен осы шараны қолдануға мүмкін беруге қажетті деңгейде босатылады.

19. Егер осы баптың 13-тармағында жазылған осындай үлгідегі ұсынылған шара төлем теңгерімі мақсатында осы Келісімнің ережелеріне сәйкес мүдделі уағдаласушы тарап бастапқы кезеңде белгілеген шектеулер жолымен жүзеге асырылған кездейсоқ қорғанысқа ықпал етсе, онда бұл уағдаласушы тарап осы тараудың ережелеріне және рәсімдеріне жүгінуі мүмкін; УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ\* келісімінсіз ұсынылған шараны қолданбаған жағдайда.

20. Осы тараудың алдыңғы тармақтарында ештеңе осы Келісімнің I, II және XIII баптарының ережелерінен қандай да бір ауытқуларға рұқсат ретінде түсіндірілмейді. Осы баптың 10-тармағында көрсетілген талаптар осы тарауға сәйкес белгіленген кез келген шектеулерге қолданылады.

21. Кез келген уақытта, осы баптың 17-тармағына сәйкес шара қолданылса, кез келген уағдаласушы тарап шараларды қолдануды тоқтата тұруға УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР\* қарсылық білдірмейтін, осы Келісім бойынша басқа міндеттемелер мен негізгі эквивалентті кемітуде қолданылатын осы тараудың ережелеріне жүгінген уағдаласушы тараптармен сауда жүргізу қатысында тоқтата тұруы мүмкін; УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР іс-қимылды осындай тоқтату туралы хабарламаны шараны енгізген сәттен бастап алты ай мерзім аяқталған соң кемінде алпыс күннен кешіктірмей алуы тиіс жағдайында. Осындай кез келген уағдаласушы тарап осы Келісімнің XXII бабының ережелеріне сәйкес кеңес алу үшін баламалы мүмкіндік ұсынады.

#### D тарау

22. Осы баптың 13-тармағында жазылған осындай үлгідегі шараны енгізу өз экономикасын дамыту мүддесіне ниет білдірген осы баптың 4(b) тармағының іс-қимылына жататын уағдаласушы тарап өнеркәсіптің\* қандай да бір жекелеген саласын құру қатысында УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРҒА осындай шараны мақұлдауын өтінуі мүмкін. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР осындай уағдаласушы

тараппен дереу кеңес жүргізуге кіріседі және шешім қабылдау кезінде 16-тармақта мазмұндалған түсініктерді басшылыққа алады. Егер УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР ұсынылған шарамен келіскен\* жағдайда осы уағдаласушы тарап шара қолдану үшін қажет шамада осы Келісімнің басқа баптарының тиісті ережелері бойынша өз міндеттемелерінен босатылады. Егер ұсынылған шара осы Келісімге қоса берілген тиісті Тізбеге енгізілген құнын төмендету мәні болып табылатын тауарға тиесілі болса, онда 18-тармақтың\* ережелері қолданылады.

23. Осы төлімге сәйкес қолданылатын кез келген шара осы баптың 20-тармағының ережелеріне сәйкес болады.

## **XIX-БАП**

### *Жекелеген тауарлардың импортына қатысты төтенше шаралар*

1. (a) Егер осы Келісім бойынша уағдаласушы тарап өзіне алған міндеттемелерді орындау және күтпеген жағдаяттар нәтижесінде, тарифтік құнын төмендетуді қоса алғанда, қандай да бір тауар саны жағынан өсіп келе жатқан және осындай жағдайдағы уағдаласушы тараптың аумағына импортталады, ол осы аумақта отандық өндірушілердің осындай немесе тікелей бәсекелес тауарларына зиян келтіреді және залал келтіруге қауіп тудырады, уағдаласушы тарап міндеттемесін тоқтата тұруға, осындай тауар қатысында осындай дәрежеде және осындай залалдың алдын алу немесе жою үшін қажетті болуы мүмкін мерзімде толығымен немесе бір бөлігін, құнын кемітуді қайтарып немесе өзгерте алады.

(b) артықшылық қатысында құнын төмендету объектісі болып табылатын қандай да бір тауар уағдаласушы тараптың аумағына осы тармақтың (a) тармақшасында көзделген жағдайда импортталады, осылайша ол уағдаласушы тараптың аумағындағы тауарлармен ұқсас немесе тікелей бәсекелесетін отандық өндірушілерге айтарлықтай залал келтіреді немесе қауіп төндіреді, осындай артықшылық алған немесе алатын уағдаласушы тарап басқа уағдаласушы тараптың өтініші бойынша тиісті міндеттеме іс-қимылын тоқтата немесе осындай залалдың алдын алу немесе жою үшін қажетті болуы мүмкін мерзімде және осындай дәрежеде осы тауар қатысында құнын төмендетуді қайтарып алады немесе өзгерте алады.

2. Кез келген уағдаласушы тарап осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес шаралар қабылдағанға дейін ол УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРҒА қаншалықты мақсатқа сай, алдын ала жазбаша хабарлайды және УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРҒА және осы тауардың экспортерлері ретінде айтарлықтай мүдделі уағдаласушы тараптарға болжанған шаралар қатысында кеңес беру мүмкіндігін ұсынады. Осындай хабарлама артықшылық қатысында жасалса, онда хабарламада осы шараны қабылдауды өтінген уағдаласушы тараптың атауы көрсетіледі. Қиын-қыстау

жағдайларда, кідіру орнын толтыру қиын болатын залал келтірген жағдайда, осы баптың 1-тармағына сәйкес уақытша, алдын ала кеңес алусыз, осы кеңес алулар осындай шараларды қабылдағаннан кейін дереу жүргізілуі мүмкін.

3. (а) көрсетілген шара қатысында мүдделі уағдаласушы тараптар арасындағы келісімге қол жеткізілмесе, шара қабылдауды ұсынатын немесе жалғастыратын уағдаласушы тарап осыны жасай алады, және осындай шара қабылданса немесе жалғасын тапса, онда осы шараға тартылған УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР шара қабылданғаннан кейін тоқсан күннен кешіктірмей, УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР осындай тоқтату туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап отыз күн ішінде саудаға осындай шара қабылдаған, немесе осы баптың 1 (b) тармағында көзделген жағдайда осындай шара, айтарлықтай эквиваленттік құнын төмендету немесе УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ қарсылықтарын қолдамайтын осы Келісім бойынша басқа міндеттемелері туралы өтінім білдіретін уағдаласушы тарапты тарта алады.

(b) Осы тармақтың (а) тармақшасының ережелеріне қарамастан, яғни шара алдын ала кеңес алусыз осы баптың 2-тармағына сәйкес қабылданған, және уағдаласушы тараптың аумағында отандық өндірушілердің осы шарамен қамтылған тауарына айтарлықтай залал келтіреді немесе келтіруге қауіп төндіретін жағдайда, көрсетілген уағдаласушы тарап шара қабылданғаннан кейін және кеңес беру кезеңі ішінде, кідірту қиын түзетілетін залал келтіруі мүмкін, осындай құнын төмендетуді және тоқтата тұруы залалдың алдын алу немесе жою үшін қажетті болуы мүмкін басқа да міндеттемелерді тоқтата тұруы мүмкін.

## **XX-БАП**

### *Жалпы ерекшеліктер*

Жағдайлары бірдей елдер арасында еркін немесе ақталмаған кемсіту арқылы болуы мүмкін себеппен қолданылмайтын немесе халықаралық сауданы жасырын шектейтін жағдайда осы Келісімде кез келген уағдаласушы тараптардың төмендегі шараларды қабылдауға немесе қолдануға кедергі келтірмейді:

(а) қоғамдық ғибратты қорғау үшін қажетті;

(b) адамның өмірін немесе денсаулығын, жануарларды және өсімдіктерді қорғау үшін қажетті;

(c) алтынды немесе күмісті әкелуге немесе шығаруға жататын;

(d) осы Келісімнің ережелеріне қайшы келмейтін, кедендік заңнаманы, II баптың 4-тармағына және XVII бабына сәйкес әрекет ететін монополиялар туралы ережені сақтауды, патенттерді, тауарлық белгілерді және авторлық құқықтарды қорғауды және әділетсіз тәжірибенің алдын алуды қамтамасыз етуге жататын заңдарға немесе қағидаларға сәйкестігін қамтамасыз етуге қажетті;

(e) бас бостандығынан айырылғандар жүргізетін тауарға қатысты;

(f) көркемдік, тарихи немесе археологиялық құндылықтағы ұлттық қазынаны қорғау үшін қабылданған;

(g) егер осындай шаралар ішкі өндірісті немесе тұтынуды шектеумен бір уақытта жүргізілсе, ескірген табиғи ресурстарды консервациялауға қатысты;

(h) УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ қарауына ұсынылған өлшемдерге сәйкес үкіметаралық тауарлық келісім бойынша міндеттемелерді орындау барысында қабылданған және олар бас тартпаған немесе УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ өздерінің қарауына ұсынылған және олар бас тартпаған \*;

(i) кезең ішінде отандық өңдеуші өнеркәсіптің осындай материалдарының жеткілікті санын қамтамасыз етуге қажетті отандық материалдар экспортын шектеумен байланысты, үкімет жүзеге асырып жатқан тұрақтандыру жоспарының бір бөлігі ретінде осындай материалға ішкі баға әлемдік бағаға қарағанда ең төменгі деңгейде болған жағдайда; осындай шектеулер экспортты кеңейтуге немесе осы отандық өнеркәсіпті қорғауға ықпал етпейді және кемсітпеуге қатысты осы Келісімнің ережелерінен қалмайды;

(j) толығымен немесе нақты өңір үшін тапшы болып табылатын тауарларды сатып алу немесе бөлу үшін; кез келген осындай шаралар қағидаттармен үйлесімді, өйткені барлық УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР осындай тауарлардың әділ үлесіне құқылы және кез келген осындай шаралар осы Келісімнің басқа ережелерімен сәйкес келмейді, оларды қолдану себебі болатын талаптар әрекет етпеген жағдайда тоқтатылады. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР 1960 жылғы 30 маусымнан кешіктірмей осы тармақты сақтау қажеттілігін қарастырады.

## **XXI-БАП**

### *Қауіпсіздік түсінігі бойынша ерекшеліктер*

Осы Келісімде ештеңе түсіндірмеуі тиіс емес

(a) қандай да бір уағдаласушы тарапқа талап ретінде ашылуы оның қауіпсіздігінің мүддесіне қайшы келеді деп танылатын қандай да бір ақпарат ұсыну, немесе

(b) кез келген уағдаласушы тарапқа кедергі келтіру ретінде өзінің қауіпсіздігінің мүддесін қорғау үшін қажетті деп санайтын осындай іс-қимылды қабылдау:

(i) ажырату материалдары немесе өздері өндірілетін материалдар қатысында;

(ii) қару-жарақ, оқ дәрі және іскери материалдар, сондай-ақ басқа тауарларды және қарушы күштерді жабдықтау мақсатында тікелей немесе жанама жүзеге асырылатын материалдар қатысында;

(iii) егер олар әскери уақытта немесе халықаралық қатынастарда басқа да төтенше жағдайларда қабылданса, немесе

(c) кез келген уағдаласушы тарапқа бүкіл әлемде бейбітшілікті және халықаралық қауіпсіздікті сақтау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы бойынша өз міндеттемелерін атқаруда кез келген уағдаласушы тарапқа кедергі келтіру ретінде.

## **XXII-БАП**

### *Консультациялар*

1. Әрбір уағдаласушы тарап басқа уағдаласушы тарапқа осы келісімнің іс-қимылына байланысты кез келген мәселе қатысында жасауы мүмкін ұсынымдар бойынша кеңес беру үшін баламалы мүмкіндіктерді қарастырады және ұсынады.

2. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР уағдаласушы тараптың өтініш бойынша 1-тармақта көзделген кеңес беру жолымен қанағаттандырушылық шешім табу мүмкін болмайтын кез келген мәселе қатысында тараптармен және кез келген уағдаласушы тараппен кеңесуі мүмкін.

## **XXIII-БАП**

### *Пайданы жою немесе қысқарту*

1. Егер қандай да бір уағдаласушы тарап ол алған кез келген пайда тікелей немесе жанама, осы Келісім бойынша жойылады немесе қысқартылады немесе кез келген мақсатқа қол жеткізу төмендегілер нәтижесінде қиындатылады:

(а) осы Келісім бойынша оның міндеттемелерін басқа уағдаласушы тарап орындамаған, немесе

(б) басқа уағдаласушы тарап осы Келісімнің ережелеріне қайшы келтіруіне тәуелсіз кез келген шараны қолдану, немесе

(с) кез келген басқа жағдай,

Уағдаласушы тарап мәселені қанағаттандырушылықтай реттеу мақсатында жазбаша ұсыным жасауға немесе басқа уағдаласушы тарапқа немесе тараптарға ұсыныс енгізуі мүмкін. Өтініш білдіретін кез келген тарап ол жасаған ұсынымды немесе ұсынысты қарауға тиіс.

2. Егер белгіленген кезең ішінде уағдаласушы тараптар арасында мәселені қанағаттандырушылық шешуге қол жеткізілмеген жағдайда немесе осы баптың 1 (с) тармағында жазылған осындай қиындықтар туындаған жағдайда мәселе УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ қарауына жіберілуі мүмкін. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР олар жіберген кез келген мәселені жылдам зерттейді және олардың пікірі бойынша тиесілі деп танылған уағдаласушы тараптарға тиісті ұсынымдар жасайды және осы мәселе бойынша шешім шығарады. УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР уағдаласушы тараптармен, Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесімен және басқа тиісті үкіметаралық ұйыммен осындай кеңестер қажетті деп танитын кеңес беруі мүмкін. Егер УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАР міндеттемелер айтарлықтай ауқымды болып табылса, олар уағдаласушы тарапқа немесе тараптарға кез келген басқа уағдаласушы тарап қатысында осындай құнын төмендетулерді немесе осы Келісім бойынша басқа да міндеттемелер қатысында

тоқтатуы мүмкін. Кез келген уағдаласушы тарапқа қатысты кез келген құнын кеміту немесе басқа міндеттемелерді қолдану тоқтатылса, онда осындай уағдаласушы тарап шара қабылданғаннан кейін алпыс күннен кешіктірмей, УАҒДАЛАСУШЫ ТАРАПТАРДЫҢ Атқарушы хатшысын<sup>3</sup> осы келісімнен шығу ниеті, осындай шығу осындай хабарламаны алғаннан кейін алпысыншы күні орын алады, туралы жазбаша хабарлайды.

### III БӨЛІМ

#### XXIV-БАП

*Аумақтық қолдану – Шекара маңы саудасы – Кеден одақтары және еркін сауда аймақтары*

1. Осы Келісімнің ережелері келісуші тараптар метрополияларының аумақтарына және XXVI бапқа сәйкес осы Келісім қабылданған кез келген басқа кеден аумақтарына қолданылады немесе XXXIII бапқа сәйкес немесе Уақытша қолдану туралы Хаттаманың орындалуына орай қолданылады. Әрбір осындай кеден аумағы осы Келісімнің аумақтық қолданылу тұрғысынан келісуші тарап ретінде қарастырылады; бұл жағдайда осы тармақтың ережелері олар екі немесе бірнеше кеден аумақтары арасында кез келген құқықтар немесе міндеттемелер жасайды деген мағынада түсіндірілмейді, оларға қатысты осы Келісім XXVI бапқа сәйкес бір келісуші тарап болып қабылданды немесе XXXIII бапқа сәйкес немесе Уақытша қолдану туралы Хаттаманың орындалуына орай қолданылады.

2. Осы Келісімнің мақсаттары үшін кедендік аумақ дегеніміз осындай аумақтың басқа аумақтармен саудасының елеулі бөлігін жүзеге асыру үшін жеке тарифтер немесе басқа да сауданы реттеу шаралары қолданылатын кез келген аумақ болып табылады.

3. Осы Келісімнің ережелері келесілерге кедергі болатындай түсіндірілмеуі тиіс:

(а) қандай да бір келісуші тараптың шекара маңы саудасына ықпал ету мақсатында көршілес елдерге артықшылық ұсынуы;

(б) мұндай артықшылықтар Екінші дүниежүзілік соғыс нәтижесінде жасалған бейбіт шарттарға қайшы келмеген жағдайда, осы аумаққа іргелес Үшінші елдердің Еркін Аумағымен саудасына артықшылық ұсыну.

4. Келісуші тараптар дамыту арқылы, келісімдер арқылы, осындай келісімге қатысушы елдердің экономикаларын бұрынғыдан тығыз біріктіру арқылы еркін сауданы кеңейтуді дұрыс деп санайды. Сондай-ақ олар кеден одағының немесе еркін сауда аймақтарының мақсаты басқа келісуші тараптардың осы аумақтармен саудасына кедергі келтіру емес, оларды құрайтын аумақтардың арасындағы саудаға ықпал ету болуы тиіс деп таниды.

5. Тиісінше, осы Келісімнің ережелері келісуші тараптар аумақтарының *мына жағдайларда* кеден одағын немесе еркін сауда аймағын құруына немесе кеден одағын

немесе еркін сауда аймағын құруға қажетті уақытша келісімді қабылдауға кедергі келтірмейді:

(а) кеден одағына немесе кеден одағын құруға әкеп соғатын уақытша келісімге қатысты, осындай одақтың немесе келісімнің қатысушысы болып табылмайтын келісуші тараптармен саудасына қатысты осындай одақты құру немесе уақытша келісім жасау кезінде белгіленген баж салықтары мен басқа да сауданы реттеу шаралары жалпы алғанда, оны құрайтын аумақтарда осындай одақтар құрылғанға дейін немесе осындай уақытша келісімдер қабылдау жағдайына байланысты қолданылған баж салықтары немесе сауданы реттеу шараларының жалпы шамасынан жоғары немесе бұрынғыдан шектеулі болып табылмайды;

(b) еркін сауда аймағына немесе еркін сауда аймағын жасауға әкеп соғатын уақытша келісімге қатысты, осындай аймаққа енгізілмеген немесе осындай келісімнің қатысушысы болып табылмайтын келісуші тараптардың саудасына қатысты оны құрайтын аумақтардың әрқайсысында болған және осындай еркін сауда аймағын жасау немесе осындай уақытша келісім қабылдау сәтінде қолданылған баж салықтары мен басқа да сауданы реттеу шаралары оны құрайтын аумақтарда еркін сауда аймағын құруға дейін немесе уақытша келісім жағдайына байланысты болған тиісті баж салықтары мен басқа да сауданы ерттеу шараларынан жоғары немесе бұрынғыдан шектеулі болып табылмайды; және

(c) (a) және (b) тармақшаларында аталған кез келген уақытша келісімге оңтайлы уақыт кезеңі ішіндегі осындай кеден одағының немесе еркін сауда аймағының жоспары және құрылу кестесі кіреді.

6. Егер 5 (a) тармағының талаптарын орындау кезінде келісуші тарап II баптың ережелеріне қайшы баж салығының кез келген мөлшерлемесін ұлғайтуды ұсынса, онда XXVIII бапта баяндалған рәсім қолданылады. Өтемақы ұсыну кезінде кеденнің басқа құрылтайшыларында тиісті баж салығын азайту нәтижесінде бұрын берілген өтемақыға тиісті көңіл бөлінеді.

7. (a) Кеден одағына немесе еркін сауда аймағына, не болмаса осындай одақ немесе аймақтың құрылуына әкеп соғатын уақытша келісімге кіруге шешім қабылдаған кез келген келісуші тарап **КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРҒА** бұл туралы жедел хабарлайды және оларға ұсынылған одақ немесе аймаққа қатысты келісуші тараптар үшін қажет деп танитын баяндамалар мен ұсынымдар жасауға мүмкіндік беретін ақпарат ұсынады.

(b) Егер 5-тармақта аталған уақытша келісімге енгізілген жоспар және кестемен танысып, осы келісімнің қатысушыларымен кеңесу кезінде және (a) тармақшасының ережелеріне сәйкес ұсынылған ақпаратты назарға ала отырып, **КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР** келісім тараптары белгілеген уақыт ішінде мұндай келісім кеден одағының немесе еркін сауда аймағының құрылуына әкеп соғуы екіталай немесе мұндай уақыт аралығы

жеткіліксіз деп таныса, КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР осы келісімнің қатысушыларына ұсынымдар жасайды. Тараптар егер келісімді осы ұсынымдарға сәйкес өзгертуге дайын болмаса, мұндай келісімді сақтауға немесе тиісінше күшіне енгізуге тиісті емес.

(с) 5 (с) тармақта аталған жоспардың немесе кестенің елеулі өзгерістері туралы КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРҒА хабарланады, егер мұндай өзгеріс кеден одағын немесе еркін сауда аймағын құруға қауіп төндіруі немесе тым баяулатуы мүмкін болса, олар мүдделі келісуші тараптардан кеңесуді сұрауы мүмкін.

8. Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

(а) кеден одағы дегеніміз екі немесе бірнеше кеден аумағын келесідей түрде бір кеден аумағымен алмастыру болып табылады:

(i) баж салықтары және басқа да сауданы реттеудің шектеу шаралары (XI, XII, XIII, XIV, XV және XX рұқсат етілген шаралар қажет болған жағдайларды қоспағанда) одақты құрайтын аумақтардың арасындағы барлық дерлік саудаға қатысты немесе, кем дегенде, осы аумақтардан шығатын барлық дерлік тауар саудасына қатысты баж салықтары мен басқа да сауданы реттеудің шектеу шараларынан бас тартылады, және

(ii) 9-тармақтың ережелері сақталған жағдайда сол барлық баж салықтарын және сауданы реттеудің басқа да шараларын одақтың әр мүшесі одаққа кірмеген аумақтармен саудаға қатысты қолданады;

(b) еркін сауда аймағы дегеніміз құрайтын аумақтардың арасында осы аумақтардан шығатын тауарларға қатысты барлық дерлік сауда үшін баж салықтары мен басқа да сауданы реттейтін шектеу шаралары (XI, XII, XIII, XIV, XV және XX баптарда рұқсат етілген шаралар қажет болған жағдайларды қоспағанда) алынып тасталған екі немесе одан да көп кеден аумақтарынан тұратын топ болып табылады.

9. 1-баптың 2-тармағында аталған артықшылықтар кеден одағының немесе еркін сауда аймағының құрылуымен қозғалмайды, бірақ олар мүдделі келісуші тараптармен келіссөздер арқылы алынып тасталуы немесе нақтылануы мүмкін \*. Мүдделі келісуші тараптармен келіссөздер рәсімі, жеке алғанда, 8(a) (i) тармағының және 8 (b) тармағының ережелерін орындау үшін талап етілетін артықшылықтарды алып тастау кезінде қолданылады.

10. КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР 5-тен 9 аралығындағы тармақтардың талаптарына толығымен сәйкес келмейтін ұсыныстарды, егер мұндай ұсыныстар осы баптың мағынасында кеден одағын немесе еркін сауда аймағын құруға әкеп соққан жағдайда, үштен екі көпшілік дауыспен мақұлдай алады.

11. Үндістан мен Пәкістанның тәуелсіз мемлекеттер ретінде құрылуына байланысты туындаған айрықша жағдайларды назарға ала отырып және олардың ұзақ уақыт бойы бірыңғай экономикалық тұтас болу фактісін мойындай отырып, келісуші тараптар осы Келісімнің ережелері түпкілікті негізде өзара сауда қатынастарын бекіткенге дейін осы екі елдің арасында сауда туралы арнайы келісім жасауына кедергі келтірмейтіндігіне келісім береді\*.

12. Әр келісуші тарап осы Келісім ережелерін оның аумағындағы өңірлік және жергілікті үкіметтің және биліктің сақтауын қамтамасыз ету мақсатында оның өкіміндегі дұрыс шараларды қабылдайды.

## **XXV-БАП**

### *Келісуші тараптардың бірлескен іс-әрекеттері*

1. Келісуші тараптардың өкілдері осы Келісімнің бірлескен іс-әрекеттерді көздейтін ережелерінің қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында және тұтас алғанда, осы Келісімнің қызмет етуін жеңілдету және оның мақсаттарына қол жеткізу мақсатында мезгіл-мезгіл кездесіп отырады. Осы келісімде бірлесе әрекет ететін келісуші тараптарға сілтеме жасалған жағдайда, олар КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР ретінде қарастырылады.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ бірінші кездесуін 1948 жылдың 1 наурызынан кешіктірмей жасау ұсынылады.

3. Әрбір келісуші тараптың КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ барлық отырыстарында бір дауыс құқығы бар.

4. Егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе, КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады.

5. Осы Келісімде көзделмеген айрықша жағдайларда КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР кез келген шешім үштен екі көпшілік дауыспен мақұлданған жағдайда және мұндай көпшілік келісуші тараптардың жартысынан көбін құраса, келісуші тарапты міндеттемеден босата алады. Сондай-ақ КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР мұндай дауыс беру жолымен:

(i) міндеттемеден босатуға қатысты дауыс беруге басқа талаптар қолданылуы тиіс айрықша міндеттемелердің кейбір санаттарын анықтай алады, және

(ii) осы тармақты қолдану үшін қажетті өлшемдерді анықтай алады<sup>4</sup>.

---

<sup>4</sup>Түпнұсқа мәтінде “ 5(a) тармағы” туралы қате айтылған.

## **XXVI бап**

### *Қабылдау, күшіне енгізу және тіркеу*

1. Осы Келісімнің күні 1947 ж. 30 қазан болып табылады.

2. Осы Келісім 1955 ж. 1 наурызда келісуші тарап болып табылған немесе осы Келісімге қосылу мақсатында келіссөздер жүргізген кез келген келісуші тарап үшін ашық.

3. Осы Келісім ағылшын тілінде бір түпнұсқа данада және француз тілінде бір түпнұсқа данада жасалған, бұл ретте екі мәтіннің де бірдей күші бар, Біріккен Ұлттар

Ұйымының Бас Хатшысында сақталады, ол оның куәландырылған көшірмелерін барлық мүдделі үкіметке жолдайды.

4. Осы Келісімді қабылдайтын әрбір үкімет қабылдау туралы құжаты КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ Атқарушы хатшысында сақтайды, ол барлық мүдделі үкіметке әрбір құжатты сақтау күні туралы және осы баптың 6-тармағына сәйкес осы Келісім күшіне енетін күн туралы хабарлайды.

5. (a) Осы Келісімді қабылдайтын әрбір үкімет өзі жеке қабылдау сәтінде КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ Атқарушы хатшысына хабарлайтын жекелеген кеден аумақтарын қоспағанда, осыны оның метрополий аумағына және ол халықаралық жауапкершілік алатын басқа да барлық аумақтарға қатысты жасайды.

(b) Осылайша Атқарушы хатшыға<sup>5</sup> осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген ерекшеліктермен хабарлаған кез келген үкімет кез келген уақытта Атқарушы хатшыға<sup>5</sup> оның Келісімді қабылдауы кез келген жекелеген кеден аумағына немесе алынып тасталған аумақтарға таралуы туралы хабарлай алады және мұндай хабарлама Атқарушы хатшы<sup>5</sup> алған күннен кейін отызыншы күні қолданыла бастайды.

(c) Егер келісуші тарап осы Келісімді қабылдаған кез келген кеден аумағы өзінің сыртқы сауда қатынастарын жүзеге асыруда және осы Келісімде көзделген басқа да мәселелерде толық автономиясы болса немесе алса, онда мұндай аумақ жауапты келісуші тарап жоғарыда аталған фактіні белгілейтін декларацияны ұсынғаннан кейін келісуші тарап ретінде қарастырылады.

6. Осы Келісім оны қабылдаған үкіметтер үшін Н Қосымшасында аталған, аумағында осы үкіметтердің аумағының барлық сыртқы саудасының онда көрсетілген қолданылатын пайыздық бөлу бағанға сәйкес есептелінген 85% тиесілі, үкіметтердің тапсырмасы бойынша Келісімді қабылдау туралы құжаттар КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ Атқарушы хатшысында сақталған күннен кейін отызыншы күні күшіне енеді. Әрбір басқа үкіметтің қабылдау туралы құжат оны сақтау күнінен кейінгі отызыншы күні қолданыла бастайды.

7. Біріккен Ұлттар Ұйымы осы Келісім күшіне енген сәтінен оны тіркеуге уәкілетті.

---

<sup>5</sup>1965 жылғы 23 Наурыздағы шешіммен КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР ГАТТ хатшылығы басшылығының лауазымының атауын "Атқарушы Хатшыдан" "Бас Директорға" өзгертті.

## **XXVII-БАП**

### *Қолданылуын тоқтату немесе басқаға беруді қайтарып алу*

Кез келген келісуші тарап кез келген уақытта осы Келісімге қоса берілген тиісті Тізбеде көзделген кез келген басқаға берудің әрекетін тоқтатуы немесе толығымен не болмаса жартылай қайтарып алуы мүмкін, оған қатысты мұндай келісуші тарап

алдымен келісуші тарап болмаған немесе тоқтатқан үкіметпен келісілгенін анықтайды. Мұндай әрекетті қабылдаған келісуші тарап КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРҒА хабарлайды және олардың өтініші бойынша осы тауарға қызығушылық танытқан келісуші тараптармен кеңес өткізеді.

## **XXVIII-БАП \***

### *Тізбелерді өзгерту*

1. Әрбір үшжылдық кезеңнің бірінші күні, олардың біріншісі 1958 ж. қаңтарда басталады (немесе КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР үштен екі көпшілік дауыспен белгілеуі мүмкін кез келген басқа кезеңнің бірінші күні\*), келісуші тарап (бұдан әрі осы бапта " келісуші тарап – өтінім беруші" деп аталады) осындай басқаға беру бастапқыда келісілген кез келген келісуші тараппен және КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ белгілеуі бойынша негізгі мүдделі жеткізуші\* болып табылатын кез келген басқа келісуші тараппен (келісуші тараптардың осы екі санаты келісуші тарап – өтінім берушімен бірге, әрі қарай осы бапта "бірінші кезекте мүдделі келісуші тараптар" деп аталады) келіссөздер және келісімдер жолымен және КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ белгілеуі бойынша осындай басқаға беруге мүдделі\* болып табылатын кез келген басқа келісуші тараппен кеңесу жағдайында осы Келісімге қоса берілген тиісті Тізбеге енгізілген басқаға беруді өзгертуі және қайтарып алуы мүмкін.

2. Басқа тауарларға қатысты өтемақы өзгерістері туралы шарттар енгізілуі мүмкін осындай келіссөздер мен келісімдерде мүдделі келісуші тараптар көрсетілген келіссөздерге дейін сауда үшін осы Келісімде көзделгендей қолайлы емес өзара және өзара тиімді басқаға берулердің жалпы деңгейін сақтауға ұмтылады.

3. (a) Егер бірінші кезекте мүдделі келісуші тараптардың арасында 1958 ж. 1 қаңтарға дейін немесе осы баптың 1-тармағында көзделген өзге кезең өткенге дейін келісімге қол жеткізілмесе, басқаға беруді өзгертуді немесе қайтарып алуды ұсынған келісуші тарап мұны істеуге құқылы және егер мұндай іс-әрекет қабылданған болса, онда мұндай келісім бастапқыда келісілген кез келген келісуші тарап, 1-тармаққа сәйкес анықтама бойынша негізгі мүдделі жеткізуші болып табылатын кез келген келісуші тарап және 1-тармаққа сәйкес анықтама бойынша елеулі мүдделі болып табылатын кез келген келісуші тарап мұндай шара қабылданғаннан кейін алты айдан кешіктірмей, КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР мұндай басқаға беру туралы хабарлама алғаннан күннен бастап отыз күн өткеннен кейін келісуші тарап-өтініш берушімен бастапқыда келісілген елеулі балама басқаға берулерді қайтарып алуы мүмкін.

(b) Егер бірінші кезекте мүдделі келісуші тараптардың арасында келісімге қол жеткізілсе, бірақ осы баптың 1-тармағына сәйкес анықтама бойынша елеулі мүдделі болып табылатын кез келген басқа келісуші тарап қанағаттанбаса, онда осы басқа келісуші тарап осы келісім бойынша шара қабылданғаннан кейін алты айда кешіктірмей, КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР осындай алып тастау туралы жазбаша хабарлама

алған күннен бастап отыз күн өткеннен кейін келісуші тарап-өтініш берушімен бастапқыда келісілген елеулі балама басқаға берулерді қайтарып алуға құқылы.

4. КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР келесі рәсімдер мен шарттардың сақталуы кезінде, кез келген уақытта, айрықша жағдайларда, келісуші тарапқа осы Келісімге қоса берілген тиісті Тізбеге енгізілген басқаға берулерді өзгерту немесе қайтарып алу туралы келіссөздерге түсуге рұқсат етуі мүмкін:

(a) Мұндай келіссөздер\* және онымен байланысты кез келген кеңесулер осы баптың 1 және 2-тармақтарындағы ережелерге сәйкес жүргізіледі.

(b) Егер бірінші кезекте мүдделі келісуші тараптардың арасында келіссөздер кезінде келісімге қол жеткізілсе, онда осы баптың 3 (b) тармағының ережелері қолданылады.

(c) Егер бірінші кезекте мүдделі тараптардың арасында келіссөздер рұқсат етілгеннен кейін алпыс күн ішінде\* немесе КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР ұйғарған одан да ұзақ уақыт ішінде келісімге қол жеткізілмесе, онда келісуші тарап-өтініш беруші істі КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРҒА табыстай алады.

(d) Мұндай табыстаудан кейін КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР мәселені жылдам қарастырады және келісімге қол жеткізу мақсатында бірінші кезекте мүдделі келісуші тараптарға өз пікірлерін хабарлайды. Егер келісімге қол жеткізілсе, онда бірінші кезекте мүдделі келісуші тараптардың арасында келісімге қол жеткізілгендегідей 3(b) тармағының ережелері қолданылады. Егер бірінші кезекте мүдделі келісуші тараптардың арасында келісімге қол жеткізілмесе, онда егер КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР келісуші тарап-өтініш беруші дұрыс негіздемесіз жеткілікті өтемақы ұсынбады деп белгілемесе, келісуші тарап-өтініш беруші басқаға беруді өзгертуі немесе қайтарып алуы мүмкін\*. Егер мұндай шара қабылданса, онда басқаға беру бастапқыда келісілген кез келген келісуші тарап, 4 (a) тармағына сәйкес анықтама бойынша негізгі мүдделі жеткізуші болып табылатын кез келген келісуші тарап және 4 (a) тармағына сәйкес анықтама бойынша елеулі мүдделі болып табылатын кез келген келісуші тарап мұндай шара қабылданғаннан кейін алты айдан кешіктірмей немесе КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР мұндай қайтарып алу туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап отыз күн өткеннен кейін келісуші тарап-өтініш берушімен бастапқыда келісілген елеулі балама басқаға беруді өзгертуі немесе қайтарып алуы мүмкін.

5. Келісуші тарап 1958 ж. 1 қаңтарға дейін және 1-тармақта көзделген кез келген кезең өткенге дейін КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРҒА хабарлау жолымен келесі кезең ішінде 1-3 тармақтарда көзделген рәсімге сәйкес тиісті Тізбені өзгерту құқығын өзіне қалдыруы мүмкін. Егер келісуші тарап мұндай шешім қабылдаса, онда басқа келісуші тараптар сол кезеңнің жалғасында осындай рәсімдерге сәйкес осы келісуші тараппен бастапқыда келісілген басқаға берулерді өзгертуге немесе қайтарып алуға құқылы.

## **XXVIII-БАП**

### *Тарифтік келіссөздер*

1. Келісуші тараптар кеден баж салықтары сауда үшін көбінесе елеулі кедергілер келтіретіндігін мойындайды; тиісінше, тарифтердің және импорт пен экспортқа басқа да алымдардың жалпы деңгейін елеулі азайтуға, атап айтқанда, тіпті ең аз көлемде әкелуге кедергі келтіретін жоғары тарифтерді бағытталған және осы Келісімнің мақсаттарын тиісті түрде ескере отырып жүргізілетін өзара және өзара тиімді негіздегі келіссөздердің халықаралық сауданы кеңейтуде үлкен маңызы бар. Сондықтан, **КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР** мұндай келіссөздердің мезгіл-мезгіл жүргізілуін ұйымдастыруы мүмкін.

2. (a) Осы бапта көзделген келіссөздер іріктемелі тауарлық тәсіл негізінде немесе мүдделі келісуші тараптар қабылдауы мүмкін көпжақты рәсімдерді қолдану жолымен де жүргізілуі мүмкін. Мұндай келіссөздер баж салығын төмендетуге, баж салығын қолданыстағы деңгейде байланыстыруға немесе жекелеген баж салықтары немесе белгілі бір тауар санаттарына баж салықтарының орташа мөлшері белгіленген деңгейден аспайтындығы туралы міндеттемелерге қабылдауға бағытталуы мүмкін. Төменгі баж салықтарын арттыруға және баж салығынсыз режимге қарсы байланыстыру, негізінде, өз мәні бойын *Связывание против повышения низких пошлин или беспошлинного режима*, в принципе, признается как уступка, равноценная по своему значению жоғары баж салықтарын азайтуға тең басқаға беру ретінде танылады.

(b) Келісуші тараптар, әдетте, көпжақты келіссөздердің табыстылығы оған өзара өзінің барлық сыртқы саудасының елеулі бөлігін жүзеге асыратын барлық келісуші тараптардың қатысуына байланысты болады деп санайды.

3. Келіссөздер келесілерді назарға алу үшін тиісті мүмкіндіктер беретін негізде жүргізіледі:

(a) жекелеген келісуші тараптардың және жекелеген өнеркәсіп салаларының қажеттіліктері;

(b) аз дамыған елдердің экономикалық дамуына ықпал ету үшін тарифтік қорғанысты икемді пайдалануға қажеттілігі және осы елдердің табыс алу мақсаттары үшін тарифтерді сақтауға айрықша мұқтаждығы; және

(c) тиісті келісуші тараптардың экономикалық дамуына, стратегиялық және басқа да мұқтаждықтарына жататын, барлық тиісті міндеттемелер, оның ішінде қазыналық міндеттемелер\*.

## **XXIX-БАП**

### *Осы Келісімнің Гаваналық жарғыға қатынасы*

1. Келісуші тараптар Гавана жарғысын олардың конституциялық рәсімдеріне сәйкес қабылдағанға дейін Жарғының I - VI аралығындағы тарауларының және IX тарауының жалпы қағидаттарын атқарушы биліктің толық көлемінде сақтауға міндеттеме алады\*.

2. Осы Келісімнің II бөлімінің қолданылуы Гавана жарғысы күшіне енген күні тоқтатылады.

3. Егер 1949 ж. 30 қыркүйекке қарай Гавана жарғысы күшіне енбесе, келісуші тараптар осы Келісімнің өзгертілуіне, толықтырылуына немесе өзгеріссіз сақталуына қатысты келісімге келу үшін 1949 ж. 31 желтоқсанға дейін жиналады.

4. Егер қандай да бір кезеңде Гавана жарғысы күшін жоғалтса, одан кейін КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР осы Келісімнің өзгертілуіне, толықтырылуына немесе өзгеріссіз сақталуына қатысты келісімге келу үшін бас қосуы ықтимал. Осындай келісімге қол жеткізгенге дейін, II бөлімнің XXIII баптан басқа ережелері Гавана жарғысында баяндалған түрінде *mutatis mutandis* ережелерімен алмастырылған жағдайда; сондай-ақ ешбір келісуші тарап Гавана жарғысы күшін жоғалтқан кезде оған міндетті болатын ешбір ережелермен байланысты болмаған жағдайда, осы Келісімнің II бөлімі қайта күшіне енеді.

5. Егер қандай да бір келісуші тарап Гавана жарғысын оның күшіне ену күніне қарай қабылдаса, КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР осы Келісімге толықтырулар мен өзгерістер енгізу керек пе, егер қажет болса, атап айтқандай қандай өзгерістер екендігі туралы келісімге қол жеткізу үшін кездеседі, өйткені ол мұндай келісуші тарап пен басқа да келісуші тараптар арасындағы қатынастарды қозғайды. Мұндай келісімге қол жеткізгенге дейін осы Келісімнің II бөлімінің ережелері осы баптың 2 тармағының ережелеріне қарамастан, мұндай келісуші тарап пен басқа да келісуші тараптардың арасында қолданыла береді.

6. Халықаралық сауда ұйымының мүшелері болып табылатын келісуші тараптар Гавана жарғысының кез келген ережесінің қолданылуына кедергі келтіру үшін осы Келісімнің ережелеріне сілтеме жасамайды. Халықаралық сауда ұйымының мүшесі болып табылмайтын қандай да бір келісуші тарапқа осы тармақ негізіндегі қағидатты қолдану осы баптың 5-тармағына сәйкес келісім нысаны болып табылады.

## **XXX-БАП**

### *Түзетулер*

1. Келісімді өзгерту туралы шарт осы Келісімнің басқа жерлерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Келісімнің I бөлімінің ережелеріне немесе XXIX баптың ережелеріне немесе осы бапқа түзетулер барлық келісуші тараптар қабылдағаннан кейін қолданылады, ал осы Келісімге басқа түзетулер оларды қабылдайтын келісуші тараптарға қатысты қолданылады, олар келісуші тараптардың үштен екісі қабылдағаннан кейін қабылдайды, ал одан кейін әрбір басқа келісуші тарапқа қатысты олар осы түзетулерді қабылдағаннан кейін қолданылады.

2. Осы Келісімге түзетулер қабылдайтын кез келген келісуші тарап қабылдау туралы құжатты Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысында КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР белгілеуі мүмкін мерзімнің ішінде сақтайды. КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР осы бапқа сәйкес қолданылатын кез келген түзету оны КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР белгілеген мерзімде қабылдамаған кез келген келісуші тарап осы Келісімнен шығу мүмкін болатындай не

болмаса КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ келісімімен келісуші тарап ретінде қала беретіндей сипатта шешуі мүмкін.

### **XXXI-БАП**

#### *Келісімнен шығу*

XVIII баптың 12 тармағының, XXIII баптың немесе XXX баптың 2 тармағының ережелеріне залал келтірмей, кез келген келісуші тарап осы Келісімнен шығуы мүмкін немесе өзі халықаралық жауапкершілік алатын және сол уақытта өзінің сыртқы сауда қатынастарын жүзеге асыруда, сондай-ақ осы Келісімде көзделген басқа мәселелерге қатысты толық тәуелсіздікті пайдаланатын қандай да бір жекелеген кеден одағының атынан шығуды жүзеге асыруы мүмкін. Келісімнен шығу Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы осындай шығу туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап алты ай ішінде жүргізіледі.

### **XXXII-БАП**

#### *Келісуші Тараптар*

1. Осы Келісімнің келісуші тараптары дегеніміз XXVI немесе XXXIII баптарға сәйкес немесе Уақытша қолдану туралы Хаттаманың күшіне орай осы Келісімнің ережелерін қолданылатын үкіметтер болып табылады.

2. XXVI баптың 6-тармағына сәйкес осы Келісім күшіне енгеннен кейін кез келген уақытта XXVI баптың 4 тармағына сәйкес осы Келісімді қабылдаған келісуші тараптар оны осындай түрде қабылдамаған кез келген келісуші тараптың келісуші тарап болуды тоқтатады деп шешеді.

### **XXXIII-БАП**

#### *Қосылу*

Осы Келісімнің тарабы болып табылмайтын үкімет немесе өзінің сыртқы сауда қатынастарын жүзеге асыруда және осы Келісімде көзделген басқа да мәселелерге қатысты толық тәуелсіздігі бар жеке кеден аумағы атынан әрекет ететін үкімет осы Келісімге өз атынан немесе мұндай үкімет пен КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ арасында келісілуге тиісті шарттармен осындай аумақтың атынан қосылуы мүмкін. КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ осы тармаққа сәйкес шешімдері үштен екі көпшілік дауыспен қабылданады.

### **XXXIV-бап**

#### *Қосымшалар*

Осы Келісімге Қосымшалар осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайды.

### **XXXV-бап**

### *Жекелеген Келісуші Тараптардың арасында Келісімнің қолданылмауы*

1. Осы Келісім немесе осы Келісімнің II бабы кез келген келісуші тарап пен кез келген басқа келісуші тарап арасында қолданылмайды, егер:

(a) екі келісуші тарап тарифтік келіссөздер жүргізбесе, және

(b) олардың кез келгені басқасы келісуші тарап болған уақытта мұндай қолдануға келісім бермесе.

2. КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР жекелеген жағдайларда кез келген келісуші тараптың өтініші бойынша осы баптың қолданылуын қарастыруы және тиісті ұсынымдар шығаруы мүмкін.

## **IV БӨЛІМ\***

### **САУДА ЖӘНЕ ДАМУ XXXVI-бап**

#### *Қағидаттар мен мақсаттар*

1\*. Келісуші тараптар,

(a) осы Келісімнің негізгі мақсаттарына барлық келісуші тараптардың өмір сүру деңгейін арттыру және экономикасын прогрессивті дамыту кіретіндігін ескеріп және осы мақсаттарға қол жеткізу аз дамыған келісуші тараптар үшін ерекше маңызды деп есептей отырып;

(b) аз дамыған келісуші тараптардың экспорт түсімі олардың экономикалық дамуында өмірлік маңызды орын алады және мұндай салымның мөлшері аз дамыған келісуші тараптардың негізгі импорт тауарлаған төлейтін бағасына, олардың экспорт көлеміне, сондай-ақ осы экспорт тауарлары үшін алынатын бағаға байланысты деп есептей отырып;

(c) аз дамыған елдердің өмір сүру деңгейі мен басқа елдердегі өмір сүру деңгей арасында үлкен айырмашылық бар екенін көрсете отырып;

(d) жеке және бірлескен іс-әрекеттердің аз дамыған келісуші тараптардың әрі қарай дамуы үшін және осы елдердің өмір сүру деңгейін жылдам жақсартуға қол жеткізу үшін маңызды екендігін мойындай отырып;

(e) халықаралық сауда экономикалық және әлеуметтік прогреске қол жеткізу құралы ретінде мұндай ережелермен және рәсімдермен - сондай-ақ осы бапта баяндалған мақсаттармен үйлесімді ережелер мен рәсімдерге сәйкес шаралармен реттелуі тиіс екендігін мойындай отырып;

(f) КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР аз дамыған келісуші тараптарға олардың саудасы мен дамуына ықпал ету үшін арнайы шараларды пайдалануға мүмкіндік бере алатындығын көрсете отырып;

келесілер туралы келісімге келді:

2. Аз дамыған келісуші тараптардың экспортынан табысын жылдам және үнемі арттыру қажеттілігі бар.

3. Аз дамыған келісуші тараптардың халықаралық сауда өсімінде олардың экономикалық даму мұқтаждықтарына тиісті өз үлесін қамтамасыз етуіне бағытталған оң іс-әрекеттер қажет.

4. Көптеген аз дамыған келісуші тараптардың шектеулі шикізат тауарларының\* экспортына тәуелділігі кезінде осы тауарлардың әлемдік нарыққа қол жеткізуіне бұрынғыдан қолайлы және оңтайлы жағдайларды барынша ықтимал деңгейде қамтамасыз ету қажет және бұл орынды болған жерде, осы тауарлар үшін әлемдік нарықтардың жағдайын тұрақтандыру және жақсартуға бағытталған шараларды, атап айтқанда, оның ішінде тұрақты, әділ және тиімді бағаға қол жеткізуге бағытталған шараларды әзірлеу, сол арқылы әлемдік сауда мен сұранысты кеңейтуді, сондай-ақ олардың экономикалық дамуы үшін кеңейіп келе жатқан көздерді қамтамасыз ету үшін осы елдердің экспортынан түсетін нақты табыстың қарқынды және үнемі өсуін қамтамасыз ету қажет.

5. Аз дамыған келісуші тараптардың экономикасын жылдам дамыту олардың экономикасының құрылымын әртараптандыру\*, сондай-ақ шикізат тауарларына экспортына тым тәуелділігін болдырмау жолымен жеңілдетілетін болады. Сондықтан қазіргі уақытта немесе болашақта аз дамыған келісуші тараптар үшін экспорт тұрғысынан айрықша қызығушылық туғызатын өңделген және өнеркәсіптік тауарлардың қолайлы жағдайда нарыққа қол жеткізуін барынша ықтимал деңгейде арттыру қажеттілігі туындап отыр.

6. Аз дамыған келісуші тараптарда экспорт табысының және басқа да шетелдік валюта түсімдерінің үнемі тапшылығы салдарынан олардың дамуы үшін сауда мен қаржылай көмек арасындағы өзара байланыстың маңызы зор. Сондықтан КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР мен халықаралық кредит мекемелері аз дамыған келісуші тараптар өзінің экономикалық даму мүддесі үшін өзін қабылдаған ауыртпалықты жеңілдетуге тиімді ықпал ету үшін олардың арасында тығыз және тұрақты ынтымақтастық қажет.

7. КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ, басқа да үкіметаралық органдардың арасында, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің қызметі аз дамыған елдердің саудасымен және экономикалық дамуымен байланысты органдары мен мекемелері арасында тиісті ынтымақтастық қажет.

8. Дамыған келісуші тараптар тарифтерді және аз дамыған келісуші тараптардың саудасы үшін басқа да тосқауылдарды азайту немесе алып тастау туралы сауда келіссөздерінде өздеріне алған міндеттемелері бойынша өзара кепілдікті\* күтпейді.

9. Осы қағидаттар мен мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған шараларды қабылдау келісуші тараптар жағынан жеке де, бірлескен де зерделі және мақсатты күш салуы болып табылады.

## XXXVII-БАП

### *Міндеттемелер*

1. Дамыған келісуші тарапта барынша ықтимал деңгейде, - яғни айқын себептермен мұны істеу мүмкін болмайтын жағдайларды, оның ішінде заңды сипатты себептерді қоспағанда, - келесі ережелерді жүзеге асырады:

(a) аз дамыған келісуші тараптар үшін қазіргі уақытта немесе болашақта экспорты айрықша қызығушылық туғызатын тауарларға кедергілерді, оның ішінде кедендік баж салықтары мен бастапқы және өңделген күйінде осындай тауарларға қатысты ерекшеленетін басқа да шектеулерді азайтуға және алып тастауға алдымен көңіл бөледі \*;

(b) аз дамыған келісуші тараптар үшін қазіргі уақытта немесе болашақта экспорты айрықша қызығушылық туғызатын тауарларға кедендік баж салықтарын немесе тарифтік емес импорттық тосқауылдар енгізуден немесе арттырудан бас тартады; және

(c) (i) жаңа қазыналық шаралардан бас тартады, және

(ii) қазыналық саясаттағы кез келген өзгерістер кезінде алдымен қазыналық шараларды азайтуға және жоюға көңіл бөледі, олар толығымен немесе негізінен аз дамыған келісуші тараптардың аумағында өндірілген және осы тауарларға жататын шикізат тауарларын бастапқы немесе өңделген түрінде тұтынылуының өсуіне елеулі деңгейде кедергі болуы немесе кедергі келтіруі мүмкін.

2. (a) 1 тармақтың (a), (b), (c) тармақшаларының қандай да бір ережелері орындалмады деп саналған кез келген жағдайда не тиісті ережелерді жүзеге асырмаған келісуші тарап, не кез келген басқа мүдделі келісуші тарап бұл туралы мәселені КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРҒА мәлімдеуі тиіс.

(b) (i) КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР кез келген мүдделі келісуші тараптың өтініші бойынша және кез келген екіжақты кеңесулерге залал тигізбей, XXXVI бапта баяндалған мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ету үшін барлық мүдделі келісуші тараптардың барлығын қанағаттандыратын шешім табу мақсатында осы мәселе бойынша тиісті келісуші тараппен және барлық мүдделі келісуші тараптармен кеңеседі. Мұндай кеңесу барысында 1 тармақтың (a), (b) немесе (c) тармақшаларының ережелері қандай себептер бойынша орындалмағаны қарастырылады.

(ii) 1 тармақтың (a), (b) немесе (c) тармақшаларының ережелерін жекелеген келісуші тараптардың қолдануы басқа дамыған келісуші тараптармен бірлескен әрекеттер қабылданған кезде кей жағдайларда жеңілірек болуы мүмкін, қажет болған жағдайда мұндай кеңесулер осы мақсатқа қол жеткізу үшін бағытталуы мүмкін.

(iii) КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР жүргізетін кеңесулер қажет болған жағдайларда XXV баптың 1 тармағында көзделгендей, осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ету мақсатында бірлескен әрекеттер туралы келісімге қол жеткізуге бағытталуы мүмкін

### 3. Дамыған келісуші тараптар:

(а) үкімет аз дамыған келісуші тараптардың аумағына толығымен немесе негізінен дайындалған өнімдерді қайта сату бағасын тікелей немесе жанама түрде белгілеген жағдайларда сауда түсімін әділ деңгейде сақтау үшін бар күшін салады;

(б) аз дамыған келісуші тараптардан импортты дамытудың ауқымын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да шараларды\* белсенді қарастырады, сондай-ақ осы бағытта тиісті халықаралық қызметте ынтымақтық жасайды;

(с) нақты проблемаларды шешу үшін осы Келісімге сәйкес рұқсат етілетін басқа шараларды қолдануды қарастыру кезінде аз дамыған келісуші тараптардың сауда мүддесіне айрықша көңіл бөледі, сондай-ақ егер олар осы келісуші тараптардың елеулі мүддесін қозғайтын болса, осындай шараларды қолданғанға дейін іс-шаралардың барлық мүмкіндіктерін зерттейді.

4. Аз дамыған келісуші тараптар басқа да аз дамыған келісуші тараптардың саудасы мүддесіне орай IV бөлімінің ережелерін қолдану бойынша тиісті іс-әрекеттерді қабылдауға келісім береді, бұл іс-әрекеттер олардың өткен саудасының дамуын, сондай-ақ тұтас алғанда аз дамыған келісуші тараптардың сауда мүддесін ескере отырып, олардың қазіргі және болашақтағы жеке дамуымен, қаржы және сауда қажеттіліктерімен үйлесуі тиіс.

5. 1 – 4 аралығындағы тармақтарда баяндалған міндеттемелерді орындау кезінде әрбір келісуші тарап басқа мүдделі келісуші тарапқа немесе келісуші тараптарға кез келген проблема немесе туындауы мүмкін қиындық бойынша осы Келісімнің әдеттегі рәсіміне сәйкес толық және жылдам кеңес беру мүмкіндігін ұсынады.

## **XXXVIII-БАП**

### *Бірлескен іс-әрекеттер*

1. Келісуші тараптар осы Келісімнің шеңберінде XXXVI бапта баяндалған мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ету қажет болған барлық жағдайларда ынтымақтастық жасайды.

### 2. Атап айтқанда, КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР:

(а) қажет болғанда іс-әрекеттер қабылдайды, оның ішінде аз дамыған келісуші тараптар үшін айрықша қызығушылық туғызатын шикізат тауарларының әлемдік нарыққа қол жеткізуіне жақсартылған және қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық келіссөздер арқылы әрекеттер, сондай-ақ осы тауарлар үшін әлемдік нарықтағы жағдайларды тұрақтандыруға және жақсартуға бағытталған шараларды, оның ішінде осындай тауарлардың экспортына тұрақты, әділ және тиімді бағаларға қол жеткізуге бағытталған шараларды әзірлейді;

(б) Біріккен Ұлттар Ұйымымен, оның органдарымен және мекемелерімен, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясының

ұсынымы негізінде құрылған кез келген мекемелермен сауда және даму саясаты мәселелері бойынша тиісті ынтымақтастыққа ұмтылады;

(с) жекелеген аз дамыған келісуші тараптардың даму жоспарлары мен саясатын талдау кезінде, сондай-ақ дамыған салалардың тауарларын экспорт нарығына қол жеткізуін жеңілдету және экспорттық әлеуетін дамытуға ықпал ету үшін нақты шараларды әзірлеу мақсатында сауда мен көмек арасындағы өзара байланысты зерттеу кезінде ынтымақтастық жасайды және осыған байланысты үкіметтермен және халықаралық ұйымдармен, атап айтқанда экономикалық даму үшін қаржылай көмекке қатысты өкілеттіктері бар ұйымдармен қажетті ынтымақтастықты орнатуға, жекелеген аз дамыған келісуші тараптарда сауда мен экспорттық әлеуетті, нарықтық перспективаны және талап етілуі мүмкін кез келген әрі қарайғы әрекеттерді нақты талдауға бағытталған мен көмектің өзара байланысын жүйелі зерттеуге ұмтылады;

(d) аз дамыған келісуші тараптарда сауданың өсу қарқынына айрықша көңіл бөліп, әлемдік сауданың дамуын үнемі бақылайды және келісуші тараптарға нақты жағдайларда тиімді болып саналатын ұсынымдар жасайды;

(е) халықаралық үйлестіру және ұлттық саясат пен реттеуді өзгерту жолымен, өндіріске, тасымалдауға және өткізуге ықпал ететін техникалық және коммерциялық стандарттар жолымен, сондай-ақ сауда ақпаратының ағымын арттыру және нарықтарды зерттеуді дамыту үшін тиісті құралдар жасау есебінен экспортқа ықпал ету жолымен экономикалық даму мақсатында сауданы кеңейтудің нақты әдістерін іздестіруде ынтымақтастық жасайды; және

(f) XXXVI бапта баяндалған мақсаттардың орындалуына ықпал етуге, сондай-ақ осы Бөлімнің ережелерін орындау үшін қажетті болуы мүмкін ұйымдастыру аясын белгілейді.

## **А ҚОСЫМШАСЫ 1-БАПТЫҢ 2 (а) ТАРМАҒЫНДА АТАЛҒАН АУМАҚТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ**

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің тәуелді аумақтары

Канада

Австралия Федерациясы

Австралия Федерациясының тәуелді аймақтары

Жаңа Зеландия

Жаңа Зеландияның тәуелді аймақтары

Оңтүстік Африка Одағы, оның ішінде Оңтүстік Батыс Африка

Ирландия

Үндістан (1947 жылғы 10 сәуірдегі жағдай бойынша)

Ньюфаундленд

Оңтүстік Родезия

Бирма

Цейлон

Жоғарыда санамалап көрсетілген кейбір аумақтарда кейбір тауарларға екі және одан да көп қолданыстағы артықшылықты мөлшерлемелер бар. Кез келген мұндай аймақ қолайлы жағдай жасайтын ұлттың мөлшерлемесі бойынша осындай тауарлардың негізгі жеткізушілері болып табылатын басқа да келісуші тараптардың келісімі бойынша мұндай артықшылықты мөлшерлемелерді бірыңғай артықшылықты мөлшерлеменен алмастыра алады, ол тұтас алғанда қолайлы жағдай жасайтын ұлттың мөлшерлемесін пайдаланатын жеткізушілер үшін осындай алмастыруға дейін күшінде болған артықшылықтардан қолайсыз болмауы тиіс.

Осы Қосымшада аталған екі немесе одан да көп аумақтардың арасында ғана 1947 жылғы 10 сәуірде қолданылған ішкі салықтағы артықшылықты айырмашылықтың орнына немесе келесі тармақта аталған артықшылықты сандық келісімдердің орнына тең артықшылықты тарифтік айырмашылықты белгілеу артықшылықты айырмашылықты арттыру ретінде қарастырылмауы тиіс.

XIV баптың 5(b) тармағында аталған артықшылықты келісімдер 1947 жылғы 10 сәуірде Біріккен Корольдікте Канада, Австралия және Жаңа Зеландия үкіметтерінің шарт келісімдері бойынша салқындатылған және мұздатылған сиыр еті мен бұзау етіне, мұздатылған қой еті мен қозы етіне, салқындатылған және мұздатылған шошқа етіне және беконға қатысты келісімдер болып табылады. XX баптың (h)<sup>7</sup> тармақшасына сәйкес қабылданған кез келген шараға залал келтірмей, осы келісімдерді болдырмау немесе тарифтік артықшылықтармен алмастыру және осы мақсаттағы келіссөздер елеулі мүдделі немесе оған тартылған тараптардың арасында барынша тез жасау ниеті бар.

1947 жылғы 10 сәуірде Жаңа Зеландияда қолданылған фильмдерді прокатқа беру салығы осы Келісімнің мақсаттары үшін 1-бапқа сәйкес кеден баж салығы ретінде қарастырылуы тиіс. 1947 жылғы 10 сәуірде Жаңа Зеландияда қолданылған кинофильмдерге ренталық квата осы Келісімнің мақсаттары үшін IV баптың қолданылуына тиесілі экрандық квота ретінде қарастырылуы тиіс.

Доминион Үндістан және Пәкістан жоғарыда аталған тізімде жеке көрсетілген жоқ, өйткені олар 1947 жылғы 10 сәуірде болған жоқ.

<sup>7</sup>Түпнұсқа мәтінде “ I (h) бөлім” туралы қате айтылған.

## **В ҚОСЫМШАСЫ 1-БАПТЫҢ 2 (b) ТАРМАҒЫНДА АТАЛҒАН ФРАНЦУЗ ОДАҒЫ АУМАҚТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ**

Франция

Француз Экватор Африкасы (Конго өзенінің Шартты Алабы және басқа да аймақтар)

Француз Батыс Африкасы  
Француз қамқорлығындағы Камерун  
Сомалы Француз жағалауы және тәуелді аумақтар  
Океаниядағы Француз иеліктері  
Кондоминиумдегі Француз иеліктері - Жаңа Гебрид  
Үндіқытай  
Мадагаскар және тәуелді аймақтар  
Марокко (француз аймағы)<sup>8</sup>  
Жаңа Каледония және тәуелді аумақтар  
Сен-Пьер және Микелон  
Француз қамқорлығындағы Того  
Тунис

---

<sup>8</sup>Француз метрополиясына және Француз одағының аумағына импорт үшін.

#### **С ҚОСЫМШАСЫ 1-БАПТЫҢ 2 (b) ТАРМАҒЫНДА АТАЛҒАН, БЕЛГИЯ, ЛЮКСЕМБУРГ ЖӘНЕ НИДЕРЛАНДЫ КЕДЕН ОДАҒЫНА ҚАТЫСТЫ АУМАҚТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ**

Бельгия және Люксембург Экономикалық Одағы  
Бельгия Конгосы  
Руанда-Урунди  
Нидерланды  
Жаңа Гвинея  
Суринам  
Нидерланды Антиль аралдары  
Индонезия Республикасы  
Кеден одағын құрайтын аумақтардағы импорт үшін ғана.

#### **D ҚОСЫМШАСЫ 1-БАПТЫҢ 2 (b) ТАРМАҒЫНДА АТАЛҒАН, АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНА ҚАТЫСТЫ АУМАҚТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ**

Америка Құрама Штаттары (кеден аумағы)  
Америка Құрама Штаттарының тәуелді аумақтары  
Филиппин Республикасы

Осы Қосымшада аталған екі немесе одан да көп аумақтардың арасында ғана 1947 жылғы 10 сәуірде қолданылған ішкі салықтағы артықшылықты айырмашылықтың орнына тең артықшылықты айырмашылықты белгілеу артықшылық айырмашылықты арттыру ретінде қарастырылмауы тиіс.

#### **E ҚОСЫМШАСЫ**

Чили және І баптың 2(d) тармағында аталған көршілес елдердің арасында жасалған артықшылықты келісім таралатын аумақтардың тізбесі

Бір тараптан тек қана Чили және екінші тараптан келесілердің арасында қолданылатын артықшылықтар

1. Аргентина
2. Боливия
3. Перу.

## **F ҚОСЫМШАСЫ**

Ливан, Сирия және І баптың 2(d) тармағында аталған көршілес елдердің арасындағы артықшылықты Келісімдер таралатын аумақтардың тізбесі

Бір тараптан тек қана Ливан-Сирия кеден одағы және екінші тараптан, келесілер арасында қолданылатын артықшылықтар

1. Палестина
2. Трансиордания.

## **G ҚОСЫМШАСЫ І баптың 4<sup>9</sup>-тармағында аталған барынша артықшылықты айырмашылықты белгілеу күндері**

Австралия - 1946 ж. 15 қазан.

Канада - 1939 ж. 1 шілде.

Франция - 1939 ж. 1 қаңтар.

Ливан-Сирия Кеден Одағы – 1938 ж. 30 қараша.

Оңтүстік Африка Одағы – 1938 ж. 1 шілде.

Оңтүстік Родезия – 1941 ж. 1 мамыр.

---

<sup>9</sup>Түпнұсқа мәтінде “ 3 тармақ” туралы қате айтылған.

## **H ҚОСЫМШАСЫ XXVI БАПТА АТАЛҒАН АНЫҚТАМА КЕЗІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН БАРЛЫҚ СЫРТҚЫ САУДА КӨЛЕМІНДЕ ЕЛДЕРДІҢ ПАЙЫЗБЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ҚАТЫСУ ҮЛЕСІ (1949-1953 Ж. ОРТАША МӘНДЕРІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН)**

Егер Жапония Үкіметі Бас Келісімге қосылғанға дейін осы келісімді 1 бағанға сәйкес сыртқы саудасына XXVI баптың 6-тармағында көрсетілген сауда пайызы тиесілі келісуші тараптар қабылдайтын болса, онда 1 баған осы тармақта көрсетілген мақсаттарда қолданылатын болады. Егер осы Келісімді оған Жапония Үкіметі қосылғанға дейін қабылданбайтын болса, онда осы тармақтың мақсаттары үшін II баған қолданылатын болады.

	<i>I баған:</i>	<i>II баған:</i>
--	-----------------	------------------

	(1955 ж. 1 наурыздағы жағдай бойынша келісуші тараптар)	(1955 ж. 1 наурыздағы жағдай бойынша келісуші тараптар және Жапония)
Австралия	3.1	3.0
Австрия	0.9	0.8
Бельгия-Люксембург	4.3	4.2
Бразилия	2.5	2.4
Бирма	0.3	0.3
Канада	6.7	6.5
Цейлон	0.5	0.5
Чили	0.6	0.6
Куба	1.1	1.1
Чехословакия	1.4	1.4
Дания	1.4	1.4
Доминикан Республика	0.1	0.1
Финляндия	1.0	1.0
Франция	8.7	8.5
Германия, Федеративтік Республика	5.3	5.2
Греция	0.4	0.4
Гаити	0.1	0.1
Үндістан	2.4	2.4
Индонезия	1.3	1.3
Италия	2.9	2.8
Нидерланды, Корольдік	4.7	4.6
Жаңа Зеландия	1.0	1.0
Никарагуа	0.1	0.1
Норвегия	1.1	1.1
Пәкістан	0.9	0.8
Перу	0.4	0.4
Родезия және Ньяссаленд	0.6	0.6
Швеция	2.5	2.4
Турция	0.6	0.6
Оңтүстік Африка Одағы	1.8	1.8
Біріккен Корольдік	20.3	19.8
Америка Құрама Штаттары	20.6	20.1
Уругвай	0.4	0.4
Жапония	-	2.3
	100.0	100.0

**ЕСКЕРТПЕ:** Осы пайыздар тариф және сауда бойынша Бас Келісім қолданылатын барлық аумақтардың саудасын ескере отырып, есептелінген.

## I ҚОСЫМШАСЫ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТУЛЕР МЕН ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР I-БАПҚА

### 1-тармақ

III баптың 2 және 4-тармақтарына сілтеме жасау жолымен I баптың 1-тармағына енгізілген міндеттемелер, сондай-ақ VI бапқа сілтеме жасау жолымен II баптың 2(b) тармағына енгізілген міндеттемелер Уақытша қолдану туралы хаттаманың мақсаттары үшін Келісімнің II бөліміне тиесілі болып қарастырылады.

Тікелей алдыңғы абзацтағы және I баптың 1 тармағындағы III баптың 2 және 4-тармақтарына сілтемелер Тарифтер мен сауда жөніндегі 1948 ж. 14 қыркүйектегі Бас келісімнің II бөлімін және XXVI бабын өзгерту туралы хаттамада көзделген толықтырулар күшіне енгізу арқылы III бапты өзгерткеннен кейін ғана қолданылады<sup>10</sup>.

### 4-тармақ

"Артықшылықты айырмашылық" термині ең қолайлы баж салығы мөлшерлемесі мен оған ұқсас тауарға баж салығының артықшылықты мөлшерлемесі арасындағы абсолютті айырмашылықты білдіреді, алайда бұл екі мөлшерлеменің арасындағы пропорционалды қатынас емес. Мысалы:

(1) Егер ең қолайлы мөлшерлеме 36% *ad valorem* болса, ал артықшылықты мөлшерлеме 24% *ad valorem* болса, онда артықшылықты айырмашылық ең қолайлы мөлшерлеменің үштен бірін емес, 12% *ad valorem* құрайтын еді.

(2) Егер ең қолайлы мөлшерлеме 36% *ad valorem* болса, ал артықшылықты мөлшерлеме ең қолайлы мөлшерлеменің үштен екісі ретінде көрсетілген болса, онда артықшылықты айырмашылық 12% *ad valorem* құрайды.

(3) Егер ең қолайлы мөлшерлеме килограммына 2 франктан болса, ал артықшылықты мөлшерлеме килограммына 1,50 франк болса, онда артықшылықты айырмашылық килограммына 0,50 франкке тең болар еді.

Белгіленген бірыңғай рәсімдерге сәйкес қабылданатын кедендік шаралардың төмендегі санаттары артықшылықты айырмашылықты жалпы байланыстыруға қайшы келмейді:

(i) Импортталатын тауарға қатысты осындай тауарларға мұндай жіктеу немесе мөлшерлеме осындай тауар үшін уақытша тоқтатылған немесе 1947 ж. 10 сәуірде қолданылмаған жағдайларда осындай тауарға тиісті түрде қолданылатын тарифтік жіктеу немесе мөлшерлемені қайта қолдану; және

(ii) Тариф туралы заңда мұндай тауар бірден артық тарифтік позиция бойынша жіктелуі мүмкін деп айқын көзделген жағдайларда, қандай да бір белгілі тауарды 1947 жылғы 10 сәуірде осы тауарды әкелу жіктелген тарифтік позициядан өзгеше жіктеу.

---

<sup>10</sup>Осы Хаттама 1948 ж. 14 желтоқсанда күшіне енді.

## II-БАПҚА

## *2(a)-тармақ*

II баптың 2(a) тармағындағы III баптың 2-тармағына сілтеме Тарифтер мен сауда жөніндегі 1948 ж. 14 қыркүйектегі Бас келісімнің II бөлімін және XXVI бабын өзгерту туралы хаттамада көзделген толықтырулар күшіне енгізу арқылы III бапты өзгерткеннен кейін ғана қолданылады<sup>11</sup>.

## *2(b)-тармақ*

I баптың 1 тармағына қатысты ескертпені қар.

## *4-тармақ*

Бастапқыда басқаға беру туралы келісімге келген келісуші тараптардың арасында өзге түрде арнайы келісілген жағдайларды қоспағанда, осы тармақтың ережелері Гавана Жарғысының 3- бабының ережелеріне сәйкес қолданылады.

---

<sup>11</sup>Бұл Хаттама 1948 ж. 14 желтоқсанда күшіне енді.

## **III-БАПҚА**

1-тармақта айтылған сипаттағы және импорттық тауарға және оған ұқсас отандық тауарға қолданылатын және әкелу сәтінде немесе орнында импорт тауарға қатысты алынатын немесе қолданылатын кез келген ішкі салық немесе басқа да ішкі алым немесе кез келген заң, ереже немесе талап 1-тармақта айтылған сипаттағы ішкі салық немесе басқа да ішкі алым немесе заң, ереже немесе талап ретінде қарастырылуы және сәйкесінше III баптың ережелеріне бағынуы тиіс.

### *1-тармақ*

Келісуші тараптың аумағында жергілікті органдар мен билік белгілеген ішкі салыққа 1-тармақтың қолданылуы XXIV баптың қорытынды тармағының ережелеріне бағынады. Осы тармақта бар "дұрыс шаралар" ұғымы аталған қорытынды тармақта мысалы, жергілікті органдарға ішкі салықты белгілеуге рұқсат беретін қолданыстағы ұлттық заңнаманы алып тастауды талап етпейді, олар техникалық мағынада III баптың мәтініне қайшы келеді, алайда, мәнісі бойынша, егер мұндай заңнаманы алып тастаудың нәтижесінде тиісті жергілікті органдар немесе билікке ауқымды қаржылай қиындық болса, оның мағынасына қайшы келмейді. III баптың мәтініне де, мәніне де қайшы келетін, жергілікті органдар немесе билік белгілейтін салық салуға қатысты "дұрыс шаралар" ұғымы келісуші тарапқа сәйкес келмейтін салық салуды, егер оны дереу алып тастау ауқымды әкімшілік және қаржылай қиындықтар туғызатын болса, ауыспалы кезең ішінде біртіндеп алып тастауға мүмкіндік береді.

### *2 тармақ*

2-тармақтың бірінші сөйлемінің талаптарына жауап беретін салық бір жағынан, салық салынатын тауардың және екінші жағынан, осыған ұқсас түрде салық салынбайтын онымен тікелей бәсекелес немесе алмастыратын тауардың арасында

бәсекелестіктің болуымен байланысты жағдайларда ғана екінші сөйлемнің ережелерімен үйлеспейді деп саналады.

#### *5-тармақ*

5 тармақтың бірінші сөйлемінің ережелерімен үйлесімді қағидалар осы қағидаға тиесілі барлық тауарлар ел ішінде елеулі мөлшерде шығарылатын кез келген жағдайда екінші сөйлемнің ережелеріне қайшы келеді деп есептелмейді. Осы қағиданың нысаны болып табылатын тауарлардың әрқайсысы үшін бөлінетін үлестер немесе саны импорт және отандық тауарлар арасындағы әділ қатынасын білдіреді деген негіздемеде екінші сөйлемнің ережелерімен қағидалардың үйлесімдігін ақтауға болмайды.

### **V-БАПҚА**

#### *5-тармақ*

Тасымалдау алымдарына қатысты 5-тармақта баяндалған қағидат бірдей жағдайда бірдей бағытпен тасымалданатын ұқсас тауарларға жатады.

### **VI-БАПҚА**

#### *1-тармақ*

1. Өзара байланысты фирмалардың арасында жүзеге асырылатын жасырын демпинг (яғни, импортшының оған импортшы байланысты экспортшы ұсынған шот бойынша төмен бағамен, сондай-ақ экспортшы елдегі қолданылатын бағадан төмен сатуы) баға демпингінің түрін білдіреді, оған қатысты демпинг маржасы импортшы тауарларды қайта сататын баға негізінде есептелінуі мүмкін.

2. Барлық ішкі бағаны мемлекет белгілейтін, саудасы толық немесе елеулі нышанда толық монополия елдердің импортына қатысты 1-тармақтың мақсаттары үшін бағаларды салыстыруды анықтау кезінде ерекше қиындықтар болуы мүмкін және мұндай жағдайларда импорттаушы келісуші тараптар мұндай елде ішкі бағамен қатал салыстыру әрқашан оңтайлы болып шықпауы мүмкін екендігін назарға алуы қажет.

#### *2 және 3-тармақтар*

1. Кедендік әкімшілендірудің басқа да көптеген жағдайларында келісуші тарап демпингке немесе субсидияға күмәні болған кез келген жағдайда фактілердің түпкілікті анықталуын күту кезінде демпингге қарсы немесе өтемақы баж салығын төлеу үшін орынды кепілдікті (тауарды кеденге сақтауға тапсыру немесе депозитке қолма-қол ақша салу) талап етуі мүмкін.

2. Көптеген валюта бағамын қолдану тәжірибесі кейбір жағдайларда экспортты субсидиялауды білдіруі мүмкін, оған қарсы 3-тармаққа сәйкес өтемақы баж салықтары енгізілуі мүмкін немесе елдің валютасын жартылай құнсыздандыру арқылы демпингтің

түрін білдіреді, оған қарсы 2-тармаққа сәйкес шаралар қабылдануы мүмкін. "Көптеген валюта бағамы тәжірибесі" дегеніміз үкіметтің өзінің немесе үкімет рұқсат еткен тәжірибе болып табылады.

#### *6(b)-тармақ*

Осы тармақтың ережелеріне сәйкес міндеттемелерден босату сәйкесінше демпингтік немесе өтемақы баж салығын белгілеуді болжайтын келісуші тараптың өтініші жағдайында ғана ұсынылады.

### **VII-БАПҚА**

#### *1-тармақ*

"Немесе басқа алымдар" сөйлемі импортталатын тауарларға салынатын немесе олармен байланысты ішкі салықтар немесе балама алымдар ретінде қарастырылмауы тиіс.

#### *2-тармақ*

1. VII бапқа "шынайы құны" ақталған шығыстар үшін "шынайы құны" құрамдас элементтері болып табылатын кез келген енгізілмеген алымдар қосылған және кез келген қалыпты емес жеңілдік қосылған немесе басқа да әдеттегі бәсекелес баға азайтылған фактуралық бағамен белгіленеді деген болжам толығымен сәйкес келеді.

2. Егер келісуші тарап "толық бәсекелестік жағдайында ...сауданың әдеттегі барысында" сөйлемін сатып алушы және сатушы бір-біріне тәуелді болып табылмайтын және баға бірден-бір фактор болып табылмайтын кез келген мәміле ретінде түсіндірсе, VII бапқа, 2(b)-тармаққа толық сәйкес келер еді.

3. "Толық бәсекелестік жағдайы" стандартты ұғымы келісуші тарапқа айрықша құқықты пайдаланатын агенттерге қатысты ғана арнайы жеңілдіктерді көздейтін бағаларды қарастырудан алып тастауға рұқсат етеді.

4. (a) және (b) тармақтардың тұжырымдамасы келісуші тарапқа кедендік мақсаттар үшін, не болмаса (1) жекелеген экспортшының импорттық тауарға бағасы негізінде, не болмаса (2) ұқсас тауарға бағаның жалпы деңгейі негізінде құнды бірыңғай анықтауға мүмкіндік береді.

### **VIII-БАПҚА**

1. VIII бап валюта бағамдарының көпшілігін қолдануды қамтымаса да, 1 және 4-тармақтар көптеген валюта бағамдарды тәжірибесін жүргізуге арналған тәсіл ретінде қолданылуын талқылайды; алайда, егер келісуші тарап көптеген валюта бағамы кезінде Халықаралық валюта қорының мақұлдауымен, төлем балансы бойынша валюталық алым алатын болса, онда XV баптың 9(b)-тармағының шарттары оның жағдайына толық кепілдік береді.

2. Егер бір келісуші тараптың аумағынан келесі келісуші тараптың аумағына тауарларды әкелу кезінде шығатын елі туралы сертификатты ұсыну қатаң қажет болуына орай ғана талап етілсе, 1-тармаққа толығымен сәйкес келер еді.

## **XI, XII, XIII, XIV және XVIII-БАПТАРҒА**

XI, XII, XIII, XIV және XVIII баптардағы "импортты шектеу" немесе "экспортты шектеу" ұғымдарына мемлекет жүзеге асыратын сауда операциялары арқылы қолданылатын шектеулер кіреді.

### **XI-БАПҚА**

#### *2(c)-тармақ*

Осы тармақтағы "кез келген түрде" ұғымы қайта өңдеудің бастапқы сатысындағы және әлі де тез бұзылатын болып табылатын, тікелей балғын өнімдермен бәсекеге түсетін және еркін әкелу жағдайында балғын өнімге деген шектеулерді тиімсіз ететін тауарларға қатысты.

#### *2-тармақ, соңғы тармақша*

"Айрықша факторлар" сөзіне осы Келісімде рұқсат етілмеген тәсілдермен жасанды түрде жасалған өзгерістер емес, отандық және шетелдік өндірушілердің өнімділігінің салыстырмалы деңгейіндегі немесе әртүрлі шетелдік өндірушілер арасындағы өзгерістер кіреді.

### **XII-БАПҚА**

КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР осы бапқа сәйкес кез келген кеңес беру жүргізген кезде толық құпиялылықты қамтамасыз етуге шаралар қабылдайтын болады.

#### *3(c)(i)-тармақ*

Шектеулерді қолданатын келісуші тараптар шикізат тауарының экспортына ауқымды теріс ықпалға жол бермеуге тырысуы тиіс, оған келісуші тарап экономикасы елеулі түрде тәуелді.

#### *4(b)- тармақ*

Осы күннің осы Келісімнің кіріспесін және II, III бөлімдерін өзгерту туралы Хаттамаға сәйкес осы бапқа түзетулер күшіне енгізілгеннен кейін тоқсан күннен кейін болатыны келісілді. Алайда, егер КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР осы тармақтың ережелерін қолдану жағдайлары қарастырылып отырған мерзімде қолайсыз деп санаса, олар одан кейінгі күнді белгілеуі мүмкін; бұл жағдайда, мұндай күн Халықаралық валюта қоры туралы Келісім Баптарының 2, 3 және 4-тарауы, VII бап бойынша міндеттеме келісуші тараптарға - сыртқы саудасының жалпы көлемі барлық келісуші тараптардың барлық сыртқы сауда көлемінің кем дегенде елу пайызын құрайтын Қор мүшелеріне қолданыла бастайтын мерзімнен отыз күннен артық болмауы керек.

#### *4(e)-тармақ*

4(e) тармаққа төлемдік баланс бойынша сандық шектеуді белгілеуге немесе сақтауға арналған қандай да бір жаңа өлшемдер қосылмайтындығы келісілді. Оның бірден бір мақсаты шектеуді қолданатын келісуші тараптың төлем балансымен қиындықтардың артуына ықпал етуі мүмкін сауда шарттарының өзгеруі, сандық шектеулер, шамадан тыс тарифтер мен субсидиялар сияқты барлық сыртқы факторлардың толығымен назарға алынуын қамтамасыз ету болып табылады.

### **XIII-БАПҚА**

#### *2(d)-тармақ*

Квотаны бөлу үшін қағидалар ретінде "коммерциялық ұғым" туралы айтылған жоқ, өйткені үкімет органдарының оларды қолдануы әрқашан мақсатқа сай болуы мүмкін емес. Сонымен қатар, бұл мақсатқа сай болған жағдайларда келісуші тарап бұл ұғымды 2-тармақтың бірінші сөйлемінде баяндалған жалпы қағидаларға сәйкес келісімге қол жеткізу процесінде қолдана алады.

#### *4-тармақ*

XI баптың 2-тармағының соңғы тармақшасына байланысты "айрықша факторларға" жататын ескертпені қараңыз.

### **XIV-БАПҚА**

#### *1-тармақ*

Осы тармақтың ережелері КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ XVIII баптың 4-тармағында көзделген кеңес беру барысында импорттық шектеулер саласындағы шектеудің сипатын, салдарын және себептерін толық қарастыруға кедергі келтіретіндей түсіндірілмеуі тиіс.

#### *2-тармақ*

2-тармақта көзделген жағдаяттардың бірі келісуші тарапта ағымдағы операциялар нәтижесінде туындаған авуарлар бар екендігіне тұрады, олар шектеу шараларынсыз пайдалануды мүмкін емес.

### **XV-БАПҚА**

#### *4-тармақ*

"Бұзу" сөзімен, мысалы, егер практикада осы баптың мақсаттарынан елеулі ауытқу болмаса, валюталық іс-шаралар арқылы осы Келісімнің кез келген бабының мәтінін бұзу осы бапты бұзушылық ретінде қарастырылмайтындығын көрсету түсіндіріледі. Осылайша, келісуші тараптың Халықаралық валюта қоры туралы Келісімнің Баптарына сәйкес жүргізетін валюталық бақылауы шеңберіндегі әрекеттері өз экспорты үшін меншікті валютасында немесе Халықаралық валюта қорының бір немесе бірнеше

мүшесінің валютасында төлем алуын талап етеді, бұл XI бапқа немесе XII бапқа қайшы келеді деп саналмайды. Келісуші тарап өзінің импорттық лицензия жүйесінде қандай да бір қосымша шектеу элементтерін енгізу мақсатында емес, рұқсат етілген валюталық бақылау жүргізуді іске асыру үшін импорттық лицензияда тауардың қандай елдерден әкелінетін көрсету жағдайы келесі мысал болады.

## **XVI-БАПҚА**

Ұқсас тауар ішкі тұтынуға арналған кезде қолданылатын баж салығынан немесе салықтардан экспортталған тауарды босату немесе мұндай баж салықтарын немесе салықтарды енгізілген сомадан аспайтын сомада өтеу субсидия ретінде қарастырылмайды.

### *В тарауы*

1. В тарауының ешқандай ережелері келісуші тараптың Халықаралық валюта қоры туралы Келісімнің Баптарына сәйкес көптеген валюта бағамдарын қолдану мүмкіндігін жоққа шығармайды.

2. В тарауының мақсаттары үшін "шикізат тауар" дегеніміз кез келген ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы немесе балық аулау өнімдері, сондай-ақ табиғи түріндегі не болмаса халықаралық нарықта елеулі көлемде сату үшін даярлауға талап етілетін өңдеуге ұшыраған кез келген минералды шикізат.

### *3-тармақ*

1. Келісуші тараптың қарастырылып отырған тауарды алдыңғы репрезентативті кезең ішінде экспорттамау фактісі осы келісуші тараптың осы тауар саудасындағы үлесі алу құқығын дәлелдеуге кедергі болмауы тиіс.

2. Егер КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР келесілерді белгілесе, экспорттық бағалардың қозғалысына қарамастан отандық шикізат тауарлары өндірушілерінің ішкі бағасын немесе табыстарын тұрақтандыру жүйесі, соның нәтижесінде тауардың экспортта ішкі нарықта сатып алушылар үшін ұқсас тауарға тағайындалатын салыстырмалы бағадан төмен бағамен сатылуы 3-тармаққа сәйкес экспортты субсидиялау ретінде қарастырылмайды:

(а) бұл жүйенің нәтижесінде тауар экспортқа ішкі нарықтағы сатып алушылар үшін ұқсас тауарға тағайындалған салыстырмалы бағадан жоғары бағада сатылатындай жобалануы керек; және

(б) бұл жүйе өндірісті тиімді реттеудің арқасында жұмыс істейді немесе экспортты тиісті түрде ынталандырмайды немесе өзгеше түрде басқа да келісуші тараптардың мүддесіне елеулі залал келтірмейді.

КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ осындай анықтамасына қарамастан, осындай жүйеге сәйкес жүргізілетін іс-шаралар тиісті тауар өндірушілерден жиналған қаражатқа қосымша үкімет қаражатынан толығымен немесе жартылай қаржыландырылған кезде 3-тармақтың ережелеріне бағынады.

#### *4-тармақ*

4 тармақтың мақсаты келісуші тараптар 1957 жылдың аяғына дейін 1958 жылғы 1 қаңтардан барлық қалған субсидияларды алып тастау туралы келісімге қол жеткізуге ұмтылу; немесе егер бұл орындалмаса, онда олар осындай келісімге қол жеткізе алу мүмкін деп күтілетін мерзімнен кейінгі күнге дейін мораторий мерзімін ұзарту туралы келісімге қол жеткізу болып табылады.

### **XVII-БАПҚА**

#### *1-тармақ*

Келісуші тараптар құрған және сатып алу және сатумен айналысатын маркетинг бойынша ұйымдардың операциялары (а) және (b)-тармақшаларының ережелеріне бағынады.

Келісуші тараптар құрған және сатып алу немесе сатумен айналыспайтын, тек қана жеке саудаға қатысты қағидалар белгілейтін маркетинг бойынша ұйымдардың қызметі осы Келісімнің тиісті баптарымен реттеледі.

Мемлекеттік кәсіпорынның түрлі нарықтардағы қандай да бір тауарды сатуға түрлі бағаларды белгілеуін осы баптың ережелері жоққа шығармайды, ұл ретте, түрлі бағалар коммерциялық себептер бойынша экспорт нарықтарындағы сұраныс пен ұсыныс шарттарына сәйкес белгіленеді.

#### *1 (a)-тармақ*

Сыртқы сауданы жүзеге асыру сапасы мен тиімділігі стандарттарын қамтамасыз ету үшін жүргізілетін үкіметтік іс-шаралар немесе ұлттық табиғи ресурстарды пайдалануға ұсынылған, бірақ үкіметке осы кәсіпорынның сауда қызметіне бақылау жүргізуге құқық бермейтін артықшылықтар "айрықша немесе арнайы артықшылықтар" болып табылмайды.

#### *1 (b)-тармақ*

"Байланысты займ" алған ел осы займның шетелде сатып алу бойынша талабын " коммерциялық ұғым" ретінде қабылдай алады.

#### *2-тармақ*

"Тауарлар" ұғымы коммерциялық практикада түсіндірілетіндей тауарларға ғана жатады және қызметтерді сатып алуға-сату енгізілмейді.

#### *3-тармақ*

Келісуші тараптар осы тармаққа сәйкес жүргізуге келіскен келіссөздердің міндеті импорт немесе экспортқа кеден баж салықтарын және басқа да алымдарды азайту немесе осы Келісім ережелеріне сәйкес өзара тиімді басқа да кез келген келісім жасау болуы мүмкін (II баптың 4-тармағын және осы тармаққа ескертпені қараңыз).

#### *4 (b)-тармақ*

"Импорттық үстеме баға" сөзі осы тармақта импорттық монополия импортталған тауарға белгілеген бағаның (III бапқа сәйкес ішкі салықтарды, тасымалдау, тарату

шығыстарын және сатып алумен, сатумен немесе әрі қарай өңдеумен байланысты басқа шығыстарды, сондай-ақ орынды кірісті қоспағанда) тиеп-түсірумен жеткізу бағасынан асып түсетін айырмашылықты білдіреді.

## **XVIII-БАПҚА**

КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР және мүдделі келісуші тараптар осы ап шеңберінде туындайтын мәселелерге қатысты қатаң құпиялықты сақтайды.

### *1 және 4-тармақтар*

1. КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР қандайда бір келісуші тараптың экономикасы шынымен де "тек қана төмен өмір сүру деңгейін сақтауы мүмкін" деген мәселені қарастыра отырып, осындай экономиканың қалыпты жағдайын назарға алады және өз анықтамасын, мысалы, негізгі экспорт тауарды немесе осындай келісуші тараптың тауарларын өткізу үшін айрықша қолайлы жағдайлардың уақытша қолданылу нәтижесі болып табылатын айрықша жағдайларға негіздемейді.

2. "Ерте даму сатысында" сөзі өзінің экономикалық дамуына енді кіріскен келісуші тараптарға ғана емес, шикізат тауарларын өндіруге шамадан тыс тәуелділікті жою мақсатында экономикасы индустрияландыру процесіндегі келісуші тараптарға да қолданылады.

### *2, 3, 7, 13 және 2- тармақтар*

Өнеркәсіптің жекелеген салаларын жасауға сілтеме өнеркәсіптің жаңа саласын жасауға ғана емес, сондай-ақ қолданыстағы өнеркәсіпте жаңа өндірісті ұйымдастыруға, өнеркәсіптің қолданыстағы саласын елеулі түрлендіруге және ішкі сұраныстың азғана үлесін қанағаттандыратын өнеркәсіптің қолданыстағы саласында өндірісті елеулі кеңейтуге қатысты. Сондай-ақ ол әскери іс-қимылдар немесе табиғи апаттардың нәтижесінде бұзылған немесе елеулі зақымдалған өнеркәсіпті қайта құруды қамтиды.

### *7 (b)-тармақ*

7 (b)-тармаққа сәйкес келісуші тарап-өтініш берушіден басқа келісуші тараптың 7 (a)-тармақта айтылған басқаға беруді өзгерту немесе қайтарып алу келісуші тарап-өтініш еруші тиісті іс-әрекеттер қабылданған күннен бастап алты ай ішінде жүзеге асырылады және олар КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРҒА басқаға берулерді мұндай өзгерту немесе қайтарып ау туралы хабарланғаннан кейінгі отызыншы күні қолданылады.

### *1- тармақ*

11-тармақтағы екінші сөйлем егер мұндай азайту немесе алып тастау осыдан кейін XVIII баптың 9-тармағына сәйкес шектеулерді сәйкесінше күшейтуді немесе енгізуді ақтайтын жағдайлар жасайтын болса, келісуші тараптан шектеулерді азайтуды немесе алып тастауды талап ететіндігін білдіретіндей түсіндірілмеуі тиіс.

### *12 (b)-тармақ*

12 (b)-тармақта айтылған күн КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР осы Келісімнің XII бабы 4 (b)-тармағының ережелеріне сәйкес белгілеген күн болып табылады.

### *13 және 14-тармақтар*

Келісуші тарапқа шараларды енгізу туралы шешім қабылдағанға және 14 -армаққа сәйкес КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРҒА хабарлағанға дейін өнеркәсіптің тиісті саласының бәсекеге қабілеттігін анықтау үшін жеткілікті уақыт кезеңі талап етілуі мүмкін.

### *15 және 16-тармақтар*

КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР С тарауына сәйкес шараны қабылдауды ұсынатын келісуші тарапты 16-тармаққа сәйкес онымен кеңесуге шақырады, бұл жағдайда бұл туралы айтылған шарамен саудасы елеулі қозғалатын келісуші тарап өтініш білдіреді.

### *16, 18, 19 және 22 -тармақтар*

1. КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ белгілі бір шарттардың немесе шектеулердің сақталуы кезінде ұсынылған шарамен келісуі мүмкін екендігі айтылады. Егер шараны қолдану кезінде келісім берілген шарттарға сәйкес болмайтын болса, онда осы шеңберде олар КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР келісім бермеген шара болып есептеледі. КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР белгілі бір мерзімде шараға келісім берген жағдайларда, мүдделі келісуші тарап осы шара бастапқыда қабылданған мақсаттарға қол жеткізу үшін әрі қарайғы уақыт кезеңінде шараның қолданылуын сақтау талап етіледі деп санаса, КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДАН жағдайға байланысты С немесе D тарауларының ережелері мен рәсімдеріне сәйкес шараның қолданылу мерзімін ұзартуды сұрауы мүмкін.

2. Әдетте, КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР келісуші тараптың экономикасы елеулі тәуелді шикізат тауарының экспортына ауқымды залал тигізуі мүмкін шараны мақұлдаудан бас тартатын болады деп күтіледі.

### *18 және 22-тармақтар*

"басқа келісуші тараптардың мүдделері жеткілікті деңгейде қорғалған" сөзі әрбір жекелеген жағдайда мұндай мүдделерді қорғаудың ең тиімді әдісін қарастыру үшін жеткілікті кең шеңберді қамтамасыз етуді білдіреді. Мұндай тиімді әдіс, мысалы осы Келісімнің басқа баптарынан ауытқу күші сақталған мерзімде С немесе D тарауларының ережелеріне сүйенген келісуші тарап ұсынған қосымша басқаға беру түрінде немесе 18-тармақта айтылған басқа келісуші тараптың мәні бойынша айтылған шараны қабылдаудан туындаған төмендеуге тең басқаға беруді уақытша тоқтату түрінде болуы мүмкін. Мұндай келісуші тарап өз мүддесін басқаға беруді осылай уақытша тоқтату жолымен қамтамасыз етуге құқылы; бұл жағдайда осы құқық келісуші тарап 4 (а)-тармақтың ережелеріне сәйкес енгізілген шара туралы айтылғанда және КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР ұсынылған өтемақылық басқаға берудің көлемі жеткілікті болып табылады деп белгілеген жағдайда пайдаланылмайды.

### *19-тармақ*

19-тармақтың ережелері өнеркәсіп саласы "оңтайлы уақыт кезеңінен" артық қолданылатын жағдайларды қосуға арналған, оған 13 және 14-тармақтарға ескертпеде сілтеме бар және олар XVIII баптың 4 (а) тармағына жататын келісуші тарапты егер

тіпті ол төлем балансы себептері бойынша импорттық шектеулер нәтижесінде қорғаудан табыс алған болса да, өнеркәсіптің қайта құрылған саласына қатысты 17-тармақты қоса алғанда С тарауының басқа ережелеріне сүйену құқығынан айыратындай етіп түсіндірілмеуі тиіс.

#### *21-тармақ*

21-тармақтың ережелеріне сәйкес қабылданған кез келген шара, егер 17-тармаққа сәйкес қабылданған шара күші жойылған болса немесе КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР 17-тармақта көрсетілген тоқсан күн мерзім өткеннен кейін ұсынылған шараға келісім берсе, дереу күші жойылатын болады.

### **XX-БАПҚА**

#### *(h)-тармақша*

Осы тармақшада көзделген ерекшелік Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің 1947 жылғы 28 наурыздағы 30 (IV) қарарымен мақұлданған қағидаттарға сәйкес келген кез келген тауар келісіміне қолданылады.

### **XXIV-БАПҚА**

#### *9-тармақ*

I баптың ережелері кеден одағы немесе еркін сауда аймағы мүшесінің аумағына артықшылықты баж салығы мөлшерлемесі бойынша импортталған тауар осындай одақ немесе аймақтың басқа мүшесінің аумағына қайта экспортталған жағдайда, соңғысы төленген баж салығы мен егер тауар оның аумағына тікелей әкелінетін болса төленуі тиіс одан жоғары баж салығы арасындағы айырмашылыққа тең баж салығын алуы тиіс екендігін талап етуі түсіндіріледі.

#### *11-тармақ*

Үндістан мен Пәкістан арасындағы сауда туралы түпкілікті келісімді орындау мақсатында қабылданған шаралар, олар бұл туралы келіскеннен кейін осы Келісімнің жекелеген ережелеріне ауытқуы мүмкін, бірақ тұтас алғанда бұл шаралар Келісімнің мақсаттарына сәйкес келуі тиіс.

### **XXVIII-БАПҚА**

КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР және әрбір мүдделі келісуші тарап болжанған тарифтік өзгерістердің алдын ала ашылуын болдырмау үшін барынша ықтимал құпиялылықты сақтай отырып, келіссөздер мен кеңесулер өткізуді ұйымдастыруы тиіс. КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР осы бапты қолдану нәтижесінде болған ұлттық тарифтердегі барлық өзгерістер туралы дереу хабарландыруы тиіс.

#### *1-тармақ*

1. Егер КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР үшжылдық кезеңнен басқа кезең белгілесе, онда келісуші тарап осындай басқа кезең өткеннен кейін бірінші күні XXVIII баптың 1 немесе 3-тармағына сәйкес әрекет ете алады және егер КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР қайтадан өзге кезең белгілемесе, онда осындай белгіленген кезең өткеннен кейінгі кезеңдер үшжылдық болуы тиіс.

2. 1958 ж. 1 қаңтардан немесе 1 тармаққа сәйкес анықталған басқа күннен бастап келісуші тарап "басқаға беруді өзгертуі немесе қайтарып алуы мүмкін" осы күннен және әр кезең өткеннен кейін бірінші күннен бастап II бапқа сәйкес мұндай келісуші тараптың заңды міндеттемесі өзгереді дегенді білдіреді; бұл оның кедендік тарифіндегі өзгерістер осы күннен бастап күшіне енуі тиіс дегенді білдірмейді. Егер осы бапқа сәйкес өткізілген келіссөздер нәтижесінде тарифті өзгерту кейінге қалдырылса, онда өтемақы ретінде ұсынылған кез келген басқаға берулердің күшіне енгізілуі тиісті түрде кейінге қалдырылуы мүмкін.

3. 1958 ж. 1 қаңтарға дейін алты айдан бұрын емес және үш айдан кешіктірмей немесе кез келген келесі кезеңнің өту мерзіміне дейін тиісті Тізбеге енгізілген, басқаға беруді өзгертуді немесе қайтарып алуды қалайтын келісуші тарап бұл туралы КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРҒА хабарлайды. Бұл жағдайда, КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР 1-тармақта айтылған келіссөздер немесе кеңесулер қандай келісуші тараппен немесе қандай келісуші тараптармен өткізілуі тиіс екендігін анықтайды. Осылайша анықталған кез келген келісуші тарап кезең өткенге дейін келісімге қол жеткізу мақсатында келісуші тарап-өтініш берушімен мұндай келіссөздерге немесе кеңесулерге қатысады. Тізбелер қолданылуының расталған мерзімін кез келген ұзарту XXVIII баптың 1, 2 және 3-тармақтарына сәйкес мұндай келіссөздерден кейін енгізілген өзгерістер бар Тізбелерге жатады. Егер КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР 1958 жылғы 1 қаңтарға дейін немесе 1-тармаққа сәйкес белгіленген кез келген басқа күнге дейін алты ай кезең ішінде көпжақты тарифтік келіссөздерді ұйымдастыраса, олар мұндай келіссөздерді ұйымдастыру кезінде осы тармақта айтылған келіссөздерді өткізу туралы қажетті рәсімдерді қарастырады.

4. Бастапқыда басқаға беру келісілген кез келген келісуші тарапқа қосымша, негізгі мүдделі жеткізуші болып табылатын келісуші тараптың келіссөздерге қатысуына себепші болған мақсат бастапқыда басқаға беру келісілген келісуші тарапқа қарағанда, саудада ең ірі үлесті алатын келісуші тарапқа осы Келісімге сәйкес пайдаланатын шартты құқығын қорғау үшін нақты мүмкіндікті қамтамасыз ету болып табылады. Екінші жағынан, келіссөздердің XXVIII бап бойынша келіссөздер жүргізу және келісімге қол жеткізу үшін шамадан тыс қиындықтар туғызатындай не болмаса осы бапқа сәйкес келіссөздер нәтижесі болатын асқаға берулерге болашақта осы аптың қолданылуын күрделендіретіндей ауқымда болуын білдірмейді. Сәйкесінше, КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР егер осы келісуші тарап келіссөздер басталғанға дейін белгілі бір уақыт кезеңінде бастапқыда басқаға беру келісілген келісуші тарапқа қарағанда

келісуші тарап-өтініш берушінің нарығында ірі үлесті алса немесе КЕЛІСУШІ ТАРАПТЫҢ пікірі бойынша келісуші тарап-өтініш беруші қолданатын сандық шектеу болмағанда бұрынғыдан ірі үлесті алатын болса, келісуші тарап негізгі мүдделі жеткізуші болып табылатындығын ғана анықтауы тиіс. Сондықтан КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР үшін негізгі мүдделі жеткізуші болып табылатын бірден артық келісуші тарапты белгілеу орынсыз болар еді немесе айрықша жағдайларда сауда көлемінде толық теңдік болған кезде, екеуден көп келісуші тарапта мұндай мүдделілік болуы мүмкін.

5. 1-тармаққа 4-ескертпедегі негізгі мүдделі жеткізуші анықтамасына қарамастан, КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР ерекшелік ретінде, егер айтылып отырған басқаға беру мұндай келісуші тараптың барлық экспортының негізгі үлесін құрайтын сауданы қозғаса, келісуші тарап негізгі мүдделі жеткізуші болып табылады деп белгілеуі мүмкін.

6. Негізгі мүдделі жеткізуші болып табылатын келісуші тараптың келіссөздерге қатысуы туралы және келісуші тарап-өтініш беруші өзгертуге немесе қайтарып алуға ниет білдірген басқаға беруге елеулі мүдделі болып табылатын кез келген келісуші тараппен кеңесу туралы ережелер олар өтемақы ұсынуға тиіс болатын немесе келісуші тарап-өтініш беруші қолданатын кез келген сандық шектеулерді ескере отырып, қайтарып алу немесе өзгерту туралы ұсыныс енгізу сәтінде сауда жағдайында бағаланатын, басқаға беруді қайтарып алу немесе өзгерту құрайтын мөлшерден көп кері шаралардан зардап шегетін жағдайлардың салдары болуын білдірмейді.

7. "Елеулі мүдделі" сөзі нақты анықтамаға сәйкес келмейді және тиісінше КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР үшін қиындық туғызуы мүмкін. Алайда, оны басқаға беруді өзгертуге немесе қайратып алуға ниет білдірген келісуші тараптың нарығында елеулі үлес алатын немесе экспортты қозғайтын сандық шектеулер болмаған кезде елеулі үлес алуы мүмкін келісуші тараптарды ғана қамтитындай қолданылуын білдіреді.

#### *4-тармақ*

1. Келіссөздерге түсуге рұқсат беру туралы кез келген өтініш барлық тиісті статистикалық және басқа да деректерді ұсынумен қатар жүреді. Мұндай өтініш туралы шешім берілген күнінен бастап отыз күн ішінде қабылданады.

2. Салыстырмалы түрде аздаған шикізат тауарларына едәуір тәуелді және тарифке олардың экономикасын әртараптандыруда маңызды көмек құралы немесе табыстың маңызды көзі ретінде сүйенетін кейбір келісуші тараптарға тек қана XXVIII баптың 1-тармағына сәйкес басқаға берулерді өзгерту немесе қайтарып алу туралы келіссөздерді қарапайым жолмен өткізуге рұқсат ету оларды осы уақытта ұзақмерзімді келешекте қажетті болмайтын өзгерістер жасауға немесе қайтарып алуға мәжбүр етуі мүмкін. Мұндай жағдайды болдырмас үшін КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР кез келген мұндай келісуші тарапқа 4-тармаққа сәйкес келіссөздер жасауға рұқсат етеді, осы ретте бұл

тарифтердің деңгейін арттыруға әкеп соғады немесе едәуір ықпал етпеуі тиіс, бұл осы Келісімге қоса берілген Тізбенің тұрақтылығына қауіп туғызуы не болмаса халықаралық сауданың шамадан тыс бұзуы мүмкін.

3. 4-тармаққа сәйкес рұқсат етілген, бір тарифтік позицияға немесе позицияның аздаған тобына қатысты басқаға беруді өзгертуге немесе қайтарып алуға арналған келіссөздер әдетте алпыс күн ішінде аяқталуы мүмкін деп күтіледі. Алайда, мұндай мерзім позициялардың басым санына қатысты басқаға берулерді өзгерту немесе қайтарып алу туралы келіссөздерге байланысты жағдайларда жеткіліксіз болып саналады және тиісінше, бұл жағдайларда КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР ҮШІН одан да ұзақ мерзімді белгілеу орынды.

4. 4(d)-тармаққа сілтеме жасалған анықтаманы КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР егер келісуші тарап-өтініш беруші одан да ұзақ мерзімге келісім бермесе, олардың қарауына мәселе ұсынылған сәтінен отыз күн ішінде шығарады.

5. 4 (d)-тармаққа сәйкес келісуші тарап-өтініш беруші орынды негіздемесіз жеткілікті өтемақы ұсынбағаны анықталған кезде, КЕЛІСУШІ ТАРАПТАР өз тарифтерінің басым бөлігін өте төмен деңгейде байланыстырған және осыған қатысты басқа келісуші тараптарға қарағанда өтемақы төлемдерін жасау мүмкіндігі аз келісуші тараптың айрықша позициясын тиісті түрде ескеретіндігін білдіреді.

## **XXVIII bis-БАПҚА**

### *3-тармақ*

Қазыналық сипаттағы қажеттіліктерге сілтемеге табыс көзі ретінде баж салығының, әсіресе алдымен табыс ретінде белгіленген баж салығының немесе мұндай баж салығын төлеуден бұлтаруды болдырмау үшін қазыналық баж салығы салынатын тауарлармен алмастырылуы мүмкін тауарларға белгіленген баж салығының рөлі кіреді.

## **XXIX-БАПҚА**

### *1-тармақ*

Гавана жарғысының VII және VIII тараулары негізінен Халықаралық сауда ұйымының ұйымдастыру қағидаттары, қызметтері мен рәсімдерін баяндауына байланысты 1-тармақтан алынып тасталды.

## **IV-БӨЛІМГЕ**

"Дамыған келісуші тараптар" сөздері және "аз дамыған келісуші тараптар" сөздері IV бөлімде қолданатындай, Тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісімнің тараптары болып табылатын дамыған және аз дамыған елдерге қатысты ретінде түсіну керек.

## **XXXVI-БАПҚА**

### *1-тармақ*

Осы баптың негіздемесі I бөлімді және XXIX және XXX баптарды өзгерту туралы Хаттаманың I тармағы А тарауында, осы Хаттама күшіне енгізілгеннен кейін өзгертілген түрінде I бапта баяндалған мақсаттар болып табылады<sup>12</sup>.

### *4-тармақ*

"шикізат тауарлары" сөзіне ауылшаруашылық өнімдері кіреді, В тарауы, XVI бапқа ескертпенің 2-тармағын қараңыз.

### *5-тармақ*

Тұтас алған әртараптандыру бағдарламасына нақты келісуші тараптың жағдайын, сондай-ақ түрлі шикізат тауарларын өндірудің және тұтынудың әлемдік перспективаларын назарға ала отырып, шикізат тауарларын өңдеу және өңдеу өнеркәсібін дамыту бойынша қызметті нығайту кіреді.

### *8-тармақ*

"өзара тиімділікті күтпейді" сөзі осы бапта баяндалған мақсаттарға сәйкес, аз дамыған келісуші тараптардан бұрынғы саудадағы жағдайын ескере отырып, сауда келіссөздері процесіне осы елдердің жеке дамуына, олардың қаржы және сауда мұқтаждықтарына сәйкес келмейтін үлес қосу күтілмейді дегенді білдіреді.

Бұл тармақ XXVIII баптың А тарауына, XXVIII bis бабына (XXIX бап I бөлімді және XXIX және XXX<sup>13</sup> баптарды өзгерту туралы Хаттаманың I тармағының А тарауында аталған түзетулер енгізілгеннен кейін күшіне енгізілуі тиіс), XXXIII бапқа немесе осы Келісімге сәйкес басқа да кез келген рәсімге сәйкес шара қабылдау жағдайында қолданылуы мүмкін.

---

<sup>12</sup>1968 ж. 1 қаңтарда осы Хаттаманың күші жойылды.

<sup>13</sup>1968 ж. 1 қаңтарда осы Хаттаманың күші жойылды.

## **XXXVII- БАПҚА**

### *1 (a)-тармақ*

Бұл тармақ XXVIII, XXVIII bis баптарға (XXIX бап I бөлімді және XXIX және XXX баптарды өзгерту туралы Хаттаманың I-тармағының А тарауында аталған түзетулер енгізілгеннен кейін күшіне енгізілуі тиіс) және XXXIII бапқа сәйкес тарифтерді немесе сауданы реттеудің басқа да шектеу шараларын азайту немесе алып тастау туралы келіссөздер жағдайында, сондай-ақ келісуші тараптар қабылдауға дайын азайту немесе алып тастауға бағытталған басқа да іс-әрекеттерге байланысты қолданылуы мүмкін.

### *3 (b)-тармақ*

Осы тармақта айтылған басқа шаралар ішкі құрылымдық өзгерістерге ықпал етуге, белгілі бір тауарларды тұтынуды ынталандыруға немесе сауда ықпал ету шараларын енгізуге бағытталған қадамдардан тұруы мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК